

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасы

А.М. Шөрентаев

Қазіргі шетел журналистикасы

Оқу-әдістемелік құрал



Қостанай, 2021

УДК 070 (075.8)
ББК 76.0 (5 қаз)
Ш 86

Авторы:

Шөрентаев Аманкелді Мейрамұлы, журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасы меңгерушісінің м.а., PhD докторы

Рецензенттер:

Кәкімжанов Жұматай Төкенұлы, «Қостанай таңы» облыстық газеті бас редакторының орынбасары, әлеуметтік білім магистрі;

Шаяхмет Ақылбек Қожаұлы, журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты;

Жусупова Алматый Мергенбаевна, журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.

Шөрентаев А.М.

Ш 86 Қазіргі шетел журналистикасы. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, 2021. – 117 бет.

ISBN 9965-25-878-3

Ұсынылып отырған оқулықтан қазіргі шетел журналистикасының қалыптасуы және даму сатыларымен, жаңалықтар индустриясымен таныса отырып, әр ел журналистерінің кәсіптік шеберлігінен, әдіс-тәсілдерінен жан-жақты мағлұмат алуға болады.

Бұл еңбек негізінен университеттің журналистика мамандығының білім алушылары мен шетел БАҚ-пен жақынырақ танысқысы келетін жалпы оқырманға арналған.

УДК 070 (075.8)
ББК 76.0 (5 қаз)

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ғылыми-әдістемелік кеңесімен бекітілген, хаттама 30 қараша 2021 ж. №7

ISBN 9965-25-878-3

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай
өңірлік университеті,
© Шөрентаев А.М., 2021

Мазмұны

Кіріспе.....	5
1-тақырып. Қазіргі Канада журналистикасы.....	6
1.1 Бақылау сұрақтары.....	8
1.2 Тест.....	9
2-тақырып. Қазіргі Мексика журналистикасы.....	11
2.1 Бақылау сұрақтары.....	11
2.2 Тест.....	12
3-тақырып. Қазіргі Литва журналистикасы	12
3.1 Бақылау сұрақтары.....	14
3.2 Тест.....	14
4-тақырып. Қазіргі Греция журналистикасы.....	15
3.1 Бақылау сұрақтары.....	17
3.2 Тест.....	18
5-тақырып. Қазіргі Румыния журналистикасы	19
5.1 Бақылау сұрақтары.....	20
5.2 Тест.....	20
6-тақырып. Қазіргі Түркия журналистикасы	22
6.1 Бақылау сұрақтары.....	25
6.2 Тест.....	25
7-тақырып. Қазіргі Беларусь журналистикасы	26
7.1 Бақылау сұрақтары.....	30
7.2 Тест.....	30
8-тақырып. Қазіргі Сингапур журналистикасы	32
8.1 Бақылау сұрақтары.....	34
8.2 Тест.....	34
9-тақырып. Қазіргі Болгария журналистикасы.....	35
9.1 Бақылау сұрақтары.....	41
9.2 Тест.....	41
10-тақырып. Қазіргі Пәкістан журналистикасы.....	42
10.1 Бақылау сұрақтары.....	46

10.2 Тест.....	46
11-тақырып. Қазіргі Үндістан журналистикасы.....	48
11.1 Бақылау сұрақтары	53
11.2 Тест.....	53
12-тақырып. Қазіргі Австралия журналистикасы	54
12.1 Бақылау сұрақтары	58
12.2 Тест.....	58
13-тақырып. Қазіргі Польша журналистикасы	59
13.1 Бақылау сұрақтары	69
13.2 Тест.....	69
14-тақырып. Қазіргі Украина журналистикасы	70
14.1 Бақылау сұрақтары	79
14.2 Тест.....	79
15-тақырып. Қазіргі Испания журналистикасы	81
15.1 Бақылау сұрақтары	84
15.2 Тест.....	84
16-тақырып. Қазіргі Тайланд журналистикасы	86
16.1 Бақылау сұрақтары	88
16.2 Тест.....	88
17-тақырып. Қазіргі Ауғаныстан журналистикасы	89
17.1 Бақылау сұрақтары	90
17.2 Тест.....	90
18-тақырып. Қазіргі АҚШ журналистикасы.....	92
18.1 Бақылау сұрақтары	107
18.2 Тест.....	107
19-тақырып. Қазіргі Франция журналистикасы	109
19.1 Бақылау сұрақтары	111
19.2 Тест.....	111
20-тақырып. Қазіргі Ұлыбритания журналистикасы.....	112
20.1 Бақылау сұрақтары	115
20.2 Тест.....	115
21. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	117

Кіріспе

«Қазіргі шетел журналистикасы» пәні журналистика тарихы бойынша өтілетін курстың бір бөлігі. Әлем журналистикасының тарихы бойынша оның ішінде қазақ тілінде әдебиеттің жетіспеушілігі тек студенттерге ғана емес осы салада дәріс оқитын оқытушыларға да айтарлықтай қиындықтар туғызып отыр. Осыған байланысты аталмыш кітапшаны шығаруды қолға алған едік. Ұсынылып отырған оқу құралынан қазіргі шетел журналистикасының қалыптасуы және даму сатыларымен, жаңалықтар индустриясы технологиясымен таныса отырып, әр ел журналистерінің кәсіптік шеберлігінен, әдіс-тәсілдерінен жан-жақты мағлұмат алуға болады. Негізінен бұл кітапшада соңғы шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының (орыс тіліндегі көптеген әдеби оқулықтарды, монографиялар мен мұрағаттық материалдарды пайдалана отырып) ауқымды мәселелерін, бүгінгі бет-бейнесі мен жалпы баршылық оқырманға әр елдің қысқаша географиялық, экономикалық және діни мәселелері мен БАҚ-ты байланыстыра қарауды тиімді екенін түсіне отырып, әр салалардан ұғым-түсініктер беріп, әлі ашылмай жатқан тұстарға да ой жіберіп көрдік.

Білім алушылар оқу құралынан әр елдің бұқаралық ақпарат құралдарының даму ерекшеліктерімен таныса отырып, салыстыра байыптау арқылы, өзінің өмірлік тәжірибесіне қажеттісін қабылдай отырып және қазіргі шетел журналистикасының маңызды проблемалары бойынша зерттеу жұмыстарында қолдануға мүмкіндік алады.

Қазіргі Канада журналистикасы

Канада жер көлемі әлем бойынша екінші орында (Ресейден кейін). Жалпы территориясы - 9.970 мың шаршы шақырым.

Канада үш жағынан Тұңық, Атлант және Солтүстік-Мұзды мұхиттарымен жуылып жатыр. Оңтүстігінде АҚШ-пен шекараласады. Астанасы - Оттава қаласы. Жалпы халық саны – 28 млн. 897 мың адам (1999 ж.) Халықтың 80% елдің оңтүстігінде тұрақтаған, 37% ағылшын, 32% француз ұрпақтары. Мемлекеттік тілі - ағылшын және француз тілдері.

Баспасөз.

Канада газеттерінің басым көпшілігі ағылшын және француз тілдерінде шығарылады. Газеттердің шығарылу және мазмұны жағынан АҚШ газеттерімен ұқсас болып келеді. Қазіргі кезде Канада елінде 120 күнделікті және 1100 апталық газеттері халыққа қызмет етеді.

Газет трестері – *Sauthom Inc. and Thomson Newspapers* – ұлттық күнделікті газеттердің жартысына иеленеді және тарату жағынан бақылаушылық жұмыстарын атқарады. Тағы екі газет трестерін атап өтуге болады. Олар: *Канадиан Пресс* және *Бритши Юнайтед Пресс*.

Ағылшын тілінде шығатын ең беделді газеттері: «*Gazette*» (Монреаль), «*Stop*» және «*Globe and Mail*» (Торонто). Франция тілінде шығатын ең ірі газет: «*La Presse*» (Монреаль).



Статистика: күнделікті газеттің таралымы - 1000 оқырманға 189 дана.

Радиожурналистика.

Канада елінде мемлекеттік және жекеменшік радиостанциялар жұмыс істейді. 80-ы жылдары Канада әлем бойынша радио және теледидар саны жағынан үшінші орында еді. Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек бір адамға бір радиоқабылдағыштан келеді екен.

«*Ganadian Broadcasting Corporation*» (CBC) – мемлекеттік радиостанцияларды әртүрлі бағдарламалармен қамтып отырады.

Тележурналистика.

Канада теледидары өзінің жұмысын 1952 жылы бастайды. Канада телеиндустриясының орталықтары болып Торонто және Монреаль қалалары саналады. Тұрғындардың 90% теледидармен қамтылған.

«**The Canadian Brodcastion Corporation**» (CBC) – 1936 жылы құрылған мемлекеттік корпорациясы екі ұлттық телеарналарға (бірі - ағылшын, ал екіншісі - франция тіліндегі) иеленеді. Канада үкіметі CBC қызметінің 80% қаржыландырады, ал қалған қаржы жарнамадан түседі екен.



«**The CTV Television Network**» - тағы бір ірі мемлекеттік корпорациясының 23-ке жақын филиалдары бар.

Сонымен қатар Канада елінде 70-ке жуық жекеменшік телеарналары жұмыс істейді. Жалпы Канада телеарналарынан АҚШ-та берілетін бүкіл телебағдарламаларды көруге болады.



Бақылау сұрақтары:

1. Канада елінің газеттері қандай тілде шығарылды?
2. Радио мен теледидар санынан нешінші орын алады?
3. The CTV Television Network корпорацияның неше филиалы бар?

Тест

1. Латындық Америка елдері бойынша телехикаялар түсіруден бірінші орынды иеленген мемлекетті атаңыз?
 - A) Канада
 - B) Франция
 - C) Бразилия
 - D) Мексика
 - E) Жапония
2. Канада газеттерінің шығару және мазмұны жағынан қай мемлекеттің басылымдарымен ұқсас болып келеді?
 - A) АҚШ
 - B) Жапония
 - C) Қытай
 - D) Мексика
 - E) Италия
3. 1980 –ы жылдары Канада әлем бойынша радио және ТД саны жағынан нешінші орынды иеленеді?
 - A) 1-нші орында
 - B) 2-ші орында
 - C) 3-ші орында
 - D) 4-ші орында
 - E) 5-ші орында
4. Соңғы статистикалық мәліметтері сүйенсек Канада елінде бір адамға қанша радиоқабылдағыштан келеді екен?
 - A) біреуден
 - B) екеуден
 - C) үшеуден
 - D) төртеуден

Е) бесеуден

5. Канада елінде қанша жекеменшік телеарналар жұмыс істейді?

A) 2

B) 10

C) 30

D) 50

E) 70

6. Канада ТД өзінің жұмысың қай жылы бастайды?

A) 1938ж

B) 1945ж

C) 1952ж

D) 1967ж

E) 1991ж

7. Канада елінде 1000 оқырманға қанша газеттен келеді екен?

A) 10

B) 80

C) 100

D) 189

E) 320

Қазіргі Мексика журналистикасы

Мексиканың ресми тілі - испан тілі. Астанасы - Мехико қаласы (астана тұрғындары - 10 млн. 263 мың адам).

Баспасөз.

Мексикада қазіргі уақытта 500-ге жуық газет шығарылады, олардың жалпы жылдық тиражы 1 млн. дана. Ал елде шығатын журналдардың саны 200-ге жетеді.

Газеттері.

«Эль Дия» («Күн») - ең беделді газеттердің бірі. Газет 1962 жылдан бері Мехико қаласында 75 мың тиражымен шығып келеді.



«Уно мас уно» («Бір қосу бір») - күнделікті газет. Мексиканың зиялы деген қауымына арналған басылым. Газет 1977 жылы құрылып, Мехико қаласында 70 мың данамен шығады.

«Аси эс» («Бұл осылай») - апталық газет. Мексиканың социалистік партиясының басылымы. Газет 1982 жылдың қаңтар айынан Мехико қаласында шыға бастаған. Жалпы тиражы 25-30 мың дана.

Мехико қаласында әртүрлі саяси көзқараспен шығатын газеттер саны 300-ден асады.

Ең ірі газеттері:

«Эсто» («Бұл») - күнделікті спорттық газет. 1941 жылы құрылған, жалпы тиражы 400 мың дана, ал дүйсенбі күндері - 450 мың болып шығарылады.

«Эль Эральдо де Мехико» («Мексика жаршысы») – күнделікті газет. Негізі 1965 жылы құрылған. Тиражы - 209,6 мың дана.

«Эль Насьональ» («Ұлттық») - күнделікті газет. Үкіметтің ресми басылымы. 1929 жылдан бастап, 80 мың тиражымен шығып келеді.

«Новедарес» («Жаңалықтар») - күнделікті буржуазиялық газеті. Газеттің негізі 1936 жылы құрылған, ал 1950 жылы ағылшын тілінде «Ньюс» газеті шыға бастайды. Басылымның жалпы тиражы 205 мың дана, ал ағылшын тіліндегі газеттің таралымы 24,1 мың дана.

Журналдары.

«Просесо» («Жаңалықтар») - апталық журнал. Бұл басылымда саяси, әлеуметтік және мәдени жаңалықтар жарияланады. 1976 жылдан Мехико қаласында 30 мың тиражымен шығып келеді.

«Информасьонес» («Ақпарат») - айлық журнал. Мехико қаласында 3 мың данамен таратылады.

«Рэвиса Рэд» («Қызыл журнал») - компьютер жаңалықтары.

«Ла Насьон» («Ұлт») – екі аптада бір рет шығатын журнал. 1941 жылы құрылған, Мехико қаласында 15 мың данамен таратылады.

«Ла Республика» («Республика») - Институтты-революциялық партиясының басылымы. 1964 жылдан бастап 25 мың данамен шығып келеді.

Радиожурналистика.

Мексикада барлығы 72 радиостанция бар, оның 27-і Мехико қаласында орналасқан. Беделді радиостанциялары:

«Alta Radio – 91.3 FM» - автожүргізушілерге арналған радио.

«El Politicnico en radio 95.7 FM» - ұлттық политехникалық институтының радиосы.

«La Z-92.1 FM» - жастар радиосы.

«MFW Internet radio Estacion» - интернет радиосы.

«Monitor – 88.1 FM» - Мехико ақпараттық радиосы.

«Radio UNAM – 96.1 FM» - автономиялық ұлттық университетінің радиосы.

Тележурналистика.

Мехико - елдің ең басты телерадиоорталығы болып саналады. Бұл қалада Латындық Америка бойынша ең ірі телекомпаниялары орналасқан. Мексикада кабельдік және спутниктік теледидар жақсы дамыған. Сандық теледидар да даму үстінде.

Телехикаялар түсіруден Мексика Латындық Америка елдері бойынша бірінші орында, сондықтан телеарналарда телехикаялар жиі көрсетіледі.

«*CNI Canal 40*» телеарнасы - Мексиканың 162 қалалары көреді.

Ақпарат агенттігі.

«*Информасьонес Мехиканас*» (Инфомекс) - жекеменшік ақпараттық агенттігі. 1960 жылы Мехико қаласында құрылған. Агенттік ішкі және халықаралық ақпараттар жинағымен айналысады. Аталмыш агенттігі 50 газетті, 80 радиостанциялар мен 6 телеарнаны ақпаратпен қамтиды. Агенттікте 60-қа жуық қызметкер жұмыс атқарады. Мексиканың 20 қалаларында өз тілшілері бар, ал Парижде арнайы корпунктері жұмыс істейді.

«*Нотисиас Мехиканас*» (Нотимакс) - мемлекеттік ақпараттық агенттігі. Мексиканың мемлекеттік және саяси қайраткері ретінде танымал Л.Эгверийдің ұсынысымен 1968 жылы құрылған. Агенттік 80-ге жуық газет-журналдар мен 40 теле- және радиостанцияларды ақпаратпен қамтамасыз етеді. Келісім-шарт бойынша әлемдегі агенттіктер ақпараттарымен алмасып отырады (ТАСС, РЕЙТЕР, АНСА, ТАНЮТ және т.б.) Агенттікте 300-ге жуық қызметкерлер жұмыс атқарады. Мексиканың көптеген қалалары мен шетелде (Латындық Америкада, Аргентинада, Гондураста, Панамде, Ресейде, АҚШ-та, Францияда және т.б.) 60-қа жуық өз тілшілері бар.

Бақылау сұрақтары:

1. Мексика баспасөзінің тарихы.
2. «*CNI Canal 40*» телеарнасын қанша қала көреді?
3. Беделді радиостанциялар.

Тест

1. Мексиканың ең беделді газетін атаңыз?
 - А) “Эль Диа”
 - В) “Заман”
 - С) “Просесо”
 - Д) “Акрополис”
 - Е) “Эсто”
2. 1976 жылдан бастап Мехико қаласында 30 мың тиражымен шығып келе жатқан апталық журналын табыңыз?
 - А) “Тайм”
 - В) “Эль”
 - С) “Клаудия”

- D) “Просесо”
E) “Ведомости”
3. Мексикада қанша радиостанциялар жұмыс істейді?
A) 2
B) 10
C) 42
D) 72
E) жоқ
4. Мексика Латындық Америка елдері бойынша бірінші орынды иеленеді...
A) ірі телекомпаниялар орналасқандықтан
B) ақпарат агенттіктерінің мықты болуынан
C) телехикаялар түсіруден
D) басылым тираждарының көп болуынан
E) басылымдардың көп тілділігінен
5. 1962 ж. бері шығып келе жатқан, “күн” деп аударылатын Мексика газетін атаңыз?
A) “Эсто”
B) “Эль Диа”
C) “Новедарес”
D) “Уно мас уно”
E) “Сабах”
6. Мексиканың “Эль Диа” газеті қай жылы шыға бастады?
A) 1957ж.
B) 1962ж.
C) 1990ж.
D) 1993ж.
E) 2002ж.
7. 1960 жылы Мехико қаласында құрылған жекеменшік ақпарат агенттігін атаңыз?
A) Рейтер
B) Интерфакс
C) ТАСС
D) Инфомекс
E) РОСТА

Қазіргі Литва журналистикасы

Қазіргі Литва Еуропаның Батыс бөлігінде орналасқан. Солтүстігінде Латвия республикасымен, Шығысында және Оңтүстігінде Беллоруссиямен, Оңтүстік Батысында Польша және Ресейдің Калининград облысымен, Батысында 65,2 мың шаршы шақырым көлемінде Балтық теңізімен шектесіп жатыр. 1995 жылдың санағы бойынша Литва тұрғындары 3,233 мың адамды құрайды. Астанасы – Вильнюс қаласы. Литва 44 ауданға бөлінеді, 92 қаласы және 22 қала типтес ауылдары бар.

Баспасөз.

Бүгінде Литваның бұқаралық ақпарат құралдары - индустрияның ірі саласы. Басқа да елдердегі сияқты онда жаңалықтар индустриясы кең дамыған.

«Литваның саясат және бизнес жаңалықтары» газеті - бұл мемлекеттегі қазіргі саяси, қоғамдық және мәдени оқиғаларды суреттейтін, сонымен қатар олардың дамуын сипаттайтын Литвадағы оқиғалар туралы күнделікті ақпараттар ағынын жариялайтын ең беделді басылымдардың бірі.

«*Baltik Net News*» («Балтика елінің жаңалықтары»), құрылысқа арналған электрондық «*Akropolis*» газеті, іскерлерге арналған ақпаратты «*De Fakto*» атты бюлетень ай сайын шығады. Литва республикасы Балтық теңізімен шекараласқандықтан кұнара шығатын портты газет «*Клайпеда*» жақсы таратылады. «*Клайпеданың*» өз биржасы бар. Сонымен қатар әр азамат «*Алло реклама*» және «*Vartiklis*» газетін оқиды.

Тележурналистика.

Литвада екі телеарна бар. Бұл «КТВ+», «Шяуляйдік» кабелді теледидар және «Аллея свободы» - Кауностың теледидары. Ал басқа телеарналары коммерциялық болып есептеледі.

Радиожурналистика.

«*Ula vires*» радиостанциясы бәріне танымал.

Ақпарат агенттігі.

Ақпараттар мен жаңалықтарды тарататын арнайы агенттіктері бар. Ол «*Эхо Литвы*» агенттігі.

«*Эльта*» агенттігі – ол күн сайын жоспарланған және жоспардан тыс оқиғаларды жеткізеді. Оқиғаға қатысты барлық жаңалықтар мен оқиға тарихын неғұрлым толық қамту мүмкіншілігі бойынша өз көзқарастарын жеткізеді. Оқиғаға шолу мен оның дамуының болжауына агенттік құзырлы және тәуелсіз зерттеушілердің көзқарасын, сондай-ақ статистикалық мәліметтер мен халықаралық ақпараттарды пайдаланады. Күнделікті бизнес жаңалықтары – макроэкономикадағы, қаржылық нарықтағы, транспорттағы, байланыстағы, транзиттегі, ауыл шаруашылығындағы, сондай-ақ Литваның халық шаруашылығындағы басқа салалардың, соның ішінде осы салалардың статистикалық көрсеткіштерін ұсына отырып және осы салада жұмыс істеуші компания қызметі туралы жаңалықтарды, маңызды оқиғаларды хабардар етеді. Вильнюстің экономикалық өміріндегі оқиғалармен қатар бизнес жаңалықтары Литваның аймақтарындағы кәсіпкерлік қызметі туралы да хабардар береді.

«*Эльта*» агенттігі сонымен қатар кәсіпкерлік ортаға және оның Литвадағы даму жолына тура немесе жарнама әсер ететін орталық билік және өзін-өзі басқару органдарының жұмыстарындағы жаңа оқиғаларды жариялайды. Литвалық саяси және бизнес жаңалықтары министрлер кабинеті, өзін-өзі басқару министрлігі, саяси және қоғамдық ұйымдар елшіліктері, халықаралық ұйымдар өкілдіктері, білім, ғылым және мәдениеттегі өзгерістер, сондай-ақ қазіргі бұқаралық ақпараттар мен

коммуникация қызметтері туралы ақпараттарды жинақтайды. Агенттік қылмыстық сипаттағы неғұрлым маңызды оқиғалар туралы хабарлайды және күні-түні қылмыстық хроникасын ұсынады.

Ақпараттар жинау мен материалдарды дайындау процесінде «Эльта» агенттігінің тілшілері мен редакторлары тұтынушыларға қажетті материалдардың мүмкіндігінше үлкен көлемде және объективтілігін қамтамасыз ете отырып, журналистиканың халықаралық стандартын қадағалайды. «Эльта» агенттігінің орыс тіліндегі жаңалығының тәуліктік көлемі 60 мәліметті (сообщений) құрайды. Балтық жаңалықтары көршілес мемлекеттердің саяси өмірі мен халық шаруашылығындағы маңызды оқиғаларды күнделікті хабардар етеді.

LETA агенттігінің Эстония мен Литваның ұлттық жаңалық агенттіктерімен ынтымақтастығы 80 жыл бойы көршілес мемлекеттердегі оқиғалар туралы жедел және сапалы ақпараттармен қамтамасыз етеді. LETA агенттігі Литвалық ELTA жаңалықтар агенттігі мен Эстониялық ETA жаңалықтар агенттігінің өнімдерін таратушы болып табылады. Балтиканың бірлік экономикалық және саяси кеңістігі Латвия мен Эстонияда өтіп жатқан оқиғалардың Литва үшін маңыздылығын күшейте түседі. Сондықтан да көрші елдерден келген саяси және экономикалық мәліметтердің үлес салмағы агенттіктің шетел жаңалықтарында маңызды орын алады. LETA агенттігінің Вильнюс пен Тайлинде өз тілшілері бар.

Бақылау сұрақтары:

1. Қоғамдық және мәдени оқиғаларды суреттейтін газет?
2. Литва елінің танымал радиостанциясы?
3. «Эльта» агенттігінің орыс тіліндегі жаңалығының тәуліктік көлемі?

Тест

1. Литваның ең ірі ақпарат агенттігін табыңыз?
 - A) Рейтер
 - B) Интерфакс
 - C) Эльта
 - D) ТАСС
 - E) Аджепрес
2. Литва Балтық теңізімен шекараласқандықтан күнара шығатын портты газетін атаңыз?
 - A) “Литваның саясат портты және бизнес жаңалықтары” газеті
 - B) “Акрополис” газеті
 - C) “Клайпеда” газеті
 - D) “Алло реклама” газеті
 - E) “Привеа” газеті
3. Литвада қанша мемлекеттік телеарна бар?
 - A) 1
 - B) 2

- C) 3
D) 10
E) 20
4. Литваның радиостанциясын атаңыз?
A) “Эхо Литвы”
B) “Ультра вирес”
C) “На семи холмах”
D) “Варна”
E) “Уньон Радио”
5. Литва елінде баспасөздің таратылу және жазылу жайында бақылау жүргізіп отыратын агенттікті атаңыз?
A) "Аллея свободы"
B) "Эхо Литвы"
C) "Эльта"
D) "Алло реклама"
E) "РИА"
6. Литваның құрылысқа арналған электрондық газетін атаңыз?
A) Citta Bella
B) Клайпеда
C) Привеа
D) Акрополис
E) Алло реклама

Қазіргі Греция журналистикасы

Грек Республикасы – Оңтүстік Еуропадағы мемлекет. Ол Балқан түбегімен және де көптеген аралдар аумағын алып жатыр. Шығыс бөлігінде Жер Орта теңізімен шектеседі. Жалпы көлемі – 131.9 мың шаршы шақырым, халқы – 9.4 млн. адам. Оның 65% қала тұрғындары құрайды.

Грецияның астанасы – Афины қаласы. Ұлттық құрамы біркелкі, 95% гректер, Республиканың ресми тілі – грек тілі болып саналады. Ал мемлекет басшысы – Президент, заң шығарушы органы – бір палаталы парламент.

Баспасөз.

Грецияда жергілікті баспасөз орталық баспасөзге қарағанда дәстүрлі түрде неғұрлым елеулі роль атқарады. Бұл елдің баспасөзінің бір ерекшелігі ірі форматтыға қарағанда шағын форматты газеттердің басымдылығы. Және бүгінгі күні - әлемдік стандартқа толығымен сәйкес келеді.

Бұрын Грецияда грек журналистикасының алдында тұрған бірқатар мәселелер шартталған күнделікті басылымдар емес, апталық басылымдар басым болған, жоғарыда айтылған мәселелер мыналар:

1. журнал мамандарының жетіспеуі; журналистерді даярлау; әлемдік баспасөздің даму қарқынына үлгірмеуі.
2. журналистерді кәсіби даярлау деңгейі төмен болып қала берді.
3. әлсіз типографиялық технология.

Бұл күнде мәселе басқаша, шетелдік инвесторлар грек баспасөзіне қаржыны көбірек бөле бастады, жарнамалық бизнеспен компьютерлік технология жақсы даму үстінде, осының нәтижесінде ел баспасөзінің сапасы мен жеделділігі артты. Көптеген шағын мамандырылған газет-журналдар пайда болды. Күнделікті және таңертеңгілік газеттердің саны көбейді. Газеттері. Бүгінгі күні Грециядағы неғұрлым белгілі газеттер:

«*Eleftherotupia*» - 1956 жылдан бастап шығарылатын газет. Елдің және бүкіл әлемнің экономикалық-саяси жаңалықтарын береді. Ол оқырманның кең шеңберіне арналған. Форматы – А3, ал көлемі – 18 беттен аспайды, 200 мың тиражымен шығып тұрады.

«*O Pothos*» - гректердің тәуелсіз газеті. Аптасына бір рет, грек және ағалшын тілдерінде шығарылады. Біркелкі емес, жыныстық бағдардағы оқырмандарға арналған. Ашық түспен құрастырылған офсеттік қағазбен басылады. 1993 жылдың ортасынан бастап шығады. Көлемі – 28 бет, 20 мың тиражымен шығады. Грецияда, Италияның Оңтүстігіне, Кипрға таратылады.

«*Proini*» - тәуелсіз грек-американдық күнделікті газеті. Грецияның, Американың және әлемнің басқа елдері мен сауда қатынасын және экономикалық мәселеге қатысты материалдарды шығарады. Бұл газет 1987 жылдан бастап шығады.

«*Phuket Cazette*» - Грецияда шығарылатын халықаралық газет. Газеттің алғашқы нөмірі 1985 жылы дүниеге келді. Әлемдік деңгейдегі мәдениет, саясат, экономика саласындағы жаңалықтарды жариялайды. Грек және ағылшын тілдерінде шығады. Осы аталған гзеттерден басқа Грецияда «*Ta Nea*», «*Kathimerini*» газеттері бар.

Журналдары.

Бүгінгі күні Грецияда белгілі журналдар қатарында «*Metro Diaspara WWW Projekt*». Бұл журнал айына екі рет 1994 жылдардан бастап шығады, және электрониканың соңғы жетістіктері туралы материалдар жариялайды.

«*Matsakoni To*» - күнделікті талқылайтын адамның әлеуметтік құқықтарын қорғау мәселелерін қарастыратын коммерциялық емес грек журналы.

«*Monopol*» - музыка, кино, театр, көрме, мейрамхана, яғни мәдени жаңалықтарына арналған журнал.

«*Empamhzik*» - 1991 жылдан бастап шығатын әскери грек журналы. Ашық түрде құрастырылған, көлемі 84-90 бет, тиражы 50-55 мың дана.

«*Polemoe Letopia*» - Греция және басқа шетел «әуе және кеме құрастыру» саласындағы соңғы жетістіктер туралы жазатын авиациялық журнал. Ол 1990 жылдан бастап көлемі 67-70 бет, ал тиражы 45-65 мың дана болып шығып келеді.

«*Aupiec Nuxte*» - ойын-сауық журналы. Алғашқы рет 1987 жылы шықты. Оқырманның кең көлемді шеңберіне арналған. Онда жұлдызнама, әлемдік эстрадалық музыка және түрлі бағытта мақалалар беріледі. Көлемі – 60 беттен астам.

Тележурналистика.

«Antenna TV.S.A» - Грециядағы теледидар бағдарламалардың өндірушілер мен радиохабарлардың басты теледидарлық торабы болып саналады. Ол өзінің негізгі үлесін жарнамалық бизнестен алады. Көрушілердің саны шамамен 10.3 млн. адамды құрайды.

«Antenna TV.S.A» [10,3] – тәулік бойына өз көрермендеріне саяси-экономикалық жаңалықтарды және халықаралық бағдарламаларды, ток-шоу, телехикаялар мен фильмдерді, спорт жаңалықтарын, саяси және спорт ойындарын ұсынады.

Соңғы 1999 жылдары телекомпанияның табысы өткен жылдармен салыстырғанда 19 пайызға артты, ол жергілікті валютамен 10 млрд. құрады. Осы компанияның телебағдарламаларын Грецияның барлық отбасыларының 99 пайызы көреді.

Радиожурналистика.

Грециядағы неғұрлым ірі және кең тараған радиостанциялар:

«100 FM Melodia» - Афинада 1990 жылы алғашқы құрылған грек радиостанциясы. Грецияның бүкіл қалада таралған. «100 FM Melodia» тыңдаушыларға кез-келген музыканы, соңғы жаңалықтарды тыңдай алады.

«101.9 FM – Studio-19» - тек Грецияның ғана емес, сонымен қатар таяу шетелдердің қалаларында тәулігіне 18 сағат берілетін ұлттық радиостанция.



«88.8 FM - STAR Corfu» - бұл гректің радиотолқынында экономика, саясат, мәдениет саласындағы соңғы жаңалықтарды, кез-келген әуенді, ауа-райын және теледидар бағдарламасын тыңдауға болады.



Интернет жүйесі.

«*To Matsakoni*» - Грецияда 1985 жылы қазан айында студенттік топтарда арналған интернеттік, ақпараттық бет немесе ресми түрде арна деп атайды. Мұны құру барысында университеттің фото көшірме құралдары қолданылған. Ол «сөз бостандығын» қорғау және жасырын цензураға қарсы наразылық, коммерциялық бұқаралық ақпарат құралдарының жалған мәліметтер мен күресу мақсатында ұйымдастырылған болатын.

Бүгінгі күні бұл бағдарлама кеңейтілді. Осы типтес жаңа беттер интернет желісінде пайда бола бастады.

Бақылау сұрақтары:

1. Греция баспасөзінің тарихы.
2. Грецияның белгілі журналдары.
3. 18 сағат берілетін ұлттық радиостанция?

Тест

1. Грецияның 1993 жылдан бастап шығатын тәуелсіз газетін табыңыз?
 - A) “Мопорол”
 - B) “Nedelnik”
 - C) “O Pothos”
 - D) “Караван”
 - E) “Правда”
2. Төменде аталған басылымдардың ішінен Грецияның мәдени жаңалықтарына арналған журналды табыңыз?
 - A) “Nedelnik”
 - B) “Привеа”
 - C) “Сабах”
 - D) “Мопорол”
 - E) “Эль Диа”
3. Грецияның “Aurios Nuxte” ойын-сауық журналының алғашқы нөмірі қай жылы шықты?
 - A) 1890ж.

- B) 1905ж.
- C) 1950ж.
- D) 1987ж.
- E) 2001ж.

4. 1990 жылы Афины қаласында құрылған алғашқы радиостанцияны табыңыз?

- A) “Радио байланыс”
- B) “100 FM Melodia”
- C) “Европа плюс”
- D) “Fashion Zone”
- E) “Stolnik”

5. Әлемдегі ең алғашқы шыққан ақпарат агенттігін табыңыз?

- A) Рейтер
- B) РОСТА
- C) РИА
- D) Гавас
- E) ЭФЭ

Қазіргі Румыния журналистикасы

Румыния – Еуропаның оңтүстігінде, Дунай өзенінің жағалауында орналасқан мемлекет. Мұндағы халықтың жалпы саны – 22,3 млн. адам. Оның 88,3% - румындықтар, 7,8% - венгрлер. Қала тұрғындарының саны – 49,1%. Мемлекеттің ресми тілі – румын тілі. Румыния мемлекетінің астанасы – Бухарест қаласы. Мемлекеттің басшысы және мемлекеттік кеңестің өкілі Президент болып табылады.

Баспасөз.

Соңғы уақытта Румынияның орталық және аймақтық мерзімді басылымдарының жылдық таралымы – 23,3 млрд. данаға жеткен. 1996 жылы бұл елде әр деңгейдегі 2100 шығып тұрған газет таралымының жалпы көрсеткіші – 176,9 млн. дана болы. Бұл 1980-1985 жылдармен салыстырғанда 7,6 есе, ал жалпы таралымы 35 есе артып отыр деген сөз.

Румынияның қазіргі баспасөзінің құрылымы өзгерген. Экономикалық реформалар мен идеологиялық жанаша көзқарастың нәтижесінде арнайы мерзімді басылымдар саны күрт өсе бастады. Әсіресе, ғылым мен техника, экономика, оқу-ағарту ісі, құқық пен саясатқа арналған газет пен журнал қатары көбейе түсті. Румындықтардың «Газеттің өзі бір күндік, сөзі мың күндік» деген қағиданы жақсы түсінгендігі байқалады.

Газеттері. Тақырыбы мен бағыты, жалпы санына байланысты Румыния газеттері соңғы 5 жыл аралығында үлкен өзгерістерге ұшыраған (1995-1999 жж.)

Румынияның ең көп таралатын газеттері: «Қаржылы апта», «Бухарест бизнес жаңалықтары», «Румынияның баспасөз шолуы» сияқты газеттері болып табылады.

«Бухарест бизнес апта». Газет құрылтайшылары бұл газетті істі жаңа бастаған болашақ бизнесмендерге арналады дейді. «Бухарест бизнес апта» - ұлттық сипаттағы газет. Тек, ағылшын тілінде жарияланады. «Бухарест бизнес апта» Румыния басылымдарының ішіндегі оқырманға нақты әрі қызықты хабар тарататын ең жедел басылым. Ақпаратты беру сапасы мен жылдамдығы әлемдік талапқа сай. Оқырмандар «Бухарест бизнес апта» газетінен бизнес төңірегіндегі келелі мәселелерді, соңғы жаңалықтарды оқи алады. Инвесторлар, кәсіпкерлер мен сауда өкілдері, саясат және басқару ұйымдары, елшілер – газеттің тұрақты оқырмандары. «Бухарест бизнес апта» үлкен форматпен 16-32 бет болып шығатын, безендірілген, түрлі-түсті газет.

«Мониторул онлайн» - ағылшын және румын тілінде жарық көретін кіші форматты газет. Аптасына 5 рет түрлі-түсті бетпен басылады. Румынияның әлеуметтік өмірі, мәдениеті мен өнері, экономикасы мен саясаты, шетелде болып жатқан өзгерістер мен оқиғалар жайындағы толық ақпаратқа ие. Оқырмандарға ауа райы жайлы мәлімет те беріледі. Газеттің көлемі – 20 бет. Алғашқы нөмірі 1994 жылы басылып шыққан.

Журналдары.

Румынияның ең танымал журналдары: «Евро», «Банктер», «Привеа», «Байт Румыния» және тағы басқалары.

«Привеа» - румындық көңіл сергітетін журнал. Аптасына бір рет, румын тілінде жарық көреді. Көлемі 35-40 бетке жуық. Саз, саясат басындағылар өміріндегі жұртты елең еткізер жаңалықтар, соңғы сән үлгілері, косметолог, психолог кеңестері де басылады.

«Банктер» - румын және ағылшын тіліндегі экономикалық журнал. Өзінің оқырман аудиториясына ұлттық валютаның алмасу бағыты жайлы ақпарат береді. Румыния мемлекетінің қаржы, банктік және салық заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ұсынады. 1993 жылдан бастап жарияланады.

«Байт Румыния» - румын және ағылшын тіліндегі компьютерлік технологияға арналған журнал. Көлемі – 24 бет. 13-28 жас аралығындағы оқырманға бағытталған. Журналда компьютерлік технология, ойын бағдарламалары, ойынның кодтары жайлы мәлімет береді.

Радиожурналистика.

Румыния территориясында бірнеше радиостанциялар жұмыс істейді: «Радио байланыс» - республикалық ұлттық радио. Радионың туған күні 1990 жылдың 25-ші ақпаны. Бұл радиостанция Бухарест қаласында орналасқан. Румыниядан басқа Бельгия, Түркия, Молдова, Болгария республикаларына таралады. Бухарестегі радионың диапазоны – 96.1 FM. Константада – 91.1 FM. Байа Маршта – 88.8 FM. Бұл радионың тыңдаушылары республикада

және елде болып жатқан оқиғалар, экономика және саясат жаңалықтарынан тыс қалмайды.

Тележурналистика.

«Антенa-1» - тәуелсіз, жекеменшік теледидар. Күн сайын румын тіліндегі хабарларды көруге болады. Алғашқы хабары 1993 жылдың 29-шы қарашасында сағат 21.30-да көрсетілген. Бастапқыда теледидар тәулігіне сегіз сағат жұмыс істесе, 1995 жылдан бері он екі сағат қызмет атқарады. Бағдарламалары: экономикалық, саяси жаңалықтар, сазды әуен, халықаралық спорт жаңалықтары, интеллектуалдық ойындар, телехикаялар, көркем және деректі фильмдер, ток шоу, соңғы сән үлгілері, ауа райы және т.б. Экономикалық жаңалықтар арнада күніне екі рет қайталанады.

Ақпарат агенттігі.

«Media факс» - Румынияның жаңалықтар агенттігі. Көптеген газет-журналдар, теле- және радиостанцияларды ақпарат ағымымен қамтамасыз етеді.

«Аджепресс» - танымал румындық баспасөз агенттігінің бірі. Негізі 1949 жылы қаланған.

Бақылау сұрақтары:

1. Румынияның баспасөз тарихы.
2. Румынияның ең көп таралған газеттері?
3. Жаңалықтар агенттігі.

Тест

1. Румынияның “Аджепресс” ақпарат агенттігі қай жылы пайда болды?
 - A) 1901ж.
 - B) 1949ж.
 - C) 1980ж.
 - D) 1998ж.
 - E) 2002ж.
2. Румыния басылымдарының ішіндегі оқырманға нақты әрі ең жедел хабар тарататын газетін атаңыз?
 - A) “Қаржылы апта”
 - B) “Бухарест бизнес апта”
 - C) “Привеа”
 - D) “Таймс”
 - E) “Знамя Юности”
3. Румынияның “Радио байланыс” ұлттық радиосының туған күні?
 - A) 1890 ж., 25 ақпан
 - B) 1912 ж., 5 қыркүйек
 - C) 1960 ж., 15 тамыз
 - D) 1990 ж., 25 ақпан
 - E) 2001 ж., 30 желтоқсан

4. Төмендегі Румыния басылымдарының қайсысы болашақ бизнесмендерге арналған?
- A) “Қаржылы апта”
 - B) “Банктер”
 - C) “Привеа”
 - D) “Бухарест бизнес апта”
 - E) “Сабах”
5. Румынияның көңіл сергітетін апталық журналын атаңыз?
- A) “Банктер”
 - B) “Джанг”
 - C) “Привеа”
 - D) “Хурриет”
 - E) “Тайм”
6. Румынияның “Мониторул онлайн” газетінің алғашқы нөмірі қашан жарыққа шықты?
- A) 1890ж.,
 - B) 1905ж.,
 - C) 1960ж.,
 - D) 1994ж.,
 - E) 2002ж.,
7. Төмендегі басылымдардың ішінен Румынияның 1993 жылдан шыға бастаған экономикалық журналын табыңыз?
- A) “Привеа”
 - B) “Банктер”
 - C) “Бухарест бизнес апта”
 - D) “Сабах”
 - E) “Тайм”
8. Румынияның компьютерлік технологияға арналған журналын атаңыз?
- A) “Привеа”
 - B) “Банктер”
 - C) “Жечь Посполита”
 - D) “Зеркало недели”
 - E) “Байт Румыния”
9. Румынияның жекеменшік телеарнасын атаңыз?
- A) “Польсат”
 - B) “ТҮЕ-1”
 - C) “Чейннел 11”
 - D) “Антенa 1”
 - E) “Эфир”

Қазіргі Түркия журналистикасы

Түркия - әлемдегі ең ірі мемлекеттердің бірі. Оның территориясы екіге бөлініп жатыр: Еуропаға және Азияға. Негізгі бөлігі – Анатолия (барлық көлемі – 97%) – Азияда орналасқан, сондықтан да Түркия Азияға жақын

және Орта Шығыс мемлекеттер тобына енеді. Еуропалық бөлігі (тарихи атауы шығыс Фракия) – бұл ең шеткі оңтүстік-шығыс Балқанның жарты аралы. Түркия су асты және теңіздің негізі Еуропа мен Азияны қосатын жол айрығында орналасқан. Мемлекеттің алып жатқан жер өлшемі – 780 мың шаршы шақырым. Түркияны төрт теңіз орап өтеді:

1. Қара теңіз;
2. Мәрмәр теңізі;
3. Эгей теңізі;
4. Жер Орта теңізі.

Халқы (65 млн. адам) негізінен түріктерден тұрады (90%). Түркия – парламенттік республика. Барлық заңды билік Ұлы ұлттық Түркия жиынының қолында. Мемлекеттік дін – ислам.

Баспасөз.

Егер БАҚ жайында айтар болсақ, Түркия қазіргі кезде жаңашыл этапта, сондықтан да сөзді 80-жылдардан бастаған жөн. Дәл осы жылы Түркия журналистикасы сөз бостандығына қол жеткізеді, қоғамдық қарым-қатынас, демократиялық мінез қабылдайды. Халық тыныш өмірге оралады, ал республиканың экономикасы мен индустриясы жылдан жылға өз күшіне енеді. Нәтижесінде Түркия әлемдегі белгілі мемлекеттер қатарына жетеді. Мемлекет экономикасындағы, қоғамдағы өзгерістер немен байланысты болды? Еуропада мұны түріктердің кереметі деп жариялады. 1988 жылы билік басына Тұрғыт Өзәлінің келуімен мемлекеттің экономикасы және қоғамдағы әлеуметтік жағдайы өркендеді. Керемет болған себебі, ел басы интеграция саясатын ұстанды – шет мемлекеттермен қарым-қатынаста болды, сонымен қатар отандық мәселелерге де көңіл бөлді. Қазіргі кезде БАҚ Түркияда төртінші билік болып есептеледі.

Үкімет эфирден өтіп жатқан және газет бетіндегі материалдарға демократиялық көзқараспен қарайды. Журналистерге жақсы жағдайлар жасалған, оларға «SARI BASIN KARTI» (сары басылым картасы) дәлірек айтқанда журналистік жеке куәлік берілген. Осы куәліктің көмегімен ол кез-келген мемлекеттік және коммерциялық мекемелерден ақпарат жинай алады. Сонымен бірге осы карта қоғамдық транспорттарға ақысыз жүру құжаты болып есептеледі. Түркияда көптеген басылымдар жекеменшікке айналдырылған. Тек жалғыз «RESMI CARETE» жекешеленбеген. Бұл басылымда үкіметтің бағдарламасы, жоспарлары және заңдары жарияланады.

Түркия республикасының басылымдар жөніндегі бақылау комитетінің 1997 жылғы мәліметі бойынша. Келісімді сұраныспен таратылатын ауқымды газет «САБАХ». Күнделікті тиражы – 648.574 дана. «САБАХ» газеті басқа басылымдардай лотерея және тағы басқа ұтыс ойындарын өткізеді.

Газеттің қолдаушысы – «DOGAN HOLDING». «DOGAN HOLDING» - бұл Түркиядағы ірі магнаттардың бірі. Сонымен қатар бұл компанияға бағынатын арналар: «ATV», «Kanal D», «CENC TV», «KRAL TV», басылымдар: «Milliyet», «Radikal», «Hurriyet». БАҚ мемлекеттік әлеуметтік жолын сынап отырады. Сондықтан оларға оң көзбен қарамайды. Сонда да

олардың негізгі мақсаттары халықтың көңілін өздеріне аудару. Мысалы: «САБАХ» газетіндегі ақпараттардың басым бөлігі өткір жазылған жаңалықтар, жарнамалар. Осындай ұшқыр ойлар мен өткір сын айта білетін баспалар мен телеарналардың билеушісі «DOGAN HOLDING» компаниясына «RTVK» БАҚ-ты бақылаушы комитет бірнеше рет кінә тағып, айып та төлеткен. Сонымен қатар бұл компанияға бағынатын арналар: «ATV», «Kanal D», «CENC TV», «KRAL TV», басылымдар: «Milliyet», «Radikal», «Hurriyet». БАҚ мемлекеттік әлеуметтік жолын сынап отырады. Сондықтан оларға оң көзбен қарамайды. Сонда да олардың негізгі мақсаттары халықтың көңілін өздеріне аудару. Мысалы: «САБАХ» газетіндегі ақпараттардың басым бөлігі өткір жазылған жаңалықтар, жарнамалар. Осындай ұшқыр ойлар мен өткір сын айта білетін баспалар мен телеарналардың билеушісі «DOGAN HOLDING» компаниясына «RTVK» БАҚ-ты бақылаушы комитет бірнеше рет кінә тағып, айып та төлеткен.

Газеттері.

«Хурриет» - 1948 жылдан бері таратылып келе жатқан газет қазіргі уақытта Түркияда ең қызықты таралым болып отыр. Газет жарнамаларға көп көңіл бөледі. Тағыда осындай таралымдардың басқарушысы – «Феза Газетиджилик» деген корпорация бар. Оның қарамағында «Заман» газеті, «Аксион» журналы, «Сизинти» және «Ениумит» телеарналары кіреді.

«Заман» газеті «оң демократтар» басылымына жатады. Бұл газеттің туған күні 1986 жылдың 3 қарашасы болып келеді. Бүгінгі күнде «Заман» газеті қызықты басылымдар қатарында. Газеттің басқарушысы Алладин Кая. Редакторы – Хусейн Гулерудже. Белгі журналистері мен тілшілерін атап өтсек: Фехми Кору, Таха Кыванч, Ахмет Селиле, Эиуп Джан, Хеким Оғлы, Ахмет Шахин. Газет өзінше бөлек стильмен әртүрлі бағытта жазады, негізгі тақырыптары саясат, мәдениет, спорт, экономика және шетел жаңалықтары. Газеттің барлық елдерде өзінің арнайы тілшілері бар. «Феза Газетиджилик» корпорациясының негізгі мақсаты әлемнің түкпір-түкпіріндегі ақпаратты халыққа неғұрлым жылдам жеткізу.



Тележурналистика.

Қазіргі уақытта Түркияда 20 шамасымен теледидар арналары жұмыс істейді. Түркия халқы басылымдардан гөрі теледидарға көп назар қояды. Телеарналардың көп бөлігі мемлекеттік. Түркияда бірінші телеарна болып «TRT-1» есептеледі. Бұл мемлекетке қарайды. Ол 1964 жылы құрылған. Алғашында «TRT-1» телеарнасы көрермендердің ауқымды бөлігін өзіне тарта білді. Артынан «TRT-2», «TRT-3», «TRT-4», «TRT-GAP», «TRT-INT», «TRT-AVRASVA» арналары құрылды. Мысалы, «TRT-3» арнасы спорттық бағдарламалар мен көркем суретті фильмдер көрсетсе, «TRT-AVRASVA» бүкіл Еуразияға тарайды. Бүгінгі күнде коммерциялық телеарналарды атасақ, олар: «STV», «ATV», «Kanal D», «Kanal 6», «Kanal 7», «NTV», «CNN Turk», «TGRT», «Snow TV», «Sta», «Krai TV». Соңғы төртеуі музыкалық арналар. Осы аталған телеарналар Стамбул, Измир, Анкара қалаларынан беріледі. Жоғарыда айтылып өткен телеарналардан басқа жергілікті станцияға қосылған жергілікті телеарналар да жеткілікті.

Ақпарат агенттігі.

Ақпарат жинап, оны пысықтаумен ұлттық ақпарат агенттігі және шетел агенттігінің филиалдары айналысады. Осыдан жергілікті агенттіктер мемлекеттік және коммерциялық болып екіге бөлінеді.

Түркиядағы шетел агенттіктерінің филиалдары «REUTERS», «APHA», «UPINA», «AFP», «CNN», «WTW».

Дәл қазіргі уақытта БАҚ Түркияда кең көлемде дамып отыр. Өртүрлі мемлекеттік және коммерциялық телеарналар, басылымдар елдің экономикасында үлкен орын алып, бағалануда.

Бақылау сұрақтары:

- 1.Түркия баспасөзінің тарихы.
- 2.1948 жылдан бері таратылып келе жатқан газет?
- 3.Түркияды қанша телеарна жұмыс істейді?

Тест

1. Түркиядағы “оң демократтардың” басылымын атаңыз?
 - A) “Хурриет”
 - B) “Саһ”
 - C) “Замки”
 - D) “Акрополис”
 - E) “Джанг”
2. Түркиядағы “Қарагөз” журналының бағытын табыңыз?
 - A) экономикалық
 - B) спорттық
 - C) ғылыми
 - D) сатиралық
 - E) мәдени
3. Түркия журналистикасы сөз бостандығына қай жылы қол жеткізді?
 - A) 1970ж.
 - B) 1980ж.
 - C) 1985ж.
 - D) 1991ж.
 - E) 1999ж.
4. Түркияда қазіргі кезде БАҚ нешінші билікке ие болып отыр?
 - A) бірінші билік
 - B) екінші билік
 - C) үшінші билік
 - D) төртінші билік
 - E) ешқандай билігі жоқ
5. Түркияда шығатын “Сабах” газетінің күнделікті тиражы қанша?
 - A) 100 дана
 - B) 2 мың дана
 - C) 10 мың дана
 - D) 648 мың 574 дана
 - E) 1 млн. дана
6. Түркияның “Сабах” газетінің бас демеушісі кім?
 - A) Ганнет компаниясы
 - B) Р.Мэрдок империясы
 - C) “Доган холдинг”

- D) Ашетт тобы
E) Херст концерні
7. Түркияның “Хурриет” газеті қай жылдан шыға бастады?
A) 1902ж.
B) 1948ж.
C) 1980ж.
D) 1999ж.
E) 2001ж.
8. Түркияның ең қызықты газетін атаңыз?
A) “Хурриет”
B) “Таквим”
C) “Заман”
D) “Эль Паис”
E) “Эль Диа”
9. “Заман” газетінің редакторы кім?
A) Мехмет Эргене Махмұттегі
B) Хекин оғлы
C) Хусейн Гулердже
D) Рупэр Мэрдок
E) Адам Страпович
10. Түркияда 1964ж. құрылған телеарнаны атаңыз?
A) “Канал плюс”
B) “АТҮ”
C) “TRT-1”
D) “НТВ”
E) “Просесо”
11. Түркияда бірінші телеарна деп қай ТД атаймыз?
A) “АТҮ”
B) “Си-Эн-Эн”
C) “TRT-1”
D) “ОРТ”
E) “СТАР”

Қазіргі Беларусь журналистикасы

Белорусь Республикасының жер көлемі 207,6 мың шаршы шақырым. Бұл елде 10,279 мың халық мекендейді. Оның ішінде орыс, поляк, еврей тағы басқа да ұлт өкілдері бар. Белоруссияда 6 облыс, 117 аудан, 99 қала, 112 қала, типтес ауылдар бар. Беларусь тілі - мемлекеттік тіл болып есептеледі. Астанасы - Минск қаласы.

Баспасөз.

Белорусь баспасөзі: «*Знамя Юности*» газеті 60 жылдан бері шығып келеді. Бұрын бұл газет «*Сталинской молодежи*» деп аталған.

«*Знамёнки*» атты бірінші нөмірі 1938 жылдың 24 сәуірінде шыққан. Республика көлемінде «*Знамёнки*» жастардың ең танымал газеті болды.

Бірінші бас редакторы Иван Струговщиков болды. Одан кейін басқа редакторлар осы істі жалғастырды. Қазіргі кезде «Знамя Юности» аптасына үш рет шығады, 8,12 немесе 16 беттен тұрады. Басылым беттерінен әртүрлі тақырыпта материалдар табуға болады. Кей кездері тақырыптық беттер де шығады. Олар «Атты – Баты», «Компьютерленд», «Итим - Клуб», «Бэби - клуб».

«Белорусская газета» - тәуелсіз ақпаратты апталық газет. Бұл газет орта және жоғарғы деңгейдегі кәсіпкерлерге арналған. «Белорусская газеті» Беларусь Республикасында ең беделді басылымдардың бірі. Газет беттерінен саясаткерлерге арналған көптеген пайдалы кеңестер алуға болады. Бұл газет «MODUS VIVENDI» (медицина), «БЕЛОРУССКИЙ ДОМ» (кұрылыс), «ТУРИЗМ», «ЭНЕРГЕТИКА», «ФИНАНСОВОЕ ОБОЗРЕНИЕ» тақырыптарында арнаулы қосымшалар шығарып отырады.



- «Международный туризм» қосымшасының негізгі бөлімдері:
- Белоруссиядағы турбизнес;
 - Туристік саяхат;
 - Әлемтану.
- «MODUS VIVENDI» Белоруссиядағы дәрілер шығаратын компанияларды жарнамалайды. Негізгі бөлімдері:
- Саясат, іскерлер және өнер адамдары жайлы;
 - Сауықтандыру;
 - Косметика және дәрілер жайлы;
 - Relax: спорт, өнер.

«Белорусский дом» қосымшасының негізгі бөлімдері:

-Үй ішіні әшекейлеу;

-Құрылыс материалдары;

-Құрылыс құралдары.

«Белорусская газета» газеті. Орта және шығыс Еуропаның 20 елінің 30 баспасын біріктірген халықаралық «Проект Синдикатының» бір мүшесі.

«Вечерний Минск» газеті. Бүгінгі күнде 100 мың данамен тарайтын күнделікті жекеменшік газет.1999 жылы басылымға 32 жыл толады. Бір жылдың айналымы 2,5 млн. Доллар. Газеттің басты мақсаты оқырманды әлем жаңалықтарымен құлақтандыру. Бұл газет республикадағы жарнамалық басылым.



Бүгінгі күнде бұл басылым баспахана үйіне айналууда. Ол «Вечерний Минск», «Рекламное приложение» және «Здоровье и успех» журналын тағы басқа басылымдарды шығарады. Баспахана түгелімен компьютерленген.

Радиожурналистика.

«Видеообзор» радио бағдарламасы. Жүргізушісі және авторы Адам Страпович. Кино әлеміндегі жаңалықтарды осы радиотолқынынан естуге болады, және де кино жұлдыздарымен сұхбаттар жүргізіліп тұрады.

«FASHION ZONE». Жүргізушісі және авторы А. Страпович. Киімдер, машиналар, аяқ киімдер, киімдер жайлы пайдалы кеңестерді естуге болады. Жайлы әуендерді ести аласыздар.

«ХИТ ПАРАД КОТА РОКСА». Жүргізушісі және авторы Кот -Рокс. Бұл хит – парад Минскідегі РОКС радиосының алғашқы хабараның бірі.

Тыңдаушылар студияға телефон шалып, әңгімелесе алады. Жеңімпаздарға әртүрлі сыйлықтар беріледі.

Тележурналистика.

Минск қаласындағы телеарналар түрлері:

1. *ОРТ Русский*.

«Поле Чудес», «Тема», «Час пик», «Угадай мелодию», «Утренняя звезда» ойын-хабарлары көпшілікке таныс. Көркем фильмдер мен телехикаялар да беріліп тұрады.

2. *Россия Русский*.

Мұнда көбіне жаңалықтар, спорт бағдарламалары беріледі.

3. *НТВ Русский*.

Ресейдің тәуелсіз телеарнасы. Жаңалықтар, спорт, музыкалық бағдарламалар және түрлі фильмдер беріледі.

4. *Культура Русский*.

Ресей телеарнасы. Ресей және әлемнің мәдени жаңалықтарын береді.

5. *БТ Белорусский\ Русский*

Мемлекеттік телеарна.

6. *ТВ6 – Москва\ Русский*.

Мәскеудегі атақты телеарналардың бірі.

7. *Niklodeon Русский*.

Балаларға арналған телеарна. Мультфильмдермен қатар шолулар, спорт және де басқа балаларға арналған хабарлар беріледі.

8. *МСМ Французский*.

Күніне 24 сағат берілетін Француз телеарнасы. Конкустар, әр түрлі кездесулер болады.

9. *МТУ Английский*

Тәуілігіне 24 сағат бойына көңілді әуендер, ең қызықты бейнеклиптер беріледі.

10. «Канал научно-популярных фильмов». Әлемдегі құпия жайлар туралы көрермендерді сағат 11.00-4.00 дейін хабардар етеді.

11. *Cinema Русский*.

Бұл телеарнадан фантастика, триллер, комедия, мелодрама, мультфильмдер және әлемнің неше түрлі кинофильмдерін тамашалауға болады.

12. *Adult Channel Английский*.

Үлкендерге арналған түнгі телеарна.

13. *Eurosport Англо-русский*.

Спорт ойындарының барлық түрінен жаңалықтар береді.

14. *CNN Английский*.

Әлемнің әр бұрышынан жылдам хабар жеткізетін телеарна.

15. *Pro7. Немецкий*.

Тек америка фильмдерін көрсетеді.

16. *Cartoon Network Английский*.

Таңғы сағат 7.00-23.00 дейін мультфильмдер қояды. Бұл телеарна үлкендерге де қызықты.

17. *ТСМ Английский*.

Голивудтың класикалық фипьдерін береді. Әлемнің кино жұлдыздарымен кездесуге болады.

18. *National Geographic Channel* Английский.

Табиғаттың әсем құбылыстары жайлы телебағдарламалар көруге болады.

19. *Cinema English* Английский.

Ағылшын тілін үйренушілерге арналған телеарна.

Бақылау сұрақтары:

1. Беларусь елінің баспасөз тарихы.
2. Минск қаласындағы телеарналар.
3. «Видеобзор» радио бағдарламасының жүргізушісі?

Тест

1. Белоруссияның “Знамя юности” газетінің алғашқы нөмірі қалай аталды?
 - A) “Привет”
 - B) “Сабах”
 - C) “Зеркало недели”
 - D) “Правда”
 - E) “Знаменки”
2. Белоруссияның “Видеобзор” радиобағдарламасының жүргізушісі кім?
 - A) Кот Рокс
 - B) Михаил Боярский
 - C) Алексей Петров
 - D) Адам Страпович
 - E) Николай Фоменко
3. Бүгінгі күнде Белоруссияда 100 мың данамен тарайтын күнделікті жекеменшік газетін атаңыз?
 - A) “Белорусская газета”
 - B) “Зеркало недели”
 - C) “Вечерний Минск”
 - D) “Правда”
 - E) “Знамя Юности”
4. Белоруссияда 1938 жылдың 24 сәуірінен шығып келе жатқан газет қалай аталады?
 - A) “Вечерний Минск”
 - B) “Знамя Юности”
 - C) “Правда”
 - D) “Бухарест бизнес апта”
 - E) “Караван”
5. Қазіргі кезде Белоруссияның “Знамя Юности” газеті аптасына неше рет шығады?
 - A) 1 рет
 - B) 3 рет
 - C) 5 рет
 - D) 6 рет

- Е) 7 рет
- 6.Белоруссияның “Вечерний Минск” газеті қазіргі кезде қанша тиражбен таратылады?
- А)300 дана
В)2 мың дана
С)19 мың дана
D)100 мың дана
Е)1 млн. дана
- 7.Белоруссияның “Вечерний Минск” газетінің алғашқы нөмірі қашан жарық көрді?
- А) 1902ж.
В) 1880ж.
С) 1967ж.
D) 1998ж.
Е) 2001ж.
- 8.Белоруссияның күнделікті жекеменшік газетін атаңыз?
- А) “Белорусская газета”
В) “Вечерний Минск”
С) “Зеркало недели”
D) “Правда”
Е) “Знамя Юности”
- 9.Белоруссияның журналисі Адам Страпович қандай радиобағдарламаны жүргізеді?
- А) Кот Рокс
В) Видеообзор
С) Қайрлы таң
D) Поэзия
Е) Кешкі қоңырау
- 10.Белоруссияның “Знамя Юности” газетінің алғашқы редакторын атаңыз?
- А) Адам Страпович
В) Иван Струговщиков
С) Намык Кемал
D) Рой Томсон
Е) Луи Ашетт

Қазіргі Сингапур журналистикасы

Қазіргі Сингапурдың негізін 1819 жылы Сэр Стамфорд Раффлес қалаған. Ол сол кезде Шығыста жаңа Британияның сауда орталығында іздестірген болатын. 1942 жылдың 15 ақпаны мен 1945 жылдың 5 қыркүйегі аралығында ІІ дүниежүзілік соғыс болып, Сингапур жаңа мәртебеге ие болып, патшалықтың жеке отарына айналды. 1963 жылдың 16 қыркүйегінде Сингапур мен Кіші Азияның қосылуы Сингапурдың жеке федерация болуына жол бермеді. 1965 жылдың 12 желтоқсанында Сингапур

жекереспублика деп танылды. Республика территориясында 57 арал бар. Мұндағы күнделікті орташа ауа қысымы 26,6 градус. Мемлекеттің ресми тілі малай тілі, қытай тілі, ағылшын және гамиль тілі. Ұлттық тіл - малай тілі, әкімшіліктің тілі - ағылшын тілі.

Баспасөз.

Сингапур халқы тәрізді БАҚ-ң да бірнеше түрі бар. Өйткені, мұндағы ресми тілдің өзі төртеу. Сондықтан ірі Азия елдері мен салыстырғанда мұндағы баспасөз, теледидар, радио сәл-пәл артта қалған. Мысалы, Жапон, Үнді елдерінің БАҚ-нан... Мұнда экономикалық база төмен. Бірақ, қазіргі заман талабына сай Сингапур журанлистикасы электронды техниканы пайдалану жағынан әлдеқайда жоғары. Әсіресе, теледидар мен баспасөздің даму үрдісі көкейге қонымды. Қазір жақсы безендірілген газет, журналдар саны көбейді. Басқа елдердегідей бір бағытта қызмет атқаратын теледидар, газет, журналдар пайда болды. Соңғы кездері «Азиялық күйзеліс» бұл елдің журналистикасына да кесірін тигізбей қойған жоқ. Жарнама қызметі күрт төмендеп, экономикалық күйзеліске ұшырады.

1991 жылғы Өнесконың зерттеуі бойынша Сингапурдың мың тұрғынына 216 дана күнделікті газеттен келеді. Бұл бес адамға бір газет деген сөз. Қазір бұл көрсеткіш өзгерді. Күнделікті газет үш тұрғынға біреуден. Санының өсуіне байланысты сапасы да жақсарды. Баспасөздің жобасы өзгеріп, цензура билігі әлсіреді.

Газеттері.

«*Berita Harian*» газеті жергілікті Малай қоғамдастығына арналған. Газетте мемлекет және басқа елдердегі оқиғалар, спорт жаңалықтарынан бастап, саясат, дін аумағындағы өзгерістер қамтылады. Мәдениет пен салт-дәстүрді, өнер мен отбасы хақында хобби және малайлықтардың бос уақыты жайында мәліметтер беріледі. Газетте Малай тұрғындарының көзқарасын білдіретін жеке айдар бар. Газет мемлекет тұрғындарының көзқарасын қорғауға арналған. 1999 жылы 212 мың оқырманы болған.



«*Shin Min Daily News*» -1967 жылдың наурыз айынан бастап шығарылатын, соңғы жаңалықтардан хабар беретін кешкі газет. Бұл газет көңіл сергітуді ұнататын оқырманға арналған, жақсы безендірілге түрде қытай тілінде басылады. 1999 жылы бұл газеттің 413 мың оқырманы болған.

«*Tamil Murasu*» - үнді қоғамдастығына арналған күнделікті газет. Алғашқы нөмірі 1935 жылы жарық көрген. Мұнда үнді қоғамдастығына тікелей байланысты мақалалар ана тілінде жарық көреді. 1997 жылы 20 мың оқырман жаздырып отырған.

«The New paraq» газеті 1999 жылдың 11 сәуірінен бастап шығады. Газет көңіл сергітетін бағытты таңдаған. Жексенбі күнгі нөмірі екі негізгі бөлімнен: «көңіл сергітетін» және «жаңалықтар» болып бөлінеді.

Журналдары.

«*Citta Bella*» - тұңғыш рет ай сайын шығатын аймақтық қытай тіліндегі әйелдер журналы. 20 және 30 жас аралығындағы іскер, қазіргі заманғы әйелдерге арналады. Соңғы сан үлгілері мен саяхат, әуестік мәселелері мен қоса, қоғамдағы әйелдердің орны жайлы мәселелер қозғайды. 1999 жылдың маусым айында газет оқырмандары 27 мың 483-ке жеткен.

«*Go*» - жастар мен сәнді қуатын 18-24 аралығындағы бикештерге арналған. Өмірді жаңа бастаған жас қыздар тәрбиесі жайлы ой қозғайды.

«*Young parents*» журналы балалы ата-аналарға арналған. Мұнда дүниеге келген нәрестені қалай күтуге болады және он үш жасқа дейінгі балалар мәселелерін қарайды. 1999 жылдың сәуір айында 14 мың 644 оқырманы болған.

«*Home and dekor*» - үй шаруашылығымен айналысатын адамдарға арналған газет. Әдемі суреттер мен үй мәселесіне қатысты жаңалықтар басылады. Осы аталған газет-журналдар жарнама арқылы күн көреді.

Тележурналистикасы.

Сингапурдың теледидары ХХ ғасырдың 60-70 жылдары тәуелсіздік алғаннан соң дами бастады. Тек қана Сингапурде емес, сонымен қоса Қазақстанда да журналистика тәуелсіздік алғаннан кейін дами бастаған еді. Теледидар хабарлары әртүрлі проблемаларды ағылшын, қытай, малайзия тілдерінде қозғайды. Бүгінде Сингапурде екі мемлекеттік арна бар. Олар: «Қоғамдық арна» және «Эфир» телеарнасы. Белгілі телеарналардың ішінде жаңалықтар арналары «Әлем» және «Эфир-2». Аты айтып тұрғандай-ақ теледидар көрермендеріне спорт, саясат, экономика, музыка төңірегіндегі сщңғы жаңалықтарды ұсынады. Жаңалықтарды күніне төрт рет; таңертең, түсте, кешке, түнде қайталайды. Сонымен қатар Сингапурде 7 ірі тәуелсіз телеарналар да қызмет атқарады.

Радиожурналистика.

Сингапурде 10-нан астам радиостанция бар. Ол әртүрлі жаңалықтар мен хабарларды таратады. Мұнда классикалық әуендерден бастап, үнді әуендерін де тыңдауға болады. Көрермендердің көңілінен шығатын бірнеше радиостанциялар бар. Соның бірі өте көңілді, оперативті – «*Class-95FM*» радиосы, «*Warna*» радиосы. Мұнда соңғы сарындағы әндерді тыңдауға болады. «Симфония-92FM» Сингапур радиосынан класикалық әуендер ойнайды.

«*Алтын 90,5*» - демалыс күні көңіл сергіткісі келетін тыңдарманға арналған. Джаз, классика, латын американдық әуендер сияқты кез-келген

сазды ұсынып, тыңдарман көңілінен шығуды ойлайды. Саясат, экономика, мәдениет жаңалықтарын оқиды. Бұл Сингапурдегі ресми радиостанция.

Интернет жүйесі.

Сингапурде компьютерлік технология жаңа кезден-ақ пайда болды. Сол себептен электронды бұқаралық ақпарат құралдарының қатары көбейді. Мысалы, интернет, электронды почта т.б. сингапурдың тарихы, мәдениеті, саясаты жайлы арнайы сайттар да бар. Радио сайттары кейде интернет арқылы да таратады. Телеарна бағдарламаларының да арнайы сайттары бар. Одан әртүрлі фильмдерді, клиптерді және т.б. көруге болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Сингапур елінің баспасөз тарихы.
2. 1999 жылдың 11 сәуірінен бастап шыға бастаған газет?
3. Тұңғыш рет ай сайын шығатын аймақтық қытай тіліндегі әйелдер журналы?

Тест

1. 1991 жылдың ЮНЕСКО-ң зерттеуі бойынша Сингапурдың 1000 тұрғынына күнделікті газеттің нешеуі келеді?

- A) 5
- B) 10
- C) 100
- D) 216
- E) 1000

2. Сингапурдың қай газеті жергілікті Малай қоғамдастығына арналған?

- A) “Go”
- B) “Сабах”
- C) “Times”
- D) “O Pothos”
- E) “Berita Harian”

3. Сингапурдың ай сайын қытай тілінде шығатын әйелдер журналы табыңыз?

- A) “Berita Harian”
- B) “Berita Harian”
- C) “Go”
- D) “Time”
- E) “Life”

4. Сингапурдың “Citta Bella” әйелдер журналының бағыты?

- A) балалы ата-аналарға арналған
- B) экономикалық материалдар
- C) 20-30 жас аралығындағы іскер, қазіргі заманғы әйелдерге арналған
- D) әлеуметтік мәселелерге арналған
- E) спорттық материалдар

5. Сингапурдың “Шин Мин Дейли Ньюс” газетінің сипаты?

- A) таңертеңгілік газе

- В) апталық газет
- С) айлық газет
- Д) кешкі газет
- Е) тоқсандық газет

6. Сингапур тележурналистикасы қашан дами бастады?

- А) 1880ж.
- В) 1920ж.
- С) 1940ж.
- Д) 1960ж.
- Е) 1990ж.

Қазіргі Болгария журналистикасы

Болгария Республикасы — Балқан түбегінің шығыс бөлігіндегі мемлекет. Жері 110 мың км². Халқы 7,7 млн. адам (2007). Негізгі халқы болгарлар(85%), бұған қоса түрік, сыған, әрмен, грек, т.б. ұлттар өкілдері тұрады. Астанасы – София қаласы Халқының көпшілігі православие дінін ұстанады, 13%-ы мұсылмандар. Ірі қалалары: София, Пловдив, Варна, Бургас, Русе, Стара-Загора, Плевен, Добрич, Перник.

Үкімет түрі: Парламенттік республика.

Президенті: Румен Радев.

Вице-президенті: Илиана Йотова.

Премьер-министрі: Бойко Борисов.

Мемлекеттік діні: зайырлы мемлекет. Діні - православия. Астанасы - София.

Баспасөз.

Алғашқы болгарлық мерзімді басылым - "Любословие" журналы. Оның құрушысы және редакторы көпес, мұғалім және аудармашы Константин Фотинов болды. Ол айына бір рет Смирна қаласында (Түркия) "Любословие" шығара бастайды – бүгінде бұл Измир қаласы. 1844 жылдың сәуірінен 1845 жылдың наурызына дейін және 1846 жылдың қаңтарынан 1846 жылдың желтоқсанына дейін 24 нөмір жарық көрді. "Любословия" таралымы 500-ге жуық дананы құрады.

Фотинов журналдың иесі және жасаушысы ғана емес, сонымен қатар оның негізгі авторы болды. "Любословие" журналында жазушылардың қатарына: Васил Априлов, Гаврил Кръстевич, Никола Тъпчилещов, Стефан Изворски және басқа да Болгар ағартушылары, родолубтар, донорлар және қоғам қайраткерлері кірді. Алғашқы Болгар журналы шыққаннан кейін екі жыл өткен соң, "Българский бүркіт" деп аталатын алғашқы Болгар газеті шыға бастады. Оның редакторы Болгар дін қызметкері, ағартушы және журналист Иван Богоров болды. Газет ұзаққа созылмады-1846 жылдың 20 сәуірінен 1847 жылдың 1 қаңтарына дейін тек үш нөмір шықты. Ол Лейпцигте басылып шықты және Болгарияның барлық аймақтарында белгілі болғандай, таза халық тілін сақтауға деген ұмтылысын білдірді. Проф.

Филипп Панайотовтың айтуынша, "Болгар бүркіті" ақпараттық газет ретінде толығымен сол кезде Еуропаның ең дамыған елдерінде бекітілген ең жаңа, заманауи басылымдар рухында жасалған. Осылайша ол бір секіріспен өзінің еуропалық әріптестеріне жетуге тырысады" Болгария Конституциясы баспасөз және сөз бостандығын қарауда. Тәуелсіздіктің соңғы жылдары ақпарат құралдарының құқықтық жағдайы (Конституциядан тыс) белгісіз болып келді. 1999 жылы қарашада бұл жағдайдың беті аздап ашылды. Қазір радио және телестанцияларға лицензия алуға жаңа мүмкіндік туды. Жаңа заң бойынша бүкіл теледидар желілері үкіметке бағынышты. Бұл заңға қарамастан радиобағдарламалар «тапқырлық бостандықты» ебін тауып пайдаланып отырды. Мысалы: ақпан айында сатиралық телебағдарлама «*Hushove*» Үкіметке қарсы көрсеткен сыни материалы үшін қуғынға ұшырады.

Жаңа заң бойынша ақпарат құралдарына соттан басқа ешкімнің билігі жүрмейді. Егерде кімде-кімнің теле және радиостанцияларды жабқысы келсе, ол соттан рұқсат алу керек; мемлекет қызметкері БАҚ жағынан қоғамдық зерттеуге араласуы мүмкін. Егерде қоғамның қызығушылығы болса олар жеке өмірге байланысты ақпаратты жасыруға құқықтары жоқ. Тек бұл ақпарат қоғамның назарын аударарлық болуы қажет.

Соңғы екі жылда саяси ұйымдар көптеген бюллетендермен қатар газет-журналдарды да шығарып тұрды. Әрине, бұл басылымдардың негізгі бөлімдері саяси көзқарастары мен бағдарламалары жөнінде материалдар болды.

Мемлекеттік емес ұйымдардың ақпарат құралдарының өкілдері мен газет кеңселеріне қарсы 11 рет ұйымдастырылған күшті шабуыл жасады. Осындай қимылдарымен аталмыш баспасөз журналистерін қорқытқысы келді. Бәрімізге белгілі Қылмыстық кодексі бойынша «жала» әшкереленеді, сонымен бірге бұл журналистік этикасында және адам құқығын қорғау жөніндегі ұйымдар кодексінде қаралған. Болгарияда жала жабылып бас бостандығынан айрылған тілшілер жайында екі жағдай тіркелген.

Ұлттық телеарналар мен радионың ақпарат құралдарының жаңа заңы қабылдану үстінде. Бұл жөнінде көптеген журналистика шолушылары өз пікірлерін білдірген.

Бүкілұлттық болып тек екі мемлекеттік телеарна ғана жұмыс істейді. Сонда да Үкімет олардың біреуін мүлдем тоқтатуды немесе жекешелендіруді болашақта жоспарлап отырғанын жариялады. Сонымен ақпараттар ағымы бір күнде 5 минутқа қысқартылды, уақыттың негізгі бөлімі мұрағат материалдары және ескі киноларға бөлінді.

Болгарияда 30-дан астам тәуелсіз радиостанциялар бар (барлығы дерлік жергілікті). Бірақ, жаңа заңның пайда болуына байланысты олар заңсыз болып табылады (лицензия алмағандықтан, құжат тіркелмегендіктен). Тағы бір айтар нәрсе оларға бағдарлама барлық құралдарға қызмет етуі орталық үкіметке жататындығы бағалы жұмыс. Бұл ұлттық (мемлекетке жататын) радиомен бәсекеге түсу мүмкіндігінен айрылуға әкеліп соқтырды.

Басқа елдермен салыстырғанда бүгінгі күнде Болгарияда көлемді газеттер «*Nedelnik*», «*Kultumi vesti*», «*Aspects*», «*Chronicle*» және т.б.

Болгарияның күнделікті газеті - «*Nedelnik*». Болгария жаңалықтарын беріп тұратын айдарлары бар, онда саясат, әлеуметтік мәселелер, өнер, ойын-сауық, спорт тақырыптары қамтылады. Басылым көбіне Балқан мен Еуропа оқиғаларына, ірі әлемдік қарым-қатынасқа көңіл бөлуде. Әр апта сайын ойын-сауық, әзіл-қалжың беттері беріліп отырады. Оқырмандар «*Nedelnik*» газетінен Болгарияның, Канада елінің және Австралияның соңғы жаңалықтарын оқи алады. Бұл газетті студенттер, кәсіпкерлер, заңгерлер де алып оқиды.

«*Daily Chronicle*» (күнделікті хроника) – Болгариядағы ағылшын тіліндегі жалғыз газет. Басылымда орталық сауда, экономикалық жекешелендіру, саясат және ойын-сауық жайында толық ақпарат беріледі. Төрт жыл шамасында газет Болгарияға қатысты ағылшын спикерлері және жергілікті белгілі кәсіпкерлер туралы ақпарат жеткізу жағынан бірінші болды.

Болгарияның көлемді журналдары:

«*Admirer Art Magazine*» - өнер, әдеби журналы.

«*EGOIST Magazine Online*» - Болгарияның электронды журналы.

«*PS Magazine Bulgaria*» - айлық басылым, компьютер техникасымен қызығушыларға арналған журнал.

«*Serdica Mathematical Journal*» - үш айда бір шығатын, Болгария Ғылыми Академиясының математика және информатика институтының басылымы.

«*Sofia Western News*» - жаңалықтар журналы.

«*Welkya*» - Болгарияның электрондық-әдеби журналы.

Тележурналистика.

Бірінші - Болгарияда теледидарлық сигналдың эксперименттік берілуі 1953 жылы 16 мамырда, көрнекті Болгар ғалымы Ангел Балеvскийдің (сол кездегі профессор) фотосуреті бір залдан екінші залға жіберілген кезде жүзеге асырылды. Оқиға Софиядағы машина-электр институтының ғимаратында болды. Болгар теледидарының тұрақты эксперименттік бағдарламалары Қазан социалистік революциясының мерейтойына орай 1954 жылы 7 қарашада басталады. 26 жылы 1959 Желтоқсанда Болгар теледидарының ресми ашылуы болды.

Бұл екі танымал зерттеуші доктор Младен Младенов пен проф. Владимир Михайловтың айтуынша. Доктор Младенов өзінің "теледидар журналистикасы" кітабында үш бөлімнен тұратын алғашқы теледидарлық бағдарламаны таратуға қатысты фактілер мен мәліметтерді қысқаша сипаттайды. Бір сағаттан астам уақытқа созылған біреуінде алдыңғы қатарлы құрылысшыларға марапаттар мен шетелдік телеарналарды құттықтау көрсетілді; екіншісінде олар екі сағат бойы концерт берді, ал үшіншісінде "бір күн бұрын" Болгар-кеңестік фильмін көрсетті.

Болгар теледидары Кеңес Одағы мен басқа социалистік елдердің теледидарының техникалық стандарттарын толығымен қабылдайтыны белгілі болды. Ол кезде теледидарда бір ғана жылжымалы теледидар станциясы және 80 шаршы метрлік жалғыз теледидар студиясы болған. Тағы бір Болгар зерттеушісі проф. Владимир Михайлов теледидарлық бағдарламаның дамуының басында жаңалықтардың үстемдігіне назар аударады: "экрандық журналистика өзінің алғашқы қадамдарын жасағандай, ең алдымен бағдарламада жаңалықтар пайда болды. Айта кету керек, ең басында жаңалықтар шығарылымы нақты белгіленген күндер мен сағаттарда шықпады, сонымен қатар олардың ұзақтығы тіркелмеген. Әдетте жаңалықтар шамамен 21 сағатқа созылды, бірақ бұл әрдайым сақталмады. Ия, және бұл жаңалықтардың өзінде Болгар телеграф агенттігі немесе София радиосы сілтеме жасады. "Жарық бойынша және бізде" атты публицистикалық бағдарлама (әлемде және бізде) 1968 жылдың 15 маусымында шағын экранда шығады". Теледидар БАҚ - тың жаңа түрі ретінде пайда болған кезде, ол қазірдің өзінде құрылған ақпараттық құрылымдардың-газеттердің, бюллетеньдердің, телеграф агенттіктерінің, радиостанциялардың және т.б. барлық әдістері мен технологияларын қабылдады. Осыған байланысты, тоталитарлық биліктің қысымына қарамастан, Болгар теледидары байланыс пен ойын-сауықтың таптырмас құралы ретінде дамыды. 60-жылдары Болгар теледидары өте қарқынды дамып келеді және алғашқы жылдардан кейін, негізінен ақпараттық, қоғамдық-саяси және спорттық бағдарламалар басым болған кезде, 2:1 қатынасын ақпараттық ойын-сауық жанрларының пайдасына қабылдай отырып, репертуарын күрт байытады. Статистика 1967, 1968, 1969 жылдары ақпараттық-публицистикалық және білім беру бағдарламалары 67%, ал көркем музыка мен ойын-сауық бағдарламалары жалпы хабар тарату торында 33% болғанын көрсетеді. 70-ші жылдардың ортасына дейін елде аймақтық теледидар орталықтары – Пловдив, Варна, Велико Търново, Благоевградта және сәл кейінірек – Врацада өз жұмысын бастады. 1977 жылы екінші тәулік бойы жұмыс істейтін теледидар бағдарламасы дүниеге келді, ал бес жылдан кейін түрлі-түсті теледидар пайда болады.

Светла Цанкова болгарлардың радио мен теледидарға қатынасы, мемлекеттік медиа саясаты және электронды медианы идеологизациялау туралы қызықты қорытынды жасайды: "...Радио да, теледидар да мемлекеттік медиа саясат екінші бағдарламаның рөлін қосымша, тіпті қызмет көрсету деп те анықтады.

Тағы бір қорытынды жасауға болады – болгариялық тыңдаушы мен көрермен өте белсенді аудитория болды – сауалнамаға сәйкес, ел халқының 90% - ы күн сайын радионы тыңдады, ал 80% - ы теледидарды көрді. Әрине, электронды бұқаралық ақпарат құралдарының кәсіби қызметі баспасөзден гөрі идеологияландырылды, тіпті белгілі бір дәрежеде бұл идеологизация күшті болды, өйткені ол тірі, тікелей және визуалды байланысқа, оның

әсеріне сенді. Тоталитарлық кезеңдегі медиа тек әлеуметтік институттар ғана емес – олар идеологиялық болды.

Бұл функцияның салдары ұзақ уақыт бойы 1989 жылдың 10 қарашасынан кейін теріс әсер етті.” Болгарияның теледидар нарығы көбінесе қаныққан деп сипатталады. Үш Ұлттық телеарна-мемлекеттік ВТV, жеке bTV және Nova TV-тұрақты хабар тарату лицензиялары бар,16 эфирлік хабар таратушы уақытша лицензиялар негізінде жұмыс істейді.Болгарияда бүгінгі күнде тек екі ғана мемлекеттік арна бар. Болашақта оның біреуін жекешелендіру жоспарлануда. Бұл бағытта жұмыс басталыпта кетті: бағдарлама көлемі және уақыты қысқартылу үстінде. Тәуелсіз арналар республикада 28-30 жуық (жергілікті, облыстық). Телеарналардың негізгі бөлігі тіркелмеген, әғни заңсыз түрде жұмыс атқаруда. Болгария телеарналар хабар таратуы бүгінде болгар, орыс, ағылшын, неміс (бір тәулікте 20-25 минуттан аспайды) тілдерінде жүргізіледі.

Болгария республикасында ең танымал - Болгария ұлттық телеарнасы. Серікті телеарнадан алынған ақпарат заңда қаралмаған. Шетел БАҚ-н алынған толығымен заңды болып саналады.

«*Bulgarian National Television*» - Болгарияның мемлекеттік телеарнасы. Болгар және орыс тілдерінде жиі жүргізіледі. Толық бағдарламасы 60-тан астам хабар қосады.

Телеарналардың мақсаттары:

Қатысушы апаратты – студиялы кешеннің ауқымдылығы және модернизация.

Танымал әлемдегі фирмалардың жаңа жоғары тұрғыдағы сандық құралдарымен студияны жабдықтау.

Эфирлік студияның, монтаждық студияның, жаңалықтар студиясының, қоғамдық бағдарлама және түсіретін студияның модернизациясы.Жаңа технология қондырғыларымен жабдықталған әлеуметтік және коммерциялық бағдарламаларға монтаж студиясын құру.

Жедел түрде жиындарға жету үшін қозғалмалы (шағын автобус) телевизилық студияны құру.

Тиражды студияны құру.

Республикалық облыс орталықтарынан қабылдайтын серікті қабылдағыш орнату.

Шетел бағдарламаларын болгар және орыс тіліне аударып көрсету.

Статистика бойынша 1,2 млн. (4,1 млн. адам) отбасы бағдарламаны орыс және болгар тілдерінде көреді екен.

Радиожурналистика.

Болгар ұлттық радиосының пайда болуы мен дамуы әлі күнге дейін дамымаған Шығыс Еуропа мемлекетін жедел модернизациялаудың ерекше дәлелдерінің бірі болып табылады. Шамамен 30 жыл өткен соң, түрік құлдығынан босатылып, ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, Болгария мемлекеті радио саласындағы алғашқы радио эксперименттерге – радио толқындары арқылы ақпарат беру әрекеттеріне жасыл жарық береді.

Болгарияда алғаш рет радиосигналды тарату және қабылдау 1903 жылы, ал алғашқы Болгар радиосы 1929 жылы қарашада эфирге шығады. Софияда. Радиотехник Георги Вильков музыка мен дауысты қолдан жасалған радиостанцияның көмегімен жеткізді.

Проф. Веселин Димитров атап өткендей, екі жыл бұрын Болгария Парламентінде (халық жиналысы) Бірінші Болгар радио Заңының прототипі болып табылатын заң жобасын талқылау басталды. Оны сол кездегі қатынас жолдары министрі Кимон Георгиев талқылауға ұсынды, ал оның авторлары проф. Асен Златаров, журналист Димо Казасов, генерал Белизар Лазаров, доктор Янчулов, радиоаппараттардың сатушысы Никола Джебаров және радиоинженер Георги Георгиев болды. 1930 жылы "Родно радио" ("Родное радио") қоғамдық ұйымы 1935 жылға дейін тұрақты хабарлар тарата бастады. Алғашқы хабарлар бірнеше сағатқа созылды және аптасына бірнеше күн эфирге шықты. Олардың құрамына негізінен шіркеу қызметтері, таңертеңгілік жаттығулар, спорт және туризм жаңалықтары, биржалық ақпарат, экономикалық әңгімелер және әлемдік және жергілікті нарықтағы бағалар туралы ақпарат, музыка, ауылшаруашылық жаңалықтары және т.б. кірді [2]. Кейінгі жылдары елдің ішкі бөлігінде радиостанциялар біртіндеп пайда бола бастады - "Варна" радиосы (1934), "Стара Загора" радиосы (1936) және "Пловдив" радиосы (1955). "София" радиосы (1935-1960) өз атауын Болгар радиосына ауыстырады (1960-1990). 70-ші жылдары "Орфей" (1971-1992), "София" (1976-1998), "білім" (1977-1992) бағдарламалары және осы уақытқа дейін шыққан: "Хоризонт", "Христо Ботев" бағдарламалары, "Шумен" және "Благоевград" радиостанциялары.

Ал 1990 жылдан бастап-болгар ұлттық радиосы. Бірнеше жылдар бойы Болгарияда радио бағдарламалары мазмұны жағынан да, жанрлық жағынан да дамып, байытыла бастады; тоталитарлық режимнің соңғы 10-20 жылында олар барған сайын жекелендіріліп, диалогты күшейтті, тұтастай алғанда – басқа болгар медиалары сияқты, радионың дамуына партиялық бақылауға, дөрекі идеологизацияға және коммунистік билік пен оларға қызмет көрсететін органдардың сөз бостандығын шектеуге байланысты барлық деформациялар әсер етті. Болгарияда бүгінгі күні 55 радиостанция тіркелген (мемлекеттік, жергілікті, облыстық, қалалық). Бағдарламаларының негізгі бөлігін орыс және болгар тілдерінде таратады. Түркиядағы қайғылы оқиғадан кейін жергілікті ұлттық радио филиалдары түріктілділерге арнап аздаған уақыт түрік тілінде таратын болды.

Болгариядағы танымал радиостанциялар: «*Varna*», «*Horizont*», «*Stolnik*», «*Christo Botev*».

Болгарияның ұлттық радиосы – бұл радиостанция бір күн шамасында болгар және орыс тілдерінде ақпараттық, ойын-сауық, спорттық бағдарламаларды эфирден береді. Станция басшылығы София қаласында оналасқан, көптеген аймақтық филиалдары да бар.

Интернет журналистика.

Болгарияда интернеттің дамуы 1993-1994 жылдары басталды, 1995 жылы "Интернет-қоғам — Болгария" коммерциялық емес қоғамы құрылды, оның мақсаты ақпарат алмасуды дамыту және Интернетті танымал ету болды. Егер 2000 жылы халықтың тек 5,4% - ы желіні қолданса, 2004 жылы бұл көрсеткіш 20,3% - ға дейін және 2005 жылы 28,5% - ға дейін өсті. Барлық дерлік жетекші ұлттық және аймақтық газеттер Интернетте ұсынылған және олардың санының өсу тенденциясы байқалады, бірақ оларда бірыңғай интернет стратегиясы жоқ: кейбір газеттер ақысыз қол жетімді, кейбіреулері жазылушыларды сақтап қалуға тырысады, тіркеуді немесе тіпті ақылы қол жетімділік формаларын енгізеді. Көбінесе онлайн нұсқалары басып шығарудан біршама ерекшеленеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Болгария баспасөзінің тарихы.
2. Болгарияда интернет қашан дами бастады?
3. Қандай телеарна 60-тан астам хабар қосады?

Тест

1. Болгарияның БАҚ туралы жаңа заңы қашан қабылданды?
 - A) 1999ж, қараша
 - B) 1968ж, қантар
 - C) 1945ж, мамыр
 - D) 1875ж, желтоқсан
 - E) 1789ж, ақпан
2. Болгарияның мемлекеттік телеарнасын атаңыз?
 - A) “Польсат”
 - B) “Чейннел 11”
 - C) “Сити Кэбл”
 - D) “Эфир”
 - E) “Булгариан Национал Телевизион”
3. Болгарияның танымал радиостанциясын атаңыз?
 - A) “Уньон Радио”
 - B) “Симфония – 92 ФМ”
 - C) “Фашион Зоне”
 - D) “100 ФМ Мелодия”
 - E) “Варна”
4. Болгарияда ағылшын тілінде шығатын газетті атаңыз?
 - A) “Дейли Хроникл”
 - B) “Ситта Белла”
 - C) “Сабах”
 - D) “Бухарест бизнес апта”
 - E) “Таймс”
5. Болгарияның өнер, мәдени тақырыпқа арналған журналын атаңыз?
 - A) “Уилкай”

- В) “Тайм”
- С) “О Пофос”
- Д) “Адмирел Арт Мэгэзин”
- Е) “Привеа”

6. Төмендегі басылымдардың ішінен Болгарияның газетін табыңыз?

- А) “Сабах”
- В) “Хералд”
- С) “Дейли Ньюс”
- Д) “Култуми вести”
- Е) “Джанг”

Қазіргі Пәкістан журналистикасы

Пәкістан оңтүстік-азиялық субконтинетінің солтүстік бөлігінде орналасып, Үнді, Иран және Ауғаныстан елдерімен шекараласады. Жер көлемі 803,9 мың шаршы шақырым. Бұл аймақтың климаты жылы. 1991 жылғы сараптамаға сүйенсек, халқының саны 115,5 млн. адам және тұрғындардың көбі ірі қалаларда өмір сүреді екен. Мемлекеттік тіл – урду тілі, ал ресми тіл – ағылшын. Халықтың көп бөлігі ислам дінін ұстанады.

Баспасөз.

Тәуелсіз Пәкістанның баспасөзі өз бастауын бірнеше аймақтық газеттерден алады. Солардың ішінде ағылшын тіліндегі «*Пәкістан тайме*» газеті (1946 жылы құрылған), урду тіліндегі «*Джанг*» атты күнделікті газеті (1941 жылы Делиде құрылып, 1947 жылы Карачиге ауыстырылған), «*Нава-и-факт*» (1945 жылдан бастап шығады) және ағылшын тіліндегі күнделікті «*Доон*» газеті. Пәкістан журналистикасының дамуына жабылып қалған газеттер де өз үлестерін қосқан еді. Олар: «*Сивил энд Милитари Газет*» (1953 жылы жабылған), «*Синд Об Сервер*» (1952 жылы жабылған), «*Тайме оф Карачи*» (1953 жылы жабылған) және Мұсылман лигасының ресми органы «*Пәкістан стандарт*» (1955 жылы шығуын тоқтатты).

Ресми статистикалық деректер бойынша 80 жылдар аяғында Пәкістанда 1278 басылым шығарылған, оның 934-і урду тілінде болған. Сауалнама көрсеткішіне сүйенсек, халықтың сауатты тұрғындарының 97 пайызы аталмыш тілде оқиды екен. 86 газеттер мен журналдар ұлттық тілде шығады екен: 66 – синдхи тілінде, 8 – пушту тілінде, 6 – гуджарати тілінде, 3 – панджабе және булачи тілдерінде. Негізгі басылым орталықтары – Лахор және Карачи. Күнделікті газеттердің дерлік барлығы және кейбір апталық газеттер қоғамдық-саяси газеттер болып табылады. Ал айлық журналдар әдебиет, өнер, ғылым және мәдениет, техника және экономика мәселесіне арналған. Пәкістанның баспа органының таралымы, әдетте, 50 мыңнан 300 мың данаға дейін жетеді.

Пәкістанның ірі бұқаралық газеттері: ағылшын тілінде - «*Доон*», «*Пәкістан тайме*», «*Муслим*», «*Нейшн*», «*Бизнес рекордер*», «*Маг*»; урду тілінде - «*Джанг*», «*Нава-и-факт*», «*Маширик*», «*Ахбар-и-джахан*», «*Мезран*»; синдхи

тілінде - «Хилал-Пәкістан», «Мезран»; гуджарати тілінде - «Миллат». Аймақтық газеттер ішінен «Фронтер пост», «АМН», «Магриби Пәкістан», «Хайдер» басылымдарын атауға болады.

1964 жылы наурыз айында 28 ірі кәсіпкерлер мен Ұлттық банктің біріккен күшінің арқасында Ұлттық трест құрылады (ПҰТ). ПҰТ мемлекет сайлайтын басшылар кеңесімен басқарылады. Тресттің «Морнинг Ньюс», «Маширик» және әйелдерге арналған «Ахбар-и-хаватин» газеттері бар. Негізі аталмыш трест мына мақсатпен құрылған болатын: БАҚ-ты мемлекеттің саяси бағытына бағындырып, баспасөзді бақылауға алу еді.

«Пәкістан Хералд Пабликешнс, ЛТД» Харунов отбасының меншігі болып табылады. Бұл меншікке «Доон», кешкі газеті «Стар» және «Хералд» журналы кіреді.

«Джанг» тобы ірі кәсіпкер Халилур Рахманға бағынышты. Бұл топқа «Джанг», «Дейли Ньюс», «Ахбар-и-Джахан» және «Маг» газеттері жатады. Лондонда «Джанта» атты урду тіліндегі апталық газеттері шығарылады. «Джанг» газеті Пәкістандағы таралымы жағынан ең ірі газет болып есептеледі, 1989 жылы 1 миллион данаға жеткен екен.

1973 жылы Пәкістан Конституциясының 19-шы тармағында сөз бостандығы жарияланған, бірақ кейбір кезде «саналы шектеулер» болуы мүмкін делінген. Бұл шектеулер ислам абыройын қорғау, елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шетелдермен достығын нығайту мақсатында туған.

1964 жылдың шілде айында Пәкістанда баспасөз этикасының Кодексі қабылданды, ал 1980 жылы көптеген өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп журналист этикасының жаңа Кодексі қабылданды. Кодекс бойынша, журналистерге өз мамандықтарын бұқара және мемлекетке қарсы қолдануға тыйым салынады және шетел мемлекеттерінің өкілдерінен қаражат көмегін алуға болмайды.

1986 жылдан бастап Пәкістан үкіметі журналист қаламақысын төлеу жүйесінің жаңа әдісін ұсынды. Бұл жүйе бойынша баспасөздің барлық бөлімдері мен агенттіктері екі категорияға бөлінеді: 1) таралымы 10 мың данадан асатын, Карачи, Лахор, Равалпиндиде басылатын газеттер және жылдық пайдасы 2 миллион рупийден жоғары баспа агенттіктері; 2) Хайдарабад, Мултан, Фейсалабад, Пешавар, Кветте шығарылатын барлық газеттер және баспа агенттіктерінің барлық бөлімшелері.

Журналистердің арасында ең жоғары жалақыны бірінші категориялы газет қызметкерлері алады. Ал қызметкерлер білімдері мен жұмыс орындарына байланысты тоғыз сатыға бөлінеді, сол сатылар бойынша жалақы алады.

Пәкістан баспасөзі үшін журналистерді Панджаб және Карачи университеттері дайындайды.

Радиожурналистика.

Пәкістанның Мемлекеттік хабар тарату корпорациясы (РВС) 1947 жылы 14 тамызда Пәкістанның Тәуелсіздік күні құрылды. Бұл кейінірек бүкіл Үндістан радиосына айналған Үнді хабар тарату компаниясының тікелей

ұрпағы болды . Тәуелсіздік алғаннан кейін Пәкістанда Дакка , Лахор және Пешаварда радиостанциялар болды . Ауқымды кеңейту бағдарламасы аясында 1948 жылы Карачи мен Равалпиндиде жаңа станциялар , ал 1950 жылы Карачиде жаңа хабар тарату үйі ашылды. Одан кейін Хайдарабадтағы (1951), Кветте (1956) және Равалпиндидегі екінші станция (1960) және Пешавардағы қабылдау орталығы (1960) жаңа радиостанциялар пайда болды. 1980-1990 жылдары корпорация жергілікті тұрғындарға сапалы қызмет көрсету үшін Пәкістанның көптеген қалаларын қамтып, өз желісін кеңейтті. 1998 жылдың қазан айында Пәкістан радиосы FM диапазонында алғашқы хабар таратуды бастады. Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарын неғұрлым либералды реттеуге байланысты жүзден астам мемлекеттік және жеке радиостанциялар бар. Лицензиялар

Пәкістандағы бұқаралық ақпарат құралдары Пәкістандағы теледидар , радио , кино , газет-журналдар туралы ақпарат береді . Пәкістанда жарқын ақпарат құралдары бар; Оңтүстік Азия мен әлемдегі ең серпінді. Пәкістандағы бұқаралық ақпарат құралдарының көпшілігі жеке болып табылады. Пәкістанда күнделікті 300-ге жуық жеке газет шығарылады. Пәкістанның статистикалық бюросының (бұрынғы Федералды статистикалық бюроның) мәліметтері бойынша, 2009 жылы олардың күнделікті сатылымы 6,1 миллион дананы құрады. Теледидар Пәкістан қалалары мен елдің үлкен аудандарының тұрғындары үшін жаңалықтар мен ақпараттың негізгі көзі болып табылады. ауылдық жер. Gallup Pakistan маркетингтік зерттеу компаниясы 2009 жылы Пәкістанда көрермендерді 86 миллион адам көрді деп есептейді. Бұқаралық ақпарат құралдары саяси қысымға және кейде саяси мүдделі адамдар енгізген тікелей тыйымдарға қарамастан, сөз бостандығын пайдаланады. 2002 жылдан бастап Пәкістанның бұқаралық ақпарат құралдары ықпалды және тәуелсіз болды, ал жеке телеарналардың саны 2000 жылғы үш мемлекеттік телеарнадан 2012 жылы 89-ға дейін өсті, деп хабарлайды Пәкістанның электронды БАҚ-ты реттеу басқармасы . Пәкістандағы жеке ақпарат құралдарының көпшілігі Мушарраф режимінде өркендеді . Пәкістан жарқын медиа ландшафтқа ие және тәуелсіздікке ие. 2002 жылы ырықтандырудан кейін теледидар секторы бұқаралық ақпарат құралдарының өрлеуін бастан өткерді. Қатаң бәсекелестік ортада коммерциялық мүдделер бірінші орынға ие болды және сапалы журналистика сенсацияларға жол ашты.

Радиосекторда мұндай өсу байқалмаса да, тәуелсіз радиоарналар көп және олар өте маңызды ақпарат көзі болып саналады, әсіресе ауылдық жерлерде. Пәкістанда жарқын ақпарат құралдары бар; Оңтүстік Азиядағы ең серпінді және ашық. Бұқаралық ақпарат құралдары көбінесе сөз бостандығын пайдаланады . 89-дан астам теледидар арналары сатира, музыкалық бағдарламалар , фильмдер , діни қойылымдар , саяси ток-шоулар және күн жаңалықтарын таратады. Кейде теледидар арналары кәсіби емес және саяси Пікірлер үшін сынға ұшыраса да, олар медиа ландшафт пен Пәкістан қоғамына үлкен үлес қосты.

Радиоарналар көп және өте маңызды ақпарат көзі болып саналады, әсіресе ауылдық жерлерде. "Пәкістан радиосы" мемлекеттік арнасынан басқа бірқатар жеке радиостанциялар тәуелсіз журналистік материалдар мен жаңалықтарды таратады. Бірақ радио мазмұнының көп бөлігі музыка мен ойын-сауық. Урду тіліндегі ірі ұлттық газеттерден бастап жергілікті тілдегі шағын жергілікті газеттерге дейін жүздеген пәкістандық газеттер бар. Пәкістанның медиа секторына меншік құрылымы қатты әсер етеді. Пәкістандағы барлық радиолар мемлекеттің саяси және әкімшілік бақылауына алынған.

1941 жылдан 1971 жылға дейін Пәкістан радиосы орталық үкіметтің ақпарат және радиохабарламалар Министрлігіне бағынған. Ал 1971 жылы қаражаты мол Пәкістан радиохабарламалар корпорациясының құзырына көшеді.

1947 жылы Пәкістанда ортатолқынды екі радиостанция болды - Лахорда және Пешаварда. 1948 жылдың 14 тамызында Карачидағы радиостанция, 1950 жылы Равалпидидегі, 1970 жылы 21 қарашада Мултандағы, 1971 жылдың 4 ақпанында Хайдарабаттағы, 1974 жылдың 26 ақпанында Кветтегі радиостанциялар дамытылады. Бұл дамыту барысында Пәкістанға қаржылай және техникалық көмек көрсеткен Кеңес Одағы болатын. Қазіргі уақытта аталмыш елде 22 радиостанция жұмыс істеп, халықтың 70 пайызын радиохабарлармен қамтамасыз етеді. Радиохабарлар 22 тілде жүргізіледі.

Пәкістан радиоларының бағдарламалары бюлетеньдерден, жаңалықтардан, ислам мәселесіне арналған дәрістерден, әдебиет, ғылым және педагогика тақырыбындағы хабарлардан тұрады. Ерекше орынды, әрине, әуез хабарлары, радио қойылымдар және коммерциялық жарнамалар алады. Тұрақты бағдарламалар да баршылық: *«Джайза»*, *«Нукта-и-назар»*, *«Интихаб»*, *«Мехнат кошанка программ»*, *«Пайдавар»*.

1973 жылы Пәкістан радиохабарламалар корпорациясының халықаралық бөлімі құрылады. Күнделікті хабар тарату қызметі 15 тілде жүргізілді (араб, урду, ағылшын, бенталь, бирман, парсы, француз, гуджарати, хинди, индонезиялық, суахили, түрік, өзбек, орыс және т.б.)

Тележурналистика.

Алғашқы теледидар станциясы 1964 жылы 26 қарашада Лахордан хабар таратуды бастады. Пәкістандағы теледидар 1990 жылға дейін Shalimar Television Network (STN) және Network Television Marketing (NTM) Пәкістанның алғашқы жеке телеарнасын іске қосқанға дейін Үкіметтің ерекше бақылауында болды. Ясин Джойя мырза жақында PTV бюрократиялық қастандықтарымен жабылған алғашқы бас директор (NTM) болды. Бірақ бұл пайдасыз болды, өйткені осы уақытқа дейін Кабельдік теледидар желісі Равалпинди, Исламабад, Лахор және Карачи сияқты қалалық қалаларда енгізілген болатын. 1990 жылдары шетелдік спутниктік телеарналар қосылды. Дәстүрлі түрде Пәкістанның Мемлекеттік телерадиокомпаниясы (PTV) Пәкістанда басым медиа ойнатқыш болды. PTV арналарын үкімет басқарады және оппозицияның көзқарастарына аз уақыт

бөлінеді. Соңғы онжылдықта GEO TV, AAJ TV, ARY Digital , BOL Channel HUM сияқты жаңалықтар мен ойын-сауықтарды көрсететін бірнеше жеке телеарналар пайда болды.

Пәкістандағы телеарналар 1967 жылы құрылған телекорпорацияға қарайды. Аталмыш корпорацияның негізгі бөлімі Исламабад қаласында орналасқан.

Пәкістан телеарналары жапон («Нонкон электрик компани») және британдық («Томсон Тележн Интернешнл ЛТД») фирмалары қолдаумен құрылған болатын. Ең алғашқы хабар Лахор қаласында 1964 жылы көрсетілді. Қазіргі таңда мемлекетте 1 миллионнан астам теледидар тіркелген.

Телеорталықтар Лахор, Карачи, Пешавар, Кветте, Равлпинди қалаларында бар екен. Барлық телебағдарламалар осы орталықтарда дайындалады. Барлық орталықтар күнделікті алты жарым сағат уақыт қана көрсетеді екен. Бағдарламалар негізінен экономика, ислам діні, саяси жағдай, әдебиет, мәдениет тақырыбында. Сонымен қатар, көптеген телеқойылымдар, коммерциялық жарнамалар, көркем фильмдер көрсетіледі.

Пәкістан телеарналары үшін мамандарды Орталық телеинституты дайындайды. Бұл институт 1967 жылы қаңтар айында ашылған. Жыл сайын 40 инженер-техникалық және 40 журналист мамандығын дайындап шығаруда.

Ақпарат агенттігі.

Пәкістанда екі ақпараттық агенттік құрылған. «Ассошиэйтед Пресс оф Пәкістан» (АПП) 1948 жылы «Ассошиэйтед Пресс оф Үндістан» агенттінің базасына пайда болған. Бұл агенттік бірнеше жыл тәуелсіз коммерциялық агенттік ретінде танылса, кейін мемлекет қол астына кіреді. Негізгі кеңсесі Исламабад қаласында және барлық әкімшілік орталықтарында өз бөлімшелері бар. АПП Ұлыбритания, Бирма, Мысыр, Венгрия, Индонезия, Қытай, Румыния, АҚШ, Түркия, Жапония елдеріндегі ірі агенттіктермен ақпарат алмасу келісім-шартына отырған.

«Пәкістан Пресс Интернейшнл» АПП-дан 1957 жылы бөлініп шықты. Қазіргі таңда бұл жекеменшік кеңсе болып табылады және негізгі бөлімі Карачи қаласында орналасқан. Бұл агенттік те әлемнің ірі елдерінде өз бөлімшелерін ашқан.

Бақылау сұрақтары:

1. Пәкістан елінің баспасөз тарихы.
2. Пәкістанның ірі бұқаралық газеттері?
3. Ақпараттық агенттік.

Тест

1. Пәкістанның негізгі басылым орталықтарын атаңыз?
А) Анкара және Стамбул
В) Лахор және Карачи

- C) Дели және Пешавар
D) Кветте және София
E) Нью-Йорк және Мултан
2. Пәкістанның “Ассошейтед Пресс оф Пәкістан” ақпарат агенттігі қай жылы құрылды ?
A) 1770ж.
B) 1890ж.
C) 1948ж.
D) 1991ж.
E) 2001ж.
3. Пәкістан Ұлттық тресінің әйелдерге арналған газетін атаңыз?
A) “Морнинг Ньюс”
B) “Эль”
C) “Лайф”
D) “Ахбар-и-хаватин”
E) “Сабах”
4. Пәкістанның ағылшын тіліндегі “Пәкістан таймс” газетінің алғашқы нөмірі қашан жарық көрді?
A) 1798ж.
B) 1802ж.
C) 1946ж.
D) 1988ж.
E) 1995ж.
5. Пәкістандағы таралымы жағынан ең ірі газетін атаңыз?
A) “Доон”
B) “Машрик”
C) “Джанг”
D) “Сабах”
E) “Стар”
6. Пәкістанда баспасөз этикасының алғашқы Кодексі қай жылы қабылданды?
A) 1802ж.
B) 1890ж.
C) 1922ж.
D) 1964ж.
E) 1999ж.
7. Пәкістанның 1941 жылы Делиде урду тілінде құрылған күнделікті газетін атаңыз?
A) “Маг”
B) “Джанг”
C) “Дибao”
D) “Хурриет”
E) “Стар”
8. Пәкістанда Мұсылман лигасының ресми басылымы болған газетті табыңыз?

- A)“Пәкістан стандарт”
- B)“Джанг”
- C)“Доон”
- D)“Сан”
- E)“Эль Паис”

9.Пәкістанның телеарналар корпорациясы қай жылы құрылды?

- A)1890ж.
- B)1910ж.
- C)1938ж.
- D)1967ж.
- E)1998ж.

Қазіргі Үндістан журналистикасы

Үндістан – (хинди тілімен – Бхарат) – Азияның оңтүстігіндегі мемлекет. Территориясы – 3,3 млн. шақырым. Халқы – 663,6 млн. адамды құрайды. Оның ішінде 20% қала тұрғындары. Үндістан – ең көп ұлтты мемлекет, соның ішінде сан жағынан басым ұлттар: хиндустар, телугу (андхра), маратхи, бенгалдар, бихарлар, тамилдар, гуджараттар, канналар, манаяли, пенджабтар және т.б. 4/5 бөлігінің көбі үнді дініне сенеді. Астанасы – Дели (Нью-Дели).

Үндістан – федерациялық республика, мемлекет басшысы – Президент. Заң шығарушысы – парламент.

Халқы - 1 340 468 000 адам (22 желтоқсан 2017 ж.) Аумағы - 3 287 263 км², екі көрсеткіш бойынша Оңтүстік Азиядағы ең ірі мемлекет. Халық саны жөнінен әлемде екінші орында. Капитал - Нью-Дели. Ресми тілдері - хинди және ағылшын. Федеративті мемлекет, парламенттік республика. Премьер-министр Нарендра Моди, президент Рам Натх Ковинд 28 штат пен 8 одақтық аумаққа бөлінді. Үндістан батысында Пәкістанмен, солтүстік-шығысында Қытаймен, Непалмен және Бутанмен, шығысында Бангладеш және Мьянмамен шектеседі. Сонымен қатар, Үндістан оңтүстік-батысында Мальдивтермен, оңтүстігінде Шри-Ланка және оңтүстік-шығысында Индонезиямен теңіз шекараларын бөліседі. Ладахтың даулы аумағы Ауғанстанмен шекаралас.

Баспасөз.

Үнді бұқаралық ақпарат құралдары бірнеше түрлі ақпарат құралдарынан тұрады: теледидар, радио, фильм, газет, журнал және интернетке негізделген веб-сайттар / порталдар. Үнді бұқаралық ақпарат құралдары 18 ғасырдың соңынан бастап белсенді жұмыс істей бастады. Үндістанда 1780 жылдың өзінде баспа құралдары пайда болды. Радио хабарларын тарату 1927 жылы басталды.

Үндістандық бұқаралық ақпарат құралдары әлемдегі ең ескі ақпарат құралдарының қатарына кіреді. Ол Ашоканың билігінен басталады. Көптеген бұқаралық ақпарат құралдарын жарнамадан, жазылымдардан және авторлық құқықпен қорғалған материалдарды сатудан табыс табатын ірі

коммерциялық емес корпорациялар бақылайды. Үндістанда музыка мен киноиндустриясы да күшті. Алғашқы үнді бұқаралық ақпарат құралдары 18 ғасырдың аяғында 1780 жылы құрылған Хиккидің Бенгал газетінде құрылды. 1895 жылы шілдеде Бомбейде Огюстің және Луи Люмеренің қозғалмалы бейнелері көрсетілді; 1927 жылы Үндістанның бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе жеке бұқаралық ақпарат құралдары бастаған радио хабарлары өзінің бүкіл тарихында «еркін және тәуелсіз» болды. Премьер-министр Индира Ганди жариялаған төтенше жағдай кезеңі (1975-1977 жж.) Үндістандық БАҚ үкіметтің ықтимал кек алуына тап болған қысқа кезең болды.

Үндістанда соңғы 10 жылдықта журналистика күшті қарқынмен дамып, құрылымында біраз алға жылжушылық байқалады. Кейбір газет, журнал, кітапшпдрдвң шығарылымын, теледидар бағдарламалары мен радиостанциялардың хабар таратуын басқаратын ұйымдар, үлкен ақпараттық агенттіктер пайда болды. Тәуелсіз газеттердің саны мемлекеттік басылымдардан қарағанда арта түсті. Мұның басты себебі: жарнама бизнесінің дамуы, олсыз журналистика да дамымай қалар еді.

Үндістан баспасөзінің ең басты ерекшелігі – көп тілділігі болып саналады. Бүгінде 40-тан астам тілде газеттер жарыққа шықса, теле- және радиосанциялар 15 тілде хабар таратады. БАҚ-тың бірнеше тілде таратылуы бұл елдің көпұлтты болуынан туып отырған қажеттілік: үнді халқы 100-ге жуық тіл мен диалектілерге сөйлейді.

Үндістандағы БАҚ-тың көпшілігінің бағыты – ұлттық-діни тақырыпқа арналған. Дели қаласының өзінде осы мәндес 3 газет басылып шығады.

Үндістанда бұқаралық ақпараттар құралдары арасында баспасөз айтарлықтай беделді иеленіп отыр. Үндістан халқының көпшілігі теледидар және радио бағдарламаларына қарағанда баспасөзді жоғары бағалайтындығынан болса керек. Өйткені, газет, журнал арқылы ақпарат алуда өздерінің ақшалары мен уақыттарын үнемдейді екен.

Үндістанда баспасөз көбіне хинди, ағылшын, бельгия, каннар және т.б. тілдерде басылады. Халықаралық газеттер мен журналдар негізінен француз, орыс, пәкістан, қытай тілдерінде (екі тілді алқаппен (полоса), оның бірі міндетті түрде ағылшын тілі) жарияланады. Басылымның тақырыбы мен ұстанған бағытына қарай кіші не үлкен форматты болып келеді.

«*Amar Ujala*» - 1998 жылдың соңында құрылған жергілікті және халықаралық саяси, экономикалық жаңалықтарды жариялайтын жаңа газет.

«*Kranti Diali*» - Канада жаңалықтары газеті.

«*Udoyavani*» - каннар тіліндегі газет, аптасына 4 рет шығады.

«*Aftrenoon Despatch & Courier*» - Бомбей жаңалықтарын жариялайды.

«*Akila Daily*» - Үндістанның гуджараттар тіліндегі тұрғындарына арналған ақпараттық газет.

«*Asian Ase. The*» - кіші форматты күнделікті газет.

«*Bansalore Ase*» - ақпаратты-көңілашар газет.

«*Bihar Times*» - қалалық газет (қала мен басқа елдерде болып жатқан саяси, экономикалық және мәдени жаңалықтарды жариялайды).

«*Businnes Standard Ltd*» - Үндістанның экономикалық газеті.

«*Dainik Bhaskar*» - хинди газеті.

«*Dainik Jagran*» - хиндилік күнделікті газет.

«*Deccan Chronicle: Deccan Herald Dmamalar*» - тамиль ақпараттық газеті.

«*Coa Herald Newspaper Gomantak Times*» - қалалық ақпараттық-көңілашар газет.

«*Guiarat Business*» - күн сайын шығатын экономикалық газет.

«*Herald*» - спорт және мәдениеттегі соңғы жаңалықтарға арналған газет.

«*Hindi, The*» - Үндістанның ұлттық газеті.

«*Hindustan Times, India Abroad*» - Республикадағы және жақын шет елдердегі саясат, экономика, спорт жаңалықтарына арналған апталық газет.

«*India Current Affairs*» - Үндістанның күнделікті саяси және экономикалық жаңалықтары.

«*India Daily; Indian Express; Kashmir Times*» - маратхи тіліндегі күнделікті ақпараттық газет.

«*Kaumudi Online Lashkar*» - мәдениет (әдебиет, музыка) жаңалықтарына арналған ағылшын және урду тіліндегі апталық газет.

«*Mathrubhumi Naidunia*» - хинди тіліндегі қалалық газет.

«*Newindpress com.*» - безендірілген көңілашар апталық газет.

«*News India Times Pioneer Newspaper*» - ағылшын тіліндегі күнделікті ақпараттық газет.

«*Pratidin Online*» - бенгал тіліндегі газет.

«*Sakal*» - Марат қалалық газеті.

«*Sanlesh*» - гуджаратхи және ағылшын тіліндегі ақпараттық газет.

«*Siasat Daily*» - урду тіліндегі Үнді жаңалықтар газеті.

«*Statesman, The*» - Калкуттың ең ежелгі газеті.

«*Tarun Bharat Daily*» - спорт және мәдениет жаңалықтарын таратушы басылым.

«*Telegraph*» - Шығыс Үндістанның ағылшын тіліндегі газеті.

«*The Assam Tribune Times of India Tribune India*» - әлемдік сорт, саяси және мәдени жаңалықтар газеті.

«*Weekend Review*» - Делидегі ірі мерамханаларының ас мәзірі мен бағалары туралы нақты ақпарат тарататын басылым.

Журналдары.

«*Art News Magazine of India*» - эссе, қазіргі Үнді жазушыларының еңбектері мен мәдени (көрме, театр) жаңалықтарын жариялайды.

«*Bangalore Weekly*» - күлдіргі (комиксы), жұлдызжорамал, зиялы қауым арасындағы болып жатқан өзгерістерді жариялайтын журнал.

«*Bharat Samachar*» - шекарадан тыс жерлердегі үнділерге арналған журнал, Үндістанда басылып шығады.

«*Competition Master*» - студенттер мен оқытушыларға арналған ғылыми экономикалық журнал.

«*Gahashakti*» - сараптамалық апталық журналы.

«*Goa News, Golfline*» - гольф сүйгіштерге арналған журнал.

«*Yugantar Punjab*» - әдеби журнал.

Тележурналистика.

Үндістандағы теледидарлық индустрия әртүрлі және Үндістанның көптеген ресми тілдерінде мыңдаған бағдарламалар шығарады. Үнді отбасыларының жартысынан көбінде теледидар бар. 2016 жылғы жағдай бойынша елде 857-ден астам арна болса, оның 184-і ақылы болған. 1950 жылы қаңтарда Indian Express Мадрастың Тейнампет ауданындағы (қазіргі Ченнай) көрмеде электротехника факультетінің студенті Б.Сивакумаран демонстрацияға теледидар сыйлады деп хабарлады. Хат сканерленіп, оның суреті катодты-сәулелік түтік экранында көрсетілген. Хабарламада «барлық теледидарлар бола бермейді, бірақ бұл жүйенің ең маңызды буыны» деп айтылған және мұндай демонстрация «Үндістандағы алғашқы» болуы мүмкін. Калькуттада (қазіргі Калькутта) теледидар алғаш рет неогит отбасының үйінде қолданылған. Бұл Үндістанды индустрияландыру үшін маңызды кезең болды. Үндістандағы эфирлік теледидар 1959 жылы 15 қыркүйекте Делиде кішігірім таратқышпен және жедел жетіспейтін студиямен басталған тәжірибелік телехабарлардан басталды. Күнделікті хабар 1965 жылы All India Radio (AIR) арқылы басталды. Кейінірек 1972 жылы теледидарлық қызметтер Бомбей мен Амритсарға дейін кеңейтілді. 1975 жылға дейін Үндістанның тек жеті қаласында ғана теледидар қызметі болды. Спутниктік теледидарлық эксперимент (SITE) Үндістанның даму үшін теледидарды қолданудағы маңызды қадам болды. Бағдарламаларды негізінен сол кезде AIR құрамына кіретін Доордаршан (DD) шығарды. Телешоу күніне екі рет, таңертең және кешке берілетін. Бұл бағдарламалар ауыл шаруашылығына қатысты ақпараттардан басқа денсаулық сақтау және отбасын жоспарлауға қатысты басқа да маңызды тақырыптарды қамтыды. Би, музыка, драма, халықтық және ауылдық өнер түрлеріндегі ойын-сауық та қамтылды. Телевизиялық қызметтер радиодан 1976 жылы бөлінді. 1982 жылы ұлттық телевизия енгізілді. Сол жылы үнді нарығына түрлі-түсті теледидарлар шықты.

«Indian cable TV» (Үнді кабельді теледидары) – республиканың көптеген телеарналарын жаңалықтармен, ақпараттармен қамтамасыз етуші Үнді ресми ұйымы.

«Siti Cable» - Үнді көрермендерін кабельдік байланыспен қамтамасыз етуші тәуелсіз ұйымы.

Радиожурналистика.

Радио хабарларын тарату 1927 жылы басталды, бірақ тек 1930 жылы қоғамдық жауапкершілікке ие болды. 1937 жылы ол бүкіл Үндістан радиосы болып өзгертілді, ал 1957 жылдан бастап ол Акашвани деп аталды. Шектелген теледидарлық бағдарламалар 1959 жылы басталды, ал толық хабар 1965 жылы басталды. Ақпарат және радио хабарларын тарату министрлігі ауданда 1991 жылы жүргізілген экономикалық реформаларға дейін аудиовизуалды жабдықты, оның ішінде «Доордаршан» телеарнасын иеленді және басқарды. Үндістан үкіметі Үндістанның ауылдық жерлерінде

жаппай білім беруді арттыру үшін аудиовизуалды құралдарды пайдалануда маңызды рөл атқарды.

Проекциялық теледидарлар 1990 жылдарға дейін Үндістанның ауылдарында қызықты білім берді. 1997 жылы Прасар атында автономды орган құрылды. Бхарти Прасар Бхарти заңына сәйкес қоғамдық хабар тарату туралы қамқорлық жасайды. Бұрын I&V министрлігі жанындағы медиа бөлім ретінде жұмыс істеген бүкіл Үндістан радиосы және Doordarshan осы органның құрамына енді.

Үндістанда 1927 жылы радио ең алғаш рет хабар таратуын бастады. Әкімшілік ұйымы ретінде 1936 жылы ресми түрде қызмет етеді. 1947 жылы Үндістан тәуелсіздікке қол жеткізіп, Үндістанда 6 радиостанция, 18 таратқыш болды. Сол уақытта радио барлық аумақтың 2,5%-на және тұрғындардың 11%-на ғана таратылды.

Қазір Республикада радиожелілері 198 радиотаратқыш орталықтарына 145 орта жиілік, 55 жоғары жиілік, 103 таратқышты құрап отыр. Үндістан аумағының 97,3% қызмет етіп, 90% тарайды. Ол 24 тілде және 146 диалектіде таралады.

Үндістандағы қазіргі айтарлықтай ірі радиостанциялар:

«*Apna Sangeet Radio Network*» - Үнді мемлекеттік радиостанциясы.

«*Indian Americans Online Radio, Navarang Radio*» - Үнді-американдық радиосы.

«*Radio India International*» - халықаралық үнді радиосы.

«*Sounds of India*» (Үнді дыбысы)

Интернет журналистика.

Үндістандағы интернет-журналистика - бұл дәстүрлі БАҚ пен өсіп келе жатқан блогтар қауымдастығы бөлісетін өріс. Дәстүрлі түрде баспа және теледидарға ден қойған ірі медиа-компаниялар әлі күнге дейін журналистік ортада үстемдік етеді және қазір желіде, бірақ өздеріне берілген блогерлердің қатары көбейіп, тәуелсіз дауыс береді. Үнді газеттері 1987 жылы беттерді жазу және теру үшін компьютерді қолданған. олар өз газеттерінің онлайн-басылымдарына өте баяу көшті. 1998 жылға қарай 48 газет қана электронды басылымға ие болды. 2006 жылы бұл сан 116-ға дейін өсті. Бұл 2007 жылы Үндістанда 42 миллион Интернет қолданушысы болғанына және Интернет-халқы жағынан бесінші орында болғанына қарамастан. Үндістанда сөйлейтін көптеген тілдерге байланысты Интернет жаналықтарының таралуы әсіресе төмен болып саналады. Ресми түрде танылған 22 тілдің ішінен онлайн-сауалнамаға тек 12 ағылшын емес тіл енгізілді.

Ақпарат агенттігі.

«*Press Trust of India Ltd*» бұл Үндістандағы ең ірі ақпарат агенттігі. Штаб-пәтері Нью-Делиде орналасқан, 500-ден астам үнді газетінің коммерциялық емес кооперативі және 2020 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша шамамен 500 штаттық жұмысшы, оның ішінде 400-ге жуық журналистер мен 500 штаттан тыс тілшілер жұмыс істейді. .. Бірнеше корреспондент бүкіл әлемдегі ірі астаналар мен маңызды іскери орталықтарда орналасқан. 1947

жылы Үндістан тәуелсіздік алғаннан кейін, ол Reuters-тен Associated Press of India басқаруды алды. Ол аймақ туралы ақпаратты ағылшын және хинди тілдерінде ұсынады.

Оның корпоративті кеңсесі Нью-Делидің Сансад Марг қаласында орналасқан, ал оның тіркелген кеңсесі Мумбайдағы DN Road-да орналасқан. Ол басқа бірнеше ақпараттық агенттіктермен, соның ішінде Associated Press, Agence France-Presse, The New York Times және Bloomberg LP сияқты Үндістаннан тыс жерлерде орналасқан 100 ақпараттық агенттіктермен бөліседі. РТИ-дің негізгі үнділік жазылушылары: The Hindu, Times of India, Indian Express, Hindustan Times, The Stateman, The Tribune, All India Radio және Doordarshan. РТИ кеңселері Бангкокта, Бейжіңде, Коломбода, Дубайда, Исламабадта, Куала-Лумпурда, Мәскеуде, Нью-Йоркте және Вашингтонда орналасқан. Press Trust of India - Оңтүстік Азиядағы жаңалықтар мен ақпараттарды тарату үшін өзінің байланыс спутнигін, INSAT басқаратын жалғыз ақпарат агенттігі. Оның қазіргі төрағасы - АВП тобының төрағасы Абек Саркар.

Бақылау сұрақтары:

1. Үндістанның баспасөз тарихы.
2. 1998 жылдың соңында құрылған жергілікті және халықаралық саяси газет?
3. Ең ірі ақпарат агенттігі?

Тест

1. Үндістан баспасөзінің ең басты ерекшелігі?
 - A) көп тілділігі
 - B) журналистерді кәсіби даярлау деңгейінің төмендігі
 - C) БАҚ туралы заңның жоқтығы
 - D) еліктеу үлгісінің болмауы
 - E) күнделікті газеттердің жоқтығы
-Өндірістік орындардың жылдық рейтингі (салыстырмалы деңгейі)

-Қысқа сұхбат пен түсініктемелер;

-Заңдар сараптамасы және нормативті құжаттар, меншік құқығын реттейді.

Журналдың айдарлары:

«Жаңалықтар»:

Әлемдегі және Украинадағы негізгі оқиғаларға қысқаша сараптамалық шолу, оның даму жетістіктері жайлы түсініктеме.

«Билік»:

Украинаның саяси өмірі мен шетел кәсіпкерлерінің көзімен өзгерістерге талдау және олардың кәсіпкерлікке әсері. Ресми құжаттардың экономикалық қыры. Елдегі үлкен шешімдерге министрлер мен кәсіпкерлікке әсері. Ресми құжаттардың экономикалық қыры. Елдегі үлкен шешімдерге министрлер мен кәсіпкерлердің әсері.

«Заң»:

Жаңадан жарияланған немесе бұрыннан қолданылып келе жатқан заңды және нормативтік актілерді сараптау. Мақсаты – салықты жеңілдету түрлерін іздестіру, тығыз қарым-қатынастардағы елдерге қауіпті болуы мүмкін деген “тар” жерлерді анықтау, тәуекелді азайту, ақыл-кеңес беру.

«Экономика және қаржы»:

Экономикалық саясат, жекешелендіру, қор және қаржы нарығы, құжаттар, құралдар, талдау және мониторинг. Банк деңгейі.

«Нарықтар мен компаниялар»:

Экономикалық шолу. Айлық көрмелер күнделігі. Өндіріс орындарының жылдық рейтингі.

«Жекеменшік»:

Меншік объектілерін иелену, стау, шолу, эксперттің бағасы. Сонымен қатар: пайдаланатын тестер, білім, сұраныс пен ұсыныс, әлемдегі ең ірі оқиғалар, болашаққа жол.

«Рейтингтер»:

Украиндық экономикалық журнал «Комп&ньюн» өндіріс орындарының рейтингісін ұйымдастыратын ұйытқысы. Украина өндіріс орныдарының жылдық рейтингі. Жобаның мақсаты елдің өндірістік мүмкіншілігін көрсету,

оқырманға Украина экономикасының қаржы және өндірістік жағдайын таныстыру. Жоба жасауда «Комп&ньюн» осы қызметті жүзеге асырады.

Сараптама мақсаты – жалпы жағдайды көрсету, факторларды анықтау. Бекітілген шешім мен заңға министрлер және кәсіпкерлердің рейтингісінің әсері.

- Вице-премьер және министрдің сұрақ қою 1999 ж. Шілде-қазан вице-премьер жоқ кезіндегі шешілген үкімдердің саны.
- Екінші рейтинг түрі – саясаткерлермен анкета жүргізу. Бизнесмендер үшін жасырын анкета әдісі қолданылады.
- Ақпараттық агенттік “Интер-факс Украина” – Украина экономикасы мен саясаты жайлы нақты ақпарат береді. Меншікті тілшінің қызметін пайдалануда ол әлемде болып жатқан ақпаратты тез әрі, нақты алады. Агенттікті Украина БАҚ-ты елшілік, сауда мекемелері шетел өкілдері, бизнесмендер жаздырып алады. “Интерфакс-Украина” Ресейдің Интерфакс агенттігіне ақпарат береді.
- Ол 1992 ж. Қараша айында халықаралық “Интерфакс” ақпарат тобында құрылған. Жеті жыл қызмет істеген агенттік Украинадағы ең беделдісі болып табылады. “Интерфакс-Украина” жедел, объективті, саясатқа тәуелді емес.
- Украинада президент әкімшілігі, Украинаның жоғарғы Радасы, белді министрлер, Украинаның ұлттық банкі, ірі банк пен компания, БАҚ, мемлекеттік, тәуелсіз телеарналар, радиостанциялар жазылады.
- Украинадағы шетелдік мемлекеттің елшілігі мен Украинаның шетелдік елшіліктері және халықаралық қоғамдар, шетелдік фирмалар мен банктер, корреспонденттік пункттер мен жаппай шетелдік ақпарат құралдары жеті жыл бойы агенттіктің ақпараттарын пайдаланып келеді.
- Халықаралық “Интерфакс-Украина” мына төмендегі ақпараттарды жетекші компаниялар, банктер мен жалпы қоғамдық ақпараттар АҚШ, Батыс Еуропа, Оңтүстік Шығыс Азия және әлемнің басқа региондарында таратады. Агенттік тілшілері үкімет пен парламенттің, министрлік пен концерндердің, партиялар мен кәсіподақтардың, банктердің, биржалар мен Украинаның кәсіпкерлік структураларынан ақпарат алады.
- Харьковте “Интерфакс-Украинаның” филиалы орналасқан. Қазір агенттік үш тілде сегіз түрлі ақпарат таратады.

Күнделікті газеттері.

«Акцент» - облыстық жалпылама газеті. Құрылтайшысы – редакция ұжымы.

«Вечерний Донецк» - қалалық саяси-қоғамдық газеті. Құрылтайшысы – еңбек ұжымы.

«Донбасс» - облыстық қоғамдық газет. Құрылтайшысы- еңбек ұжымы.

«Жизнь» - қоғамдық-саяси газет. Құрылтайшысы Донецк қаласының және облыстың 25 өндірістік кәсіпорындары.

«Донетчина» - облыстық газет. Құрылтайшысы – «Донецк көмірі» АҚ және редакция ұжымы.

Апталық газеттері:

«Ваш имидж». Құрылтайшысы – «Диком пресс» АҚ.

«Бизнес-Донбасс». Шығарушысы – «Бизнес-Донбасс» ЖАҚ.

«Город» - қоғамдық-саяси газеті. Құрылтайшысы – «Дело о всех» коммерциялық-сауда шаруашылығының бірлестігі.

«Донецкие новости» - қоғамдық-саяси газет. Құрылтайшысы – «Люкс» фирмасы.

«Донецкий кряж». Құрылтайшысы – «Интер БИС» және Донецк металлургиялық завод.

Тележурналистика.

Украина КСР-інде теледидар 1951 жылы енгізілді. Бүгінде украин теледидарында 101 арна бар, оның ішінде 65 аймақтық телекомпания. Украин КСР-де тікелей эфирге алғашқы ресми әрекет 1939 жылы 1 ақпанда жасалды. Түсірілім Киевтегі шағын студияда өтті. Трансляция 40 минутқа созылды. Ұлы Отан соғысы салдарынан украин теледидарының қайта туылуы 1951 жылы 6 қарашада ғана болды. Киев теледидар орталығы кеңестік патриоттық фильмді «Великое зарево» эфирінен көрсетті. 1940 жылдардың екінші жартысынан 1954 жылға дейін елде тек үш телевизиялық орталық жұмыс істеді, ал аудитория көп болған жоқ.

1960 жылдардың ортасына дейін хабар тарату тек тікелей эфирде жүзеге асырылды, содан кейін видео қолданыла бастады. 1972 жылы 6 наурызда Украинадағы теледидар екі бағдарламалық сипатқа ие болды - Мәскеудің орталық теледидары бағдарламасының ретрансляциясы басталды. 1980 жылдардың басында Украинада теледидар үш бағдарламалық сипатқа ие болды, Украин КСР Мемлекеттік телерадио компаниясы Украин Теледидар арнасын ашты. 1989 жылы желтоқсанда Украинадағы алғашқы жеке «Тонис» арнасы хабар таратуға лицензия алды.

1995 жылы Украинаның Мемлекеттік Телерадио хабарларын тарату компаниясы қалпына келтірілген. Украинаның Телерадио хабарлары жөніндегі мемлекеттік комитетіне бағынышты Украинаның Ұлттық Телерадиокомпаниясы және Украинаның Ұлттық Радиокомпаниясы болып екіге бөлінді. 1996 жылы 20 қазанда Украинадағы ОРТ хабарлары толығымен тоқтатылды, оның жиіліктері украиндық тәуелсіз телекорпорацияға берілді. Қазіргі кезеңде Украинада теледидар мемлекеттік және коммерциялық болып бөлінеді. Мемлекеттік телевидениені Украинаның Ұлттық қоғамдық телерадиокомпаниясы мемлекеттік кәсіпорны ұсынады. «1 + 1», «ICTV», «Украина», «Интер» ақпараттық-сауық коммерциялық телеарналары. 2015 жылдың 7 сәуірінен бастап Бірінші Ұлттық арна - қоғамдық телевизиялық компания болды.

2018 жылдың 1 қыркүйегінен бастап келесі телекөрсетілім арналары украиндық телекөрсеткіштер үшін қол жетімді болып қалды: сандық теледидар, спутниктік, теледидар кабельді теледидар (Volia, аймақтық

операторлар) Интернет-қызметтер және IPTV (ең танымал MEGOGO, Divan TV, Sweet TV, Handy TV), OLL TV. 2020 жылғы наурыздағы жағдай бойынша Украинада 25-тен астам арна HD форматында хабар таратты, оның ішінде: «Прямой», «112 Украина», «Футбол 1», «Футбол 2», «Футбол 3», «Воля Cine + HD», «Воля Cine + Hit HD», «Трофей HD», «English Club TV HD», «EU Music», «Music Box UA», «Думская. TV », NewsOne, «ZIK», «M1», «M2», «1 + 1», «2 + 2», «TET», «Украина», «НЛО TV», «Индиго TV», «ICTV», «СТБ». Жаңа арна Оце. UA: Бірінші 5 арна Украина 24. Интернеттегі қызметтер мен IPTV-де жоғары ажыратымдылықта хабар тарататын арналар: «Экспресс TV», «Громадське ТВ», «Украина 24», «НАШ».

Радиожурналистика.

Украинада радиохабарлар 1924 жылы басталды. 1924 жылы 16 қарашада Украина КСР-нің сол кездегі астанасы - Харьковта алғашқы ұлттық радиохабар эфирге шықты. Украин радиосы - Украинаның жалпыұлттық қоғамдық радиостанциясы. Украина радиосы бүкіл Украина бойынша FM-толқындарымен, орташа толқындармен, спутниктік, сондай-ақ кабельді теледидар желілері мен сымды хабар тарату желілері бойынша таратады. Украин радиосы, атап айтқанда, бүкіл әлемдегі украиналықтарды украин тілінің айналасында біріктіретін жыл сайынғы ауқымды халықаралық флешмобымен танымал - 2000 жылдан бері өткізіліп келе жатқан Бүкіл Украиналық Ұлттық Бірлік Радиосы. Украин радиосы таратыла бастауының құрметіне орай 1994 жылы Украинада 16 қараша Радио, Телевизия және Байланыс Қызметкерлерінің күні болып жарияланды. Украинадағы алғашқы радио желі 1928 жылы пайда болды. Он жыл бойы Украин радиосы Харьковтан хабар таратты. Ол Киевке 1934 жылы көшірілді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде украин радиосы өз жұмысын тоқтатқан емес. Алдымен Харьковқа, содан кейін Сталинградқа, кейінірек украин тілінде тұрақты хабарлар жүргізілетін Саратовқа көшірілді.

Бүгінде Украина радиосы - тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн хабар тарататын төрт радиоарна қалыптасқан: Бірінші арна (Украина радиосы), «Промин» радиосы, «Мәдениет» радиосы және Украинаның Дүниежүзілік хабар тарату қызметі. 2017 жылдың маусымынан бастап Украин радиосын Дмитрий Н.Хоркин басқарады. Ал 2017 жылы радиоарналардың мазмұны толығымен қайта жүктелді, нәтижесінде бірінші радио маусымының 9 айында қоғамдық радио мәртебесінде украиналық радионың бірінші арнасының апта сайынғы аудиториясы 67% -ға өсті және арнаның өзі жаңалықтарды тыңдау рейтингіне сәйкес, Интерньюстің зерттеуі бойынша, ТОП-5 ұлттық радиостанцияларына енді. 2019 жылдың қазанындағы жағдай бойынша елде баламасы жоқ ең ірі желі - Украин радиосының бірінші арнасы - 24 аймақта 192 елді мекен. 2018 жылы Украин радиосының Бірінші арнасы Интерньюстің зерттеуі бойынша жаңалықтарды тыңдау рейтингі бойынша ТОП-5 ұлттық радиостанциялар қатарына енді.

Интернет журналистика.

Украинадағы Интернет Украина аумағында ұсынылатын барлық Интернет қызметтерінің жиынтығын қамтиды. Жоғары деңгейдегі ұлттық домендер 1992 ж. 1 желтоқсанында тіркелген .ua домені және .ukr домені болып табылады. 2018-2019 жылдары Интернеттің ену деңгейі өзгеріссіз қалды. 2019 жылдың бірінші тоқсанындағы жағдай бойынша украиндықтардың шамамен 64% -ы айына кем дегенде бір рет интернетті пайдаланады. Соңғы ресми мәліметтерге сәйкес, Украина халқының саны шамамен 44 миллион адамды құрайды, оның 26 миллионы Интернет қолданушылары. Халықаралық телекоммуникация одағының мәліметтері бойынша, 2017 жылы Интернетке тіркелген кең жолақты кіру деңгейі 12,6%, ұялы байланыс 133,5%, ал ұялы кең жолақты ену деңгейі 41,7% құрады. Интернетке қол жетімділік пен қолайлылық әр аймақта әр түрлі.

Украинаның Интернет қауымдастығының мәліметтері бойынша, 2019 жылдың бірінші тоқсанында мобильді құрылғылардан Интернетке кіретін пайдаланушылардың үлесі 61% -ды құрады. Украина халқының шамамен 57% -ы смартфондарға ие. Мобильді интернеттің басқа елдермен салыстырғанда жылдамдығының төмендігіне қарамастан, 3G желісі Украинаның күн санап өсіп келе жатқан қалаларын қамтиды. Украина аумағында 2018 жылы ғана пайда болған 4G желісі Украина халқының жартысына жуығын географиялық қамтуды қамтиды деп есептеледі, бірақ 2018 жылы тек алты миллион ұялы байланыс пайдаланушысы 4G желісіне қосылды.

2019 жылға арналған Интернетке қосылу индексі бойынша Украина Интернет байланысының қол жетімділігі зерттелген 100 елдің ішінде 57-ші орында тұр. Тағы бір зерттеу бойынша Украина ең арзан мобильді интернеті бар елдер рейтингінде төртінші орында тұр. Мұнда 1 ГБ ұялы трафиктің орташа бағасы 0,51 доллардан аспайды. Кейбір бағалаулар бойынша, ауылдағы Интернеттің енуі 2017 жылғы 51% -дан 2019 жылы 54% -ға дейін өсті. Ауылдық жерлерде 3G және 4G мобильді интернетке қол жетімділік шектеулі. Интернетті қолданушылар санында гендерлік алшақтық аз: ер адамдар интернетті әйелдерге қарағанда жиі пайдаланады. Ірі интернет-провайдерлер – «Воля», «Триолан», «Фрегат», «Ланет», «Датагруп», «Вега». «Киевстар» - екінші ірі интернет-провайдер. «Киевстар» - «Vodafone Ukraine» және «Lifecel» 1 компанияларымен бірге мобильді интернет нарығының жетекші операторларының бірі.

Ақпарат агенттігі.

«Интерфакс-Украина» ақпараттық агенттігі - Интерфакс Ақпараттық Қызметтер халықаралық ақпараттық тобының құрамындағы украиналық медиа компания - 1992 жылдан бастап Украинада саяси және экономикалық ақпарат нарығында жұмыс істейді. Агенттіктің арналары арқылы бүкіл әлемдегі абоненттерге Украинадан ақпараттық хабарламалар жіберіледі. Агенттік үш тілде (украин, орыс және ағылшын) саяси және экономикалық тақырыптағы 40 ақпараттық өнімді шығарады. 1999 жылдың мамырынан бастап агенттік нақты уақыт режимінде жұмыс істей бастады - хабарламалар

келген кезде жіберіледі, дегенмен агенттік күніне 4 жаңалық бюллетенінен, сондай-ақ әр жарым сағат сайын шығарылатын мини-блоктардан бас тартпайды. Сайт 1998 жылдың мамырынан бастап жұмыс істейді.

«РБК –Украина» - Украинаның қаржылық, экономикалық және саяси жаңалықтарына мамандандырылған украиналық ақпарат агенттігі. 2006 жылы Украинадағы Ресейдің медиа-холдингі РБК бөлімшесі ретінде құрылған. 2006 жылдың алғашқы айларында сайттың орыс тіліндегі нұсқасы ғана бар болса, 2006 жылдың екінші жартысында толыққанды орыс тілді нұсқасы ашылды. Портал «РБК-Украина» ақпараттық-талдамалық веб-сайтынан және қоғам, мәдениет, сән, денсаулық, технологиялар мен автомобильдер мүдделеріне арналған жаңалықтарға мамандандырылған «Styler» ақпараттық сайтынан тұрады. 2016 жылдың қыркүйек айының басында агенттіктің сайты айтарлықтай жаңартылды. Атап айтқанда, жаңалықтар лентасын парақтар арасында ауыспай көруге мүмкіндік беретін «Daily» модулі қосылды. Жаңартылған веб-сайт: News, Daily және Styler болып бөлінді. 2018 жылы сайтта танымал, сұлулық және сән жаңалықтарына мамандандырылған «Lite» бөлімі құрылды.

Украинаның Ұлттық ақпарат агенттігі «Укринформ» - бұл күн сайын украин, орыс, ағылшын, неміс, испан, қытай және француз тілдерінде 500-ге жуық ақпараттық-талдамалық хабарламалар, шамамен 200 түпнұсқа фотосуреттер жариялайтын мемлекеттік ақпарат агенттігі. Украин телеграф агенттігі 1918 жылы 16 наурызда жұмыс істей бастады. Агенттік ондаған кәсіби ақпараттық өнімді шығарады: таспалар, ақпараттық бумалар және ақпараттық бюллетеньдер. Укринформ ақпаратын алушылар - мемлекеттік органдар, әр түрлі деңгейдегі газеттер және Украинаның телерадиокомпаниялары, кәсіпорындар, ұйымдар, коммерциялық фирмалар, елшіліктер мен консулдықтар, кәсіпорындар, банктер және шетелдік тұтынушылар.

Украинаның тәуелсіз ақпарат агенттігі (қысқартылған – «УНИАН») - 1993 жылдан бастап Украина нарығында жұмыс істейтін ақпараттық агенттік. «УНИАН» жаңалықтары украин, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көреді. «УНИАН» Украинада алғашқы болып Интернет арқылы нақты уақыт режимінде Интернет-пресс-конференцияларын өткізді.

Бақылау сұрақтары:

1. Украина баспасөзінің тарихы.
2. Халықаралық қоғамдық-саяси апталық газет.
3. Интернет журналистиканың дамуы.

Тест

1. Украинаның “Крымская правда” газетінің алғашқы нөмірі қалай аталады?
А) “Ведомости”
В) “Красный Крым”
С) “Акцент”

- D) “Таврической правда”
E) “Вечерний Минск”
2. “Зеркало недели” халықаралық қоғамдық-саяси апталық газеті қай елде шығады?
A) Ресей
B) Украина
C) Белоруссия
D) Қазақстан
E) Қырғызстан
3. Украинаның “Жизнь” қоғамдық-саяси газетінің құрылтайшысын табыңыз?
A) редакция ұжымы
B) Донецк қаласының және облыстың 25 өндірістік кәсіпорындары
C) “Бизнес Донбас” ЖАҚ
D) “Доган холдинг” компаниясы
E) “Ганетт” компаниясы
4. Украинаның “Комьюнзон” журналының қанша оқырмандары бар?
A) 100 мың
B) 1 мың
C) 5 мың
D) 150 мың
E) 1 млн.
5. Украинаның “Зеркало недели” халықаралық қоғамдық-саяси апталық газеті қай тілде басылады?
A) ағылшын
B) француз
C) пушту
D) орыс
E) украин
6. Украинаның “Компьютерлер плюс Программалар” журналы қай жылдан бастап шығады?
A) 1902ж.
B) 1954ж.
C) 1980ж.
D) 1992ж.
E) 2001ж.
7. Украинаның “Крымская правда” газеті қай жылы шыға бастады?
A) 1901ж.
B) 1918ж.
C) 1970ж.
D) 1999ж.
E) 2002ж.
8. Украинаның “Зеркало недели” газетінің “билік” бөлімінде қандай материалдар жарияланады?
A) спорттық материалдар

- В) құқықтануға арналған материалдар
- С) Украина мен басқа елдердің саяси жаңалықтары
- Д) әдеби шығармалар
- Е) экономикалық материалдар

9. Украинаның “Зеркало недели” халықаралық қоғамдық-саяси апталық газеті қай тілде басылады?

- А) ағылшын
- В) француз
- С) пушту
- Д) орыс
- Е) украин

Қазіргі Испания журналистикасы

Испания - Еуропаның солтүстік - батысында орналасқан мемлекет. Пиреней жартыаралының солтүстігін, сонымен қатар Балеар, Жерорта теңізіндегі Пиреней жартыаралын және Атлант мұхитының Қанар аралдарын алып жатыр. Территориясы - 504,78 мың шаршы шақырым. Африканың солтүстік жағалауындағы Сеута және Мелилья қалалары, сондай - ақ Велес - де - ла - Гомера, Алусемас және Чафарнас аралдары да Испанияға қарайды. Испания 1713 жылғы Утрехт келісімі бойынша Ұлыбритания басқарып отырған Гибралтарға тәуелсіздік беруін қолдап, талап етіп отыр. Астанасы - Мадрид (5 млн.). Басқа ірі қалалары; Барселона (1,8 млн), Валенсия (780 мың), Севилья (650 мың), Сарагоса (580 мың), Малага (440 мың). Әкімшілік басқаруда ел 50 провинцияға бөлінген. Оның ішіне 17 автономиялы облыс кіреді: Каталония, Баск елі, Галисия, Андалусия, Валенсия, Эстремадура, Кастилья - Мон, Кастилья - Ла - Манча, Астурия, Наварра, Мурсия, Риоха, Арагон, Кантабрия, Мадрид (автономиялық құқығы бар облыстар), Балеар аралы, Канар аралы. Тұрғындары - 39,6 млн. испандық, каталондықтардан (5 млн. шамасында), басктықтар (2 млн.). Шет елдерде 2,7 млн-нан аса испандықтар, Солтүстік және Оңтүстік Америкада - 1,7 млн, Батыс Еуропада - 1 млн. Мемлекеттің ресми тілі - испан тілі. Каталон, баск, галисия және басқа да Испан аймақтарындағы тілдерді заңды түрде қолдануға болады. Халықтың көбі - католиктер. Конституция бойынша (церковь) шіркеу мемлекеттен бөлінген. Олардың арасындағы қарым - қатынас 1979 жылғы Ватикан келісімімен реттеледі. Ақша бірлігі - песета. Ұлттық мейрам - 12 қазан - испан ұлтының күні (1492 жылы Колумбтың Американы ашқан күні).

Испания - парламенттік монархия. Конституциясы 1978 жылы желтоқсан айында қабылданған. Мемлекет басшысы - король (22.11.1975 жылдан бастап Хуан Карлс 1), халықаралық қатынаста ең жоғарғы басқару органының бетке ұстары, елдің қарулы күштерін басқарушы болып табылады. Король құқығы конституциямен қатаң шектелген.

Баспасөз.

Өткен жыл, енді, тарих болып саналса да, бүгінгі күнмен тығыз байланысты. Ал өрбіп отырған процестер журналистикаға үлкен әсерін тигізеді. Алғашқы мәселе баспа жүйесінің тұрақты құрылған жаңа феномені, теле және радио байланыстар, ең ақыры заң шығару облыстары жайлы. Соңғы 20 жыл ішінде испан баспасының объективтік және субъективтік қиындықтар туралы шағымданбаған жылын табу қиын. 1998 жыл соңғы болды, 1997 жылдың аяғы мен 1998 жылдың басында Испания баспасөзінде аналитикалық материалдар жарық көрді. Жылда испан баспасының жетістіктері аталып өтеді. Сондай - ақ соңғы онжылдықты ол "ең жақсы экономикалық нәтиже" деп есептеді.

Іс жүзінде «Қатынас туралы жылдық баяндама» белгіленгендей, 1998 жылы қарашада «Зета» тобымен жарияланған күнделікті газетке жарнама есебі мен жеке сатудан 370 млрд. песета түскен. Оның таза пайдасы - 41 млрд. (1997 ж. - 37,5 млрд.) құрады.

Мерзімді басылымды таратуда қолайсыздау жағдай бақыланып отыр. Мұнда жылдар бойы тоқтау белгіленген. Испания газетінің таратылуы жағынан Италияны, Грецияны және Португалияны басып озғанымен, басқа дамыған Еуропа елдерінен артта қалған.

Оқырмандардың жасы	Жалпы саяси газеттерді оқу пайызы	Спорт газеттерін оқу пайызы
20-ға дейін	22%	17%
20-24 жас аралығы	36%	18%
24-34 жас аралығы	41%	15%

Газет қолдану Испанияда 1000 адамға 104,8 дана. Жас құрамына қарай жалпы саяси және спорт газеттеріне қызығушылықтары әртүрлі (кестені қараңдар). Университетте, жалпы студенттер арасында, баспасөзді қолдану деңгейінің төмендігі жергілікті аналитиктерді мазалап отыр. Испания оқымыстыларының көзқарасы бойынша мерзімді баспасөздердің шоғырлану процесі қалмаған. Соңғылардың айтуынша, Испания баспасөзін бақылап отырған он тобының ішінде бірнешеуі ғана қалмақ.

Осындай топтардың бірі ПРИСА концерні, рның орталық баспа органы – «Эль – Паис». 1998 ж. осыған дейін жалпы саяси газеттердің ішінде алда келе жатқан «Эль – Паис» өз рекордын жасады: оның күнделікті тиражы 450175 дана құрады, 1997 жылғы қарағанда 9,5 мың артық. Ол өзінің жексенбілік сандарын өсірді.

«Эль - Паис Дихиталь» Интернетте де үлкен орын алады. 1998 ж. Интернеттегі электрондық вариант беттері бір күнде орташа есеппен 55 мың құрайды (оның үстіне тұтынушылардың тең жартысы - шетелдіктер). Бүгін Интернет бойынша «Эль - Паис Дихиталь» Батыс Еуропада шведтің «Автонбладетінен» кейінгі екінші орынғы ие.

1998 ж. жарыққа 5 жаңа мәдени журналдарының шыққанын да айтып өту керек. Олардың ішінде ең бастысы, әрине – «Поэзия», оның барлық 300 беті де Гарсия Лорканың туғанының 100 жылдығына арналған.

Музыка сыншысы Дьего А. Манрике «Эфе Эме» журналын шығара бастаған, Испания және Латын Америкасының әндерін әйгіледі. Әлем журналистикасының мәселелерімен «Тьерра» журналы айналысты. Давид солардың редакциясының қол астында «Ла Авентурас историкас» журналы шықты. Форматымен, стилистикасымен және тағы басқаларымен «Тарих – 16» журналын еске түсіреді. Және басылым шеңберінде ең ақырғы тағы бір жаңалық - ағылшын тобы «Пирсон» испан тобы «Реколотос» арқылы «Эль Мундоның» акциясының 30 % - ін сатып алды.

Халықаралық ассоциацияның айтуынша, Испания әлем бойынша 4,26 млн. тиражды күнделікті газетімен 13 - орынға шыққан.

Тележурналистика.

Испанияда қазір «TVE – 1» және «TVE – 2» телеарналары шет елдерге де тараған. Теледидар маңайындағы қақтығысулар тек Испанияға ғана емес, Францияға да, Италияға да қатысты, бірақ дискуссияның орталығы болып Испанияның мәселесі табылады.

Елдің ішінде де, Еуропа Одағында да жалпы телеарнаның үлгісіне бір көзқараспен қараудың жоқ екенін де атап өту керек.

Жалпы телеарнаны қанша даттай берсе де, таралу аймағы жағынан алдыңғы қатарда қала береді. «TVE – 1» 25% көрермен , «TVE – 2» 8,9 % көрермен қарайды.

Кез-келген жағдай да жалпы телеарналар жетекші роль атқарып келеді. Жекеменшік телеарналар болса, кодталмаған сигналдармен былай қарайды: «Антенa-3» - 22,7% көрермен және «Теле-5» - 21,6%. «Теле-5» арнасында «Семейный врач», «Антенa-3»-те «За работу» атты испан хикаялары танымал.

Жекеменшік телеарналар үшін 1998 жылы шыққан парламенттің жеке арналар туралы заңға енгізген түзетулері ең басты жылдық оқиға болып табылады. Бұны халық партиясы, каталондықтар және бастер қолдады. Тек ИСРП ғана қарсы болды. Жекеменшік немесе заң адамдары телекомпаниядағы акцияның 25%-ы ғана алатын. Жаңа түзетудің арқасында 49% шейін көтерілген.

Испания телесферасындағы басты, маңызды оқиғалардың бірі – тәулігіне 24 сағат барысында «Каналь Сателите Дихиталь» арқылы жаңалықтар беріп отыратын 1998 жылы бірінші жекеменшік канал – «Си-Эн-Эн» ашылуы. Жаңа арнаның бас директоры – Франсиско Р. Бастерра. 1998 жылы күзде «Си-Эн-Эн» жаңалықтарын түскі көрсетілімінен – 1 млн. кешкісінен – 600 мыңға жуық көрермендерінен айрылғаны тіркелген. Теледидар журналистері мен мамандардың айтуы бойынша теледидар көрермендерін ақпарат қажеттіліктерімен қанағаттандыра алмаған. Тек екі арна арасындағы көрермен үшін күреске айналған. Егер бұл жалғасатын болса, теледидар сараптама мен көзі емес, сезім мен эмоцияны жеткізуші құрал болып қалуы мүмкін еді.

Радиожурналистика.

Испания 1998 жылға шейін радио арқылы хабар таратуда еш қиындық көрмеген еді. Тек қана үш автономиялы бірлестік (Каталония, Кастилья-Леон және Кастилья-Ла Манча) радиобекетке арналған лицензияны созу үшін 75 жыл жұмсаған.

СЭР-ң вице-президенті (Хесус Поланко) Хуан Луис Себриан «*Уньон Радио*» үшін 1998 жыл жетістіктер әкелгенін бөліп айтқан. Жылдық конференцияда «*Уньон Радионың*» 1997 жылдың өзінде таза 4 млрд. 20 млн. пайда түсіргенін келтіреді.

Жалпы, Испания телекоммуникациялық нарық жағдайы, қаншама қиындықтар көрсе де, Еуропа бойынша 5-ші орында. Яғни, Испания журналистикасының дамуы жалғасуда.

Бақылау сұрақтары:

1. Испания баспасөзінің тарихы.
2. Шет елдерге тараған телеарналар?
3. Радиожурналистиканың дамуы.

Тест

1. Испанияның ең көптиражды газетін атаңыз?
 - A) “Сан”
 - B) “Диарио”
 - C) “Леванте”
 - D) “Эль Паис”
 - E) “Правда”
2. 1998 жылы Испанияда шыға бастаған 5 жаңа мәдени журналдарының қайсысы барлық 300 бетін Гарсия Лорканың туғанының 100 жылдығына арнады?
 - A) “Эфе Эме”
 - B) “Поэзия”
 - C) “Тьерра”
 - D) “Ла Авентурас историкас”
 - E) “Эль Паис”
3. Испанияның телекоммуникациялық дамуы Еуропа бойынша нешінші орынды иеленеді?
 - A) 1-нші орында
 - B) 2-ші орында
 - C) 3-ші орында
 - D) 4-ші орында
 - E) 5-ші орында
4. Испанияның әйелдерге арналған журналы қалай аталады?
 - A) “Поэзия”
 - B) “Эфе Эме”
 - C) “Джанг”
 - D) “Сан”

Е) “Мухер модерна”

5.Испанияның ең беделді газеті қалай аталады

А)“Эль Диа”

В)“Де факто”

С)“Эль Паис”

Д) “Правда”

Е) “Заман”

6.Испанияның телекоммуникациялық дамуы Еуропа бойынша нешінші орынды иеленеді?

А) 1-нші орында

В) 2-ші орында

С) 3-ші орында

Д) 4-ші орында

Е) 5-ші орында

7.Төмендегі басылымдардың ішінен Испанияның экономикалық газетін атаңыз?

А)"Эль Пайс"

В) "Ас"

С) "Синко диас"

Д) "Джанг"

Е) "Сабах"

8.Испанияның ең ірі ақпараттық агентігін атаңыз?

А) Рейтер

В) РИА

С) ЭФЭ

Д) Роста

Е) Гавас

9.Испанияның ең танымал газетін атаңыз?

А)"Диарио"

В)"Эхни"

С) "Сабах"

Д) "Эль Пайс"

Е) "Левагте"

10.Испанияның заңы бойынша кәсіби журналис атағына кім иеленеді?

А) журналистік дипломы барлар

В) орталық газеттердегі қызметкерлер

С) жылдық гонорары 50 мың доллардың асатындар

Д) газет акцияларын иелетіндер

Е) испания азаматтығы барлар

11.Испанияның әйелдерге арналған журналын атаңыз?

А)"Поэзия "

В)"Эль "

С)"Мухер Модерна"

- D) "Лайф"
E) "Эфе Эме"
12. Төмендегі басылымдарың ішінен Испанияның спорттық газетін табыңыз?
A) "Эль Пайс"
B) "Привеа"
C) "Мундо депортиво"
D) "Эль Диа"
E) "Джанг"
13. Испанияның экономикалық газетін атаңыз?
A) "Доон"
B) "Эль Диа"
C) "Эль Паис"
D) "Эль Мундо"
E) "Синко диас"
14. Испанияның RNE-1 радиосының "Қайырлы таң" бағдарламасының жүргізушісі кім?
A) Адам Страпович
B) Николай Фоменко
C) Адам Михник
D) Томас Эдисон
E) Хулио Сесар Иглесиас

Қазіргі Тайланд журналистикасы

Тайланд (Тайланд корольдігі) – Азияның оңтүстік-шығысының Сиам – мемлекеті. Ол үнді-қытай жартыаралы және Андаманда мен Сиамдық ағыс Оңтүстік-Қытай теңізін басып өтеді. 47,2 млн-ға жуық тұрғындары бар. Жобамен тұрғындарының 3/4 – тай, 1/5 – лао халықтары. Бекітілген тіл тайлық (сиамдық) тіл болып саналады. Діні – буддизм. Астанасы – Банкок.

Конституциялық монархия әсер етеді. Мемлекет басшысының қызметін король атқарады. Жоғары заң органы – Ұлттық заң жиыны.

Баспасөз.

Бүкіл әлемдегі бұқаралық ақпарат құралдарының өсуі, жеделдігі және болашағы көбіне жарнама бизнесінің дамуына байланысты. Бұл, әрине, Тайланд журналистикасына да қатыссыз емес. Әлемде газет, радио, теледидарларға жарнама көп мөлшерде берілетінін атап өту керек. Тайландта БАҚ-ты қамтамасыз ететін, қымбат, арнайы агенттіктер бар.

Ақпарат құралдарының дамуында полиграфиялық, электрондық техниканың жетістіктері басты роль атқарады. Осының арқасында бүкіл әлемде өз жариялымдарын толықтыру мүмкіндігі туды. Түрлі-түсті газеттер саны көбейіп, ақпарат тарату жылдамдығы өсті.

«Азияттық» кризис Тайланд журналистикасының да дамуына кері әсер етті. Белгілі ақпараттық агенттіктер және бұқаралық ақпарат құралдары

қиыншылық көріп, кейбір аймақтық, жергілікті газеттердің тиражы екі есеге азайған.

Баспа туралы заң жарнамаға, теледидарға еркіндік бермеуі журналистиканың сапасы мен өсіміне, өзекті ақпаратты дәл айтуға айтарлықтай кедергі жасайды.

Газеттері.

«Bongkok Post» - Тайландта кең тараған газеттердің бірі. 1957 жылдан бері тай тілінде таратылады. Оның беттерінде Банкоқтың және бар мемлекеттің соңғы экономикалық, саяси, мәдени жаңалықтары басылады. Газеттің көлемі – 28-36 бет.

«*Business Day*» («Маңызды күн») – Тайландтық күнделікті газет. Оқырмандарына экономикалық ақпараттар, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет, банктік жаңалықтар туралы хабарлайды. Газеттің тиражы – 180-190 мың дана.

«*Daily News*» - Тайланд елі мен шет елдердің спорттық, саяси, мәдени жаңалықтарына арналған газет. Ағылшын тілінде таратылады.

«*Chiang Mai News*» - Тайландтың аз форматты, тәуелді газеті. Тай тілінде жазылып, соңғы саяси жаңалықтарды, әлеуметтік мәселелерді қозғап, ойын-сауық беттерін жүргізеді.

«*Manager Online*» - тай тіліндегі ақпараттық газет. Тиражы – 120-130 мың дана.

«*Nation Multimedia Grop*» - тай тіліндегі ұлттық газет. 22-28 бет көлемді, күн сайын шығады.

«*Pattaya Mail*» - ағылшын тіліндегі оқырмандарға арналған тайландтық газет. Аптасына 5 рет шығады.

«*Phuket Gazette, The*» - Тайландтың ағылшын тілінде шығатын танымдық газеті.

«*Thairath Daily, The*» - жергілікті және әлем жаңалықтарын қамтитын газет. Апта сайын тай тілінде шығарылады.

«*Thansettakiy*» - тай тіліндегі күнделікті газет. Елдің әлеуметтік және ұлттық мәселелерін көтереді.

Журналдары.

«*Mthai.com*» - саяси, экономикалық жаңалықтар, көңіл көтеретін мақалалар, спорт, музыка, ауа-райы туралы ақпараттар секілді әртүрлі тақырыпты қамтитын журнал.

«*OHOWeb.com*» - көрермендердің ойлау қабілетіне арналған көңіл көтергіш журнал. Компьютерлік технология, кино, әуез, театр туралы соңғы жаңалықтарды жариялайды. Ай сайын тай тілінде шығады.

«*Siam 2 You*» - тай тіліндегі ойын-сауық ақпараттық журнал. Мәдени жаңалықтарды, жұлдызнама, көңіл көтеретін мақалаларды қамти отырып, айына екі рет шығады.

Тележурналистика.

«TV Channel 9» (Арна-9) – тай тіліндегі мемлекеттік теледидар. Көрермендеріне саясат, экономика, спорт, мәдениет әлеміндегі соңғы халықаралық жаңалықтарды ұсынады.

«Bangkok Broadcasting TV 7» - кино мен әуез телеарнасы.

«Channel 11» (Арна 11) – тәуелсіз жаңалықтар арнасы.

«Channel 3 TV» (Арна 3) – саясат, спорт, әуез, экономика деген секілді әртүрлі тақырыптағы жаңалықтарды кез-келген уақытта көруге болады.

«United Broadcasting Corporation» (UBC) – ағылшын және тай тіліндегі тәуелсіз ақпараттық теледидар.

«Channel 5 TV» - тайлық әскери радио мен теледидар. Радио 1952 жылы бөлімнің барлық қызметін басқару үшін әскери корпус бөлімінде ашылған. Станция елде танымалдығы жағынан екінші орынды алады. 18 облысты қамтиды.

«Channel 5 TV» мақсаттары:

-радио мен теледидар арқылы әскердегілерге білім беру;

-әскери түсініктерін кеңейту;

-басқару орындары мен қарапайым халық арасында өзара түсініспеншілік орнату.

Радиожурналистика.

«Radio FM 100.5 MHz» - тәулігіне 24 сағат тай тілінде берілетін мемлекеттік радио. Соңғы саяси және экономикалық жаңалықтарды, әртүрлі әуездерді, спорт пен ауа-райы жайлы мағлұмат береді.

«TNA News Digest» - тай және ағылшын тіліндегі жаңалықтар радиосы.

«Inercast» - Тайландтың арнайы радиосы.

«Thaicast» - Интернеттегі Тайланд теледидары және радиосы.

«Mass communication Organization of Thailand» - әуез және жаңалықтар радиосы.

Бақылау сұрақтары:

- 1.Тайланд елінің баспасөз тарихы.
- 2.Тайландта кең тараған газеттердің бірі.
3. «Channel 5 TV» мақсаттары.

Тест

1.Тайландтың “Дейли Ньюс” газеті қай тілде шығады?

A)тай тілінде

B)ағылшын тілінде

C)қытай тілінде

D)француз тілінде

E)испан тілінде

2.1957 жылдан бастап Тайландта тай тілінде шығып келе жатқан газетті атаңыз?

A)“Бонкок Пост”

B)“Таймс”

С) “Сабах”

Д) “Дейли Ньюс”

Е) “Хералд”

3. Тайландтың тәуелсіз телеарнасын атаңыз?

А) “ТВ Чейнел 9”

В) “ТҮЕ-1”

С) “Польсат”

Д) “Сити кэбл”

Е) “Чейнел 11”

4. Тайландтағы әскери тақырыпқа бағытталғын телерадио компаниясын атаңыз?

А) “ТҮЕ-1”

В) “Польсат”

С) “Морзе”

Д) “Чейнел 5 ТВ”

Е) “Чейнел 11”

5. Тайландтың тай тіліндегі ойын-сауық журналын табыңыз?

А) “Бонкок Пост”

В) “Тайм”

С) “Бизнес Дэй”

Д) “Сиам 2 Үои”

Е) “Алло реклама”

Қазіргі Ауғаныстан журналистикасы

Ауғаныстан (Ауғаныстан демократиялық Республикасы) – Оңтүстік-Батыс Азиядағы мемлекет. Халық саны – 15,5 млн., астанасы – Кабул. Ислам дінін ұстанады. Мемлекеттік тіл – пушту, адари тілдері.

Баспасөз.

Әрине, Ауғаныстанның журналистикасы қазіргі әлемдік талаптармен сай келмеді десек, бұл қателік болар еді. Экономикалық базалары әлсіз және көп жылдар бойы әскери кезең бәрін де қалжыратты.

Ауғаныстан Республикасының артта қалуының бір себебі - халқының 90% сауатсыз. Халықтың көп бөлігі ауылдарда қоныс тепкен. Ауылдық жерді феодалдық – патриорхалдық жай кеңінен жайлаған. Соңғы жылдары журналистика саласы біраз өсті деуге болады.

Ауғаныстанда байланыс жүйесі өте нашар дамыған. Сондықтан да 1997 жылы Мазар Шариф, Херат, Кендагар, Жалалабад аралығында спутникті байланыс жүйесін орнатты. Республикадағы радиостанциялар өте төменгі дәрежеде. 6 радиостанцияның 5-і жабылып қалған. Жалғыз ғана радиостанция қысқа толқынды диапазонда жұмыс істейді.

Телевизиялық станциялар мүлде артта қалған. Бірақ 1997 жылы Мазар Шарифте Ауғаныстанның солтүстігіндегі төрт облысында хабар таратқан бір телестанция болған.

Газеттері.

«*Andiwal*» - апталық газет. Мемлекеттік тілде жарық көреді. Кіші форматты, сапасы төмен қағазда басылады.

«*Hewad*» - мемлекеттік газет. А4 форматымен шығады. 1953 жылдан пушту тілінде басылады. Ақпаратты – сараптамалық басылым.

«*Ayendah E - Afgan*» - қалалық газет. Көбіне жастардың әскери тақырыптағы шығармаларын басады.

«*Caravan*» - 1963 жылдан бастап жарық көріп келеді.

«*Dariz*» - жергілікті басқарудың басылымы.

«*Kaywan*» - 1978 жылдан пушту тілінде шығатын басылым.

Журналдары.

Ауғаныстандағы бүгінгі күнде ең танымал журналдар: «*Urdu*», «*Setera*», «*Eblagh*», «*Begar*», «*Hawrpooz*» және тағы басқалары.

«*Shams-ul-Nahar*» - аптасына 2-3 рет шығатын 16 беттік журнал.

«*Sarajul-Akhbar*» - аптасына 2-3 рет шығатын 123 беттік журнал. Редакторы – А.К.Кхан.

«*Sarajul-Akhbar*» - ақпаратты журнал. Алғашқы әйелдерге арналған журнал болып есептеледі. Кабул қаласында 8 беттік болып шығады.

«*Itefad-e-islam*» - діни журнал.

«*Lemda Aftaab*» - тәуелсіз журнал. Әдебиет, мәдениет, спорт, әуен, өнер жайлы мақалалар жазылады.

Тележурналистика.

Бүгінгі күнде Ауғаныстанда тележурналистиканың жойылып кетуіне үлкен қауып туып отыр. Ешқандай өздерінің телеарнасы жоқ. Бүкіл ақпарат спутник арқылы өзге елдер телеарналарынан беріледі.

Радиожурналистика.

«*Pukifiki radio*» - ұлттық радиостанция. Шетелдерге де шығып отырады. 27 мемлекетте 60-қа жуық филиалдары бар.

Интернет жүйесі.

Ауғаныстанның интернетте арнайы сайттары бар. Сонымен қатар электронды радио жұмыс жасайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Ауғаныстанның баспасөз тарихы.
2. Ең ірі газеттер тізімі.
3. Тележурналистика дамуы.

Тест

1. Ауғаныстан журналистикасының артта қалуының басты себебі
 - A) білікті мамандардың болмауы
 - B) халықтың 90% сауатсыз болуы
 - C) байланыс жүйесінің нашар дамуы
 - D) журналисттер айлықтарының төмен болуы
 - E) журналист мамандарын даярлайтын жоғары оқу орнының болмауы

- 2.1997 жылы Мазар Шарифте қанша телестанция жұмыс істеді?
- A) біреу
 - B) екеу
 - C) үшеу
 - D) төртеу
 - E) мүлде болған жоқ
- 3.Төмендегі басылымдардың ішінен Ауғаныстанның апталық газетін табыңыз?
- A) “Сабах”
 - B) “Эль Паис”
 - C) “Andiwal”
 - D) “Привеа”
 - E) “Herald”
- 4.Ауғаныстанның 1953 жылдан бастап пушту тілінде шыға бастаған газетті атаңыз?
- A)“Andiwal”
 - B)“Herald”
 - C) “Эль Паис”
 - D) “Hewad”
 - E) “Эль Паис”
- 5.Ауғаныстанның “Ayendah E-Afghan” газетінің бағытын атаңыз?
- A) саяси-сараптамалық
 - B) экономикалық
 - C) шетел жаңалықтары
 - D) ғылыми-танымдық
 - E) әскери тақырыпқа арналған материалдар
- 6.Ауғаныстанның алғашқы әйелдерге арналған журналын атаңыз?
- A) “Эль”
 - B) “Лайф”
 - C) “Караван”
 - D) “Sarajul-Akhbar”
 - E) “Плейбой”
- 7.Төмендегі басылымдардың ішінен Ауғаныстанның апталық газетін табыңыз?
- A) “Сабах”
 - B) “Эль Паис”
 - C) “Андивал”
 - D) “Привеа”
 - E) “Хералд”
- 8.Пәкістан Ұлттық тресінің әйелдерге арналған газетін атаңыз?
- A)“Морнинг Ньюс”
 - B) “Эль”
 - C) “Лайф”
 - D) “Ахбар-и-хаватин”

Е) “Сабах”

9. Ауғанистанның алғашқы әйелдерге арналған журналын атаңыз?

А) “Эль”

В) “Лайф”

С) “Караван”

Д) “Сараул ахбар”

Е) “Плейбой”

Қазіргі Америка Құрама Штаты журналистикасы

Америка Құрама Штаттары — Солтүстік Америкадағы мемлекет. Аумағы 9,5 млн км² (әлемде 4-ші орын). Халқы — 329 млн адам (2019, әлемде - 3-ші орын). Астанасы — Вашингтон қаласы. Тұрғын халқының саны жағынан ірі қалалары: Нью-Йорк, Чикаго, Лос Анжелес, Сан-Франциско, Филадельфия, Детройт, Бостон, Хьюстон, Вашингтон, Даллас, Питтсбург, Балтимор, Сиэтл. Халықтың 66%-ы – протестанттар, 26%-ға жуығы католиктер. Үкімет пен мемлекет басшысы – президент. Заң шығарушы орган – палата мен сенат өкілдерінен тұратын екі палаталы парламент (конгресс).

Баспасөз.

Солтүстік Американың отар елдеріндегі алғашқы баспа станогының пайда болуы 1638 жылдармен тұспа-тұс келеді. Бұл оқиға Жаңа Англияның Кембридж деген жерінде (Масачусетс) Гарвард колледжінің ашылуымен тығыз байланысты. Колледж сол аймақтарға қажет журналист мамандарын дайындау үшін ашылып, аймақтағы жаңалықтарды бұқаралық ақпарат құралдарына тарату үшін қажет болды.


Жаңа әлемге Голландиядан арнайы тапсырыспен алынған баспаханалық станогымен бірге Гловер есімді баспагер шақырылып, өкінішке орай, ол жолда қайтыс болады. Масачусетс колониясының негізін қалаушылардың бірі Джон Уинтроптың күнделігінде мынадай жазба сақталған. «Типография Кембрижде Гловер мырзаның көмекшісі Дземнің көмегімен орнатылды. Онда басылған алғашқы туынды жеке азаматтың анты болатын, кейін Жаңа Англия үшін жасалған Уильям Пирстің альманағы, содан кейін поэзиялық өлшемге салып жазылған кітап басылып шықты» [1,45-б]. Осылай, тағдырдың басқа салуымен американдық бірінші баспагер Стивен Дэй тарихта Кембрижде алғаш баспахана ашқан адам болып қалды. 1639 жылғы алғашқы басылым клерикалды әдебиеттің жарқын үлгісі болған, пуританды ұйымның интеллектуалдық сұранысын қамтамасыз еткен, заңды құжат – альманах (қазіргі бұқаралық мәдениеттің аналогы) болды.

Солтүстік Америка колонияларының XVII ғасырдағы баспа өнімдерін атай отырып, басты назарды Жаңа Англияның баспасөз құралдарына аударуымыз қажет. Себебі, Пенсильваниядағы алғашқы басылымдар 1685 жылы, Нью-Йоркте 1693 жылы, Виржинияда 1730 жылдары пайда болып, бұл станоктарда басылған баспа өнімдері көбіне арнайы әдебиет, памфлет, брошюралар болды.

Жаңа Англияда цензура 1662 жылға дейін болмады, бірақ қоғамға қайыры жоқ басылымдар пуритандықтардың қатаң сынына ұшырап отырды. Цензуралық шектеулер алғаш рет Уильям Пинчонның 1650 жылы шығарған «Достохвальная цена нашего искупления» атты памфлетіне қойылды. Оған «кәте және шерік қатушылық» деп қана баға беріп қоймай, Бостонның орталық алаңында кітаптың бар басылымын өртеу туралы бұйрық шығарылған. Төрт жыл өткеннен кейін мұндай тыйым мен санкция жаңа Англияны енді жайлап келе жатқан квакерлік трактаттарға тарап, 1669 жылы сот басылымға енді дайындалып жатқан Фома Кемпийскидің «О подражании Христу» кітабының мәтінін тексеріп, өзгертулер енгізеді. Баспа өнімдеріне бақылау жұмыстарын жүргізу жұмыстарын ағылшын үкіметі бірінші кезекте Солтүстік Америка колонияларындағы король губернаторларына тапсырады. 1686 жылы провинциялардың губернаторларына бағытталған ресми жарғыларда: «Сізге тапсырылып отырған талаптардың бірі, жоғарыда аталған жер аумағында ешкім де өз станогымен баспа өнімдерін, брошюраларды шығармауы тиіс. Шығаратын болса, арнайы рұқсат, не лицензия алуы керек», - делінген. Сондықтан да, солтүстік америкалықтардың жерінде шыққан газеттердің қатаң цензураға ұшырауы ешкімді таң қалдырмайды. Бұл атаулы оқиға Бостонмен тікелей байланысты себебі, 1690 жылы 25 қыркүйекте Лондоннан көшіп келген Бенджамин Харрис атты баспагер алғашқы американдық газеттің негізін салуға талпыныс жасайды.

Газеттері.

«Publick Occurrences Both foreign and Domestick» («Шет елдің және жергілікті қоғамдық мәселелер») деп аталып, айына бір рет ақпараттың көптігіне байланысты көп шығаруға негізделеді. Ол шағын форматты, төрт жолды, екі бағанаға ақпараттар беріп, көбіне астыңғы жағы ақпарат аздығынан бос қалатын болған. Харрис Бостонға газеттің қажеттігі туралы бірінші санында: «Біріншіден, басылым бетінде түрлі мәселелер жазылып, оқырманға жетеді. Екіншіден, бұл шетелдік және жергілікті ақпараттар



адамдардың сауда жүргізуіне мүмкіндік береді. Үшіншіден, нақты ақпарат беру арқылы арамыздағы өтіріктің шырмауынан құтыла аламыз»[1,4.-б],- деп жазған болатын Америкалық алғашқы газет бетінде нақты уақыты көрсетілмеген мақалаларда шоқындырылған үндістердің Плимутке келуі, екі баланы жабайы үндістердің алып қашуы, әйелі қайтыс болған соң, жалғыз қалған шалдың өзіне-өзі қол жұмсауы, нәтижесінде ер бала қайтыс болып, баспа станогы сынған Бостондағы өрт туралы жарияланып отырды. Соңғы жолға Харрис жаңа түскен жаңалықтарды орналастырып, «Бір жолдық жаңалық» деп атаған екен. Бұл жолда оқиғаның уақыты мен мекенін атау міндетті болды. Алайда, газеттің ақпаратты жанрда жазылғанына қарамастан, көп ұзамай, газеттің бірінші санынан кейін оны шығару тоқтатылды. Оның бірден-бір себебі, Масачусетс губернаторынан алынбаған лицензия және халықты алаңдатып, шындыққа сай келмейтін мақалалар деген сылтау себеп болады.

«The London post» газетін шығара бастайды. Арада он төрт жыл өткеннен кейін Бостонда газет шығару ісі қайта жолға қойылады. Оны ашқан Бостонның почтмейстері Джон Кэмпбелл болды. Ақпараттарды ағылшын газеттерінен алған апталық газетті алдымен қолжазба түрінде жазып, колония губернаторларына жіберіліп, солардың рұқсаты мен ескертулерінен кейін жарыққа шығарып отырған.

«The Boston News-Letter» («Бостондық жаңалық парақшалары») деген атаумен газет шығара бастайды. Бұл шығарылымның уақыты 1704 жылдың дүйсенбі 17-сінен 24-ші сәуір деп көрсетілген. Сондықтан «The Boston News-Letter» газетінің нақты шыққан күні 1704 жылдың 24 сәуірі деп есептеледі.

«The American Weekly Mercury» газеті жарыққа шықты. Газет Брэдфордтың әкесі, Нью-Йорктік баспагердің арқасында біраз уақыт бойы Нью-Йоркте де таралады. Газеттің бейтарап көзқарасына қарамастан, Брэдфорд жергілікті өкімет басшыларымен жиі қақтығысып отырды. Оның бірден-бір себебі, өкімет саясат туралы жазылған мақалаларға қатты шүйлігетін болған. 1721 жылы Бостонда өзара үш газет бәсекеге түсті.



«*The New England Courant*» газеті қосылады. 1721 жылдың 7 тамызында шыққан газеттің бірінші нөмірі Америка журналистикасына жаңа леп әкелді. Джеймс Франклин жергілікті әкімшілікте ешқандай қызметте болмағандықтан, газеттің таралуында қосымша қиындықтар туындайды. Достары оның ойын қайтармақшы болып, «Америкаға бір газет жететінін» айтып көндірмекші болады, алайда, Франклин өз айтқанында тұрады. Сонымен, «*The New England Courant*» жергілікті әкімшілік басқаруынан тыс шыққан, олардың саясатына сын айтқан бірден-бір газет болды. Ондағы жазылған мақалалар Бостонның клерикальды қоғамының наразылығын туғызды.

Америка журналистика саласында көптеген жаңартулар енгізген «*The Pennsylvania Gazette*» басылымы жабылған жоқ. Франклин ең бірінші өзінің назарын неміс тіліне аударды. Олар ақпарат алуға мұқтаж болып, бірақ оларға тіл мәселесі тосқауыл болады. Сондықтан 1732 жылы Франклин Льюиса Тимоти редактор қызметіне шақырып «*Phiadelphische Zeitung*» газетін шығара бастады. Бұл газет шет тіліндегі ең алғашқы басылымдардың бірі болды. Франклиннің ойы сәтті болғанымен, ол өз заманның уақытынан озып шықты. Сондықтан «*Phiadelphische Zeitung*» газеті көп уақыт ұзамай жабылып қалады. Бірақ жеті жылдан кейін бұл газет «*Germantawn Zeitung*» табысын көріп қайта басылып отырды. Франклиннің назары Пенсильваниядағы басылымдарда болса да, сонымен қатар, ол бірнеше газеттің ашылуына себепші болған. Мысалы: «*The South Carolina Gazette*» және «*The Rhode Island Gazette*» 1732 жылы Франклин шығарған Пенсильваниядағы қоғамдық басылымдар.

1732 жылы Франклин Томас Уайтмаршты Оңтүстік Каролинаның астанасына жіберіп, ол келісімшарт бойынша Томасқа станок першриффт берілді. Бұл баспахананың 3/1 бөлігі Франклинге пайда әкелген. Сонымен Чарльстонда «*The South Carolina Gazette*» басылымы шықты. 1733 жылы Уайтмарш кенеттен қайтыс болды. Ал оның орнын Льюис Тимоти басты. 1738 жылы Тимоти қайтыс болғаннан кейін оның жесір әйелі Элизабет Тимоти ең алғаш американдық әйел редактор ретінде тарихта аты қалады. «*The South Carolina Gazette*» және «*The Virginia Gazette*» 1736 жылы Уильямсбургте алғашқы Оңтүстік Американың газеттері болып табылады. Ол 1755 жылы өзінің газеттерінің басылымынан бас тартады, бірақ ол қаржы жағын қарастырудан бас тартқан жоқ.

Бенджамин Франклин өзі альманах шығаруға ұмтылады. ХУІІІ ғасырда Америкада альманахтар көп сұранысқа ие болды. Альманах тақырыптары кеңейіп, оны таратушылар өте көп болды. Оқырмандарға ыңғайлы болу үшін олар қалтаға сиятын форматта басылып шығарылды. Сол кезде Пенсильванияда альманах ең тиімді және табысты басылымдардың бірі болды. Франклин Филодельфияға келген уақытында Эндрю Брэдфорд «Американдық альманах» атты басылым шығарды. Сонымен бірге Кеймер де өзінің баспаханасында альманах шығарған болатын. Франклиннің өзі де альманах жазуға кірісті. Франклин «Альманах Бедного Ричарда» («*Poor*

Richard's Almanack») жазуға ұмтылды. Ол альманахты жазғанда Ричард Сондерс деген жаңа бейне тауып, осы жаңа бейнесімен атағы шыға бастады. Ол өзінің дәстүрлі пішінін қалдырып, құпияның кілтін тауып, альманахтың оқырмандар үшін қызықты болатынына үміттенген. Бұл альманахтың сұранысы өсіп, бір жылдың ішінде 10 000 данамен басылып шықты. Альманах туралы әңгімелер көптеген провинцияларға тарады және онда күнтізбе, мақал-мәтелдер, нақыл, шешендік сөздер басылып, өзінің оқырмандарын көбейте түсті.

«Альманах Бедного Ричарда» 1732 жылдың желтоқсанынан 1757 жылға дейін қайта-қайта басылып тұрды. Ричардтың бейнесінің көркем сомдалуы Франклин үшін сәтті болды. Ол Ричардтың өмірбаянын өзі ойдан шығарғанын, Ричард қарапайым, кедей адам болғанын оқырмандар алдында ашып салады. Ең бірінші альманахтың басылымында оқырмандарға Ричард Сондерстың бейнесін суреттеген. Оның суреттемесінде: «Мен сіздерге альманахты қоғам үшін қажет деп айтатым болсам, оның бәрі өтірік, жалған болады. Бұл жағдайда мен сіздерге шындықтың көзін жабушы боламын. Енді шындыққа келетін болсақ, мен кедеймін, ал менің әйелім өте жақсы адам. Жұбайымның айтуы бойынша, ол тоқыма тоқып, ал мен жұмыссыз, аспандағы жұлдыздарымды санап отырамын», -деп суреттейді.

Келесі жылы Франклин бұл ойынды оқырмандармен жалғастырады. Ол Ричард Сондерстің атынан альманахты жазу үшін қаражат табылды деп жазған. Альманахтың көп данасы Франклин үшін сенімді қаражат әкелетін болды. Франклиннің афоризмі Америкаға әйгілі болып қалады. Оларды әр адамның аузынан естуге болады. Бұл афоризмдерді, яғни қанатты сөздерді американдықтар әлі күнге дейін айтады екен. Мысалы: «Өзің үшін дұрыс тамақтан, ал бөтен үшін дұрыс киін», «Шыдамдылық барлығын жеңеді», «Тиімді келісімнің достары да, туған-туысқандары да жоқ», «Мысық тышқанды қолғаппен ұстамайды», «Ақша балдан да тәтті», ал американдықтар үшін ең әйгілі нақыл сөзі «Уақыт – ақша». Франклиннің альманах жазу үлгісі бара-бара нақыл сөздермен жазылған. Американдық мәдениеттің даму кезеңімен американдық журналистикада бұл құбылыс үлкен өзгерістер әкелді.

Бенджамин Франклин Америкада мерзімді баспасөзді алғаш шығарушылардың бірі болып тарихта аты қалды. Үлгі ретінде оның Лондондық «The Gentlemen's Magazine» журналын айтуға болады. Бұл журналдың редакторы Джон Уэббты тағайындайды. Бірақ Уэбб бұдан көп табысты күткенімен, ал журналдың табысы аз болғаннан кейін оны Франклиннің бәсекелесіне береді. 1740 жылы 6 қарашада Эндрю Брэдфорд өзінің газетінде жаңа журнал шығаратынын жариялайды. Журналдың аты «The American Magazine, or a Monthly View of the Political State of the British Colonies». Бұл мақалаға Франклиннің жауабы бір жұмадан кейін «The Pennsylvania Gazette» газетінде «The General Magazine and Historical Chronicle for All the British Plantations in America» журналының шығарылуы туралы жазылады. Франклин бәсекелестердің қулықтарын айыптайды.

Жанталасқан бәсекелестік жарыс басталады. Уэбб және Брэдфорд өздерінің басылымдары Франклиннің басылымдарынан әлдеқайда арзан болатынын айтады. Олардың жауаптарына Франклин өзінің журналдарына оқырмандардың жазылуын тоқтатты, ал оның орнына әр газеттің данасын 6 пенсқа төмендетті. Бірақ Уэбб пен Брэдфорд үш күн бойы өздерінің басылымдарын 6 пенсқа сатып жүр екен. 1741 жылы 13 ақпанында «The American Magazine» журналы басылымнан шықты. Осы жылдың 16 ақпанында «The General Magazine» журналы шыға бастады.

Бұл екі журнал көп уақыт шыққан жоқ. Бредфордтың «The American Magazine» журналы үш ай, ал Франклиннің «The General Magazine» журналы алты ай басылды. Бұл ең алғашқы екі журнал мазмұны басқа басылымдардан өзгеше болатын. Брэдфордтың журналында көбіне саяси тақырыптар қозғалатын. Мысалы: парламенттегі отырыстар мен болып жатқан оқиғалар, саясат тақырыбына қатысты жазылған шолулар көп беріліп тұрған. Ал Франклиннің журналында саясатқа әдеби тұрғыдан баға беру жағы басым. Мысалы: «The General Magazine» журналының 76 бетінде саясат тақырыбы, Англия мен Испания арасындағы соғыс, сол кездегі экономиканың қырсырын біріктіріліп сарапталған материалдар берілген. Сонымен Американың алғашқы журналдары британдық журналдардың көшірмесі деп айтуға болады. Себебі, бұл жылдары авторлық құқық деген болған жоқ. Сондықтан бір ақпараттың немесе мақаланың дәлме-дәл сол күйінде басқа газет-журналдарда басылса таң қалатын жағдай болмады.

Э. Кросстың зерттеуі бойынша 1741–1794 жылдар аралығында Америкада 45 журнал басылып шығарылғанымен олардың ешқайсының ғұмыры жарты жылдан аспаған екен. Даниел Бурстин: «Американдық журналдардың тарихы отаршылдық кезеңінде әсіресе «қоғамдық басылымдар» мүлдем жоқ деп айтуға болады», - дейді. Американдық алғашқы газеттерге назар аударсақ, олардың қожайындары кәсіби баспагерлер болғанымен, өздерінің баспа техникалары болғанымен, мемлекетке қарсы келетін пікір айта алмады және сөз бостандығы жоқ екенін біліп, мемлекет мүддесін төмендеткілері келмегенін байқаймыз.

Сөз бостандығы үшін күрес туралы айтқанда Джон Питер Зенгердің атын атамауға болады. Джон Питер Зенгер Баварияда туған. 1710 жылы Америкаға оның ішінде Нью-Йорк қаласына көшіп келеді. 1711 жылдан 1719 жылға дейін Джон Бредфордтың баспаханасында үйренуші болып істейді. Ал 1725 жылы Брэдфордпен бірге Нью-Йорктегі «The New-York Gazette» газетін шығара бастайды. 1726 жылы Джон өзінің жұмыстарымен айналысып, сәтті кітап баспаханасын ашады. Оның осындай жайбарақат өмір сүруі 1733 жылға дейін созылған. Ал дәл осы жылы ол жұмасына бір рет шығатын «The New – York Weekly Gazette» газетін шығара бастайды. Зенгер бұл газетті шығаруды саясаттағы ықпалды адамдардың көмегімен шешеді. Зенгер екінші нөмерінен бастап «Баспасөз бостандығы» деген мақаласын жариялап, Зенгерге журналистика саласына белсенді араласуға жол берілген жоқ. Өйткені, 1734 жылдың 17 қарашасында Зенгер түрмеге қамалады, ол түрмеде отырғанымен

өзінің басылымын тоқтатпайды. 1734 жылы 25 қараша күні «The New- York Weekly Gazette» газетінің №55 нөмірінде оқырмандардан бір нөмірдің шықпағанына кешірім сұрайды. Оның жазғаны:

«Ханымдар мен мырзалар!

Өткен аптада сіздер газеттің жоқтығынан көңілдеріңіз түскен шығар, бірақ мен осындай қылық үшін кешірім сұраймын. Менде себебі бар бір жағдай болды. Мені түрмеге отырғызды. Бірақ сіздер алаңдамаңыздар. Журнал басылымы тоқтамайды, мен жазуымды жалғастырамын. Сіздер үшін Джон Питер Зенгер»-деп жазады.

Зенгердің түрмеде отырған кезінде ол Брэдфордтың «The New-York Gazette» газетінен көптеген материалдар оқыды. Брэдфордтың газеті оған қарама-қайшы бағытта болды. Бұл қарама-қайшылық баспасөз бостандығы үшін күресудің бастамасы еді. Джон Питер Зенгерді әйгілі адвокат Эндрю Гамильтон қорғауды өз мойнына алды. Гамильтон «The New-York Weekly Gazette» газеттің тек қана шындықты жазып отырғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, сот отырысында ол Зенгерді қорғау барысында шешен дәлелді сөз сөйлеп, сотты иландырады. Сөз барысында ол баспасөз бостандығы ойдың бостандығы екенін де айтып кетті. Қорытынды сөз сөйлегенде Гамильтон сотқа төмендегі сөздерді айтады: «Бүгінгі шешімді қабылдаған кезде, ханымдар мен мырзалар! Бұл тек Зенгерге қатысты емес бұл тек Нью-Йоркке қатысты емес. Жоқ! Мұның бәрі біздер үшін, қоғам үшін маңызды. Бұл жерде бостандық туралы сөз қозғалып отыр», - дейді. Зенгерге шыққан үкім Америка баспасөзі тарихындағы бірінші оқиға болып табылады. Гамильтон Зенгердің кінәлі емес екенін соттың алдында дәлелдеп шықты. Соттан кейін де Зенгер өзінің газетін шығарып, өмірінің соңына дейін журналистикамен айналысты.

1840 жылдың қарсаңында алғашқы жарнама агенттігінің құрылуына байланысты 1841 жылы В.Палмердің «Филодельфиялық жарнама агентігі» бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыс орнатты. Жарнама экономикалық қызметтің бір көрінісі ретінде қалыптасып, газет-журналдардағы жарнамалық хабарламалардан түскен қаражаттың пайда көзіне айналуы, жарнама мен БАҚ-тың бір-біріне тәуелді екенін дәлелдеді.

1848 жылдың мамыр айында Нью-Йорктің танымалы да белсенді алты газетінің он өкілі телеграфтың пайда болуына байланысты жаңалықтарды алу барысында шығынның азайтылуын талқылауға жиналды. Бұл мәселе бір жыл бұрын Дейвид Хейлмен кездесуде талқыланған, «The Journal of commerce» («Коммерческий журнал») газетінің баспагері Джеймс Баннет. Бұл кездесуден кейін келіссөздің ұзақ топтамасы басталды. Оның шешімімен «Associated Press of New York», содан кейін тек «Associated Press», «Ассошэйтет пресс» корпоративтік баспасөз бірлестігін құру жүзеге асты.

Бұл қауымдастықтың бастапқы идеясы бойынша шығындарды бірлесіп шығаруда, пароходтарды Бостоннан жіберіп, Еуропа мен Галифакстан (Жаңа Шотландия, Канада) келгендерді бірігіп қарсы алу болды. Бостоннан Нью-Йоркке телеграфтан алған жаңалықтардың берілуі бойынша шығындар мен

ақы төлеу қауымдастықтың міндетіне кірді. Телеграф сызығын Бостон мен Нью-Йорктің аралығында бар болуы, Еуропадан мәліметтерді алу шығындарын шындығында қысқартты. Сонымен бірге телеграфтың қызметі де бірігіп төленді. Бір жылдан соң, Галифаксте телеграф сызығы орнатылып, алғашқы «Associated Press» ақпарат агенттігінің бюросы ашылды. Алынған жаңалықтар өтімді тауар болып қалыптасты, басқа газеттерге сату мүмкіндігі пайда болды. Осылай бірінші рет Америкада ақпарат агенттігі пайда болды. «Associated Press» ақпарат агенттігі әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына жаңалықтарды сату арқылы қаржылай пайда түсеретін табыс көзіне айналды. Елдегі баспасөздің озық үлгілері ХІХ ғасырдың ортасында Нью-Йорк, Филадельфия, Бостон және Вашингтон қалаларында шығып тұрды. 1851 жылы Нью-Йорктің «Penny press» атты бәсеке туғызған басылым шығаратын тағы бір баспасөз орны өмірге келді. Бұрынғы көмекшісі Хораса Грили Генри Реймонд негізін салған «The New York Times», «Нью-Йорк Таймс» тез арада атақты, әрі сенімді шығарылым атауын ұлттық көлемде жаулап алды.

Жаңадан газет шығару үшін қажетті капитал 15 жыл ішінде өзгергені туралы мәліметтер бар. Егер Жеймс Беннет «The new York Herald» негізін 1835 жылы 500 доллор ақшамен шығарса, ал 1841 жылы Хорасу Грили «The New York Tribune» үшін 3000 доллор жұмсаған, 1851 жылы Генри Реймонд және оның екі серіктесі 70 000 доллор қаражатпен газет шығауды бастаған екен. Реймонд Грили саясатқа қатты қызығып, өз газетінде бұрынғы басшыларынан өзгешелену мақсатында жаңалық блогын бірінші орынға сыйғызуға, ал содан соң саясат туралы материалдарға орын беріп отырған. Маңызды Нью-Йорктік немесе Бостондық басылымдармен қатар, журналистика тарихында өз орындарын әр штаттың аймақтық газеттер алды. Олар мына басылымдар: «Chicago Tribune» («Чикаго Трибюне», 1847 ж), «Missouri Democrat» («Миссурийский демократ» Сент-Луис, 1852 ж), «Charleston News and Courier» («Чарльстонские новости и курьер» 1803 ж), «Cleveland Leader» («Кливленский лидер» 1854-1885жж).

Ірі газеттердің көбі жекеменшік астаналық тілшілердің штаты болу мүмкіндігін алып үлгерді, өз оқырмандарына елдегі барлық саяси жағдайлар мен ахуалды толық жеткізіп отырды. Саяси күреске қатысқан Хорас Грили, Джеймс Беннет, Генри Реймонд (Грилидің тұрақты оппоненті) аймақтық шығарушылардан Сэмюэл Баулз «The Springfield Reepublican» («Спрингфилдтік республикашыл»), Джозер Мейдилл «The Chicago Tribune», Мюрат Хэлстед «The Cincinnati Commercial» («Саудалық цинциннати») т.б. атауға болады.

1850 жылдары Америкада ең көп таралымымен «The New York Herald» және «The New York Tribune» шықты. Таралымның едәуір бөлігі Нью-Йорктен ары қарай таралды. Жексенбілік таралым «The New York Tribune» 176 000 данаға дейін жететін, АҚШ-тың солтүстік және батысындағы әрбір үйге жетіп отырды.

1850-1865 жылдары газеттер журналдарға қарағанда көбірек оқылды. Баспасөз ұлттың білімді болып, қараңғылықтан шығу үрдісінде үлкен рөл

атқарды. Бұл үрдістің оң және теріс жақтары да болды. Он жылдық ішінде 1850 жылдан 1860 жылға дейін АҚШ-тағы баспасөз саны екі есе өсіп, 1860 жылы 3 000 данаға жетті.

Оқырман нарығынан өзінің күн сайынғы нөмірін шығаратын газеттерімен қатар апта сайын шығаратын басылымдар да орын ала бастады. Бірқатар жылдар ішінде жақсы жетістіктерге қол жеткізген Натаниэль Уиллистің «The New York Mirror» («Нью-Йорк айнасы» 1823-1857ж.ж) болды. 1848 жылы Уиллис басқа басылымдарды да шығарумен айналысты. «Home Journal» («Домашний журнал») атты әлеуметтің интеллектуальдық мүмкіндігіне және таңдауына бағытталған басылымды өмірге алып келді. Уиллистің редакторлығымен шағатын басылымдар ғасырдың ортасында белгілі бір аудиторияны қамтыды. Сол мерзімде Нью-Йоркте шығатын діни «The Independent» («Тәуелсіз», 1848-1928жж) апталық газеті өркендеді.

1850 жылы Нью-Йоркте үш көркем суретті апталық басылым танымалдыққа қол жеткізді. Ең алғашқы жетістік «The New York Ledger» («Нью-Йорк Леджер» 1844-1898жж). Роберт Боннер осы басылымнан таралымын 1851 жылы 300 000 данаға, ал 1860 жылы 400 000 данаға дейін көтерді. Апталық басылымның бағасы төрт цент («Penny press» дәстүріндегі) жаппай оқырманның таңдауына бағытталған, жарнаманы басылымға көп шығаратын болды. 1850 жылы ол газетке роман жариялауын тәжірибеге енгізді, осы арқылы оқырманның бұл басылымға қызығушылығын оятты.

«The New York Ledger» басылымындағы сөздердің әдеби сапасы жоғары болды. Редактор ретінде Боннер жаппай оқырманның мүддесі мен интеллектуалдық элитаны біріктіре білді, белгілі авторларды қызықтыра отырып "Алтындай қармақ жемді және темір таласымен" қолдана отырып, ол көптеген әйгілі адамдарды Генри Уорд Бичер, Эдвард Эверетт и Лонгфеллоны, Фанни Фернді баспасөз әлеміне тартты.

Фрэнк Лэсли Нью-Йоркке Бостоннан көшіп келіп, 1855 жылы «Leslie's Illustrated Newspaper» («Суретті газет Лэсли» 1855-1922ж.ж), үлгі ретінде британдық «London Illustrated News» («Лондондық суретті жаңалықтар») басылымдарын шығарды. Фрэнк Лэслидің журналының көп беттерін қылмыс пен даңғаза оқиғалардың сипаттамасы беріліп отырды.

Саясилану себебінен ұлттық басылымдар дағдарысқа ұшырап, соғысқа дейінгі шыққан БАҚ көбіне апталық сипат алды, бұл кезде әртүрлі қылмыс әлемінің оқиғалары мен шытырман оқиғалы әңгімелерін жариялауға әуес болды. Газет жолақтары сот мәжілістері туралы толық есептер беру нәтижесінде толтырылды, әсіресе атышулы оқиғаларға оқырманның сұранысы жоғары болды. 1850 жылы көктемде американдық газеттердің көпшілігі Гарворд университетінің химия профессоры Джон Уэбстердің ісі бойынша процесті өз оқырмандарына жақын таныстырды. Ол өзінің бай досы дәрігер Джордж Паркманды өлтіріп, содан соң денені бөлшектеп, мәйіттен арылады. 1859 жылы газеттердің беті басқа бір қылмыстық істің мәліметтерімен толтырылады. Даниэл Сиклс Нью-Йорк конгресмені, оның әйел азғырып әкеткен қорғаушының өлтірілуін айыптаған. Газеттер соттық

тергеудің қиын-қыстау кезеңдерін қадағалап отырды. Бірақ бұл оқиғада айыпкер ақталып шығады.

«*The National Police Gazette*» («Ұлттық полициялық газет») суреттері көп басылымның негізін 1845 жылы Нью-Йорк қаласында белгілі журналист, әрі сенсация іздеуші Джордж Уилкс қалаған. Уилкстің газеті оқырманға қылмыс әлемі туралы толық ақпарат беріп отырды. Уилкстің газетіне деген сұраныс жоғары болды, бұған айғақ «*The National Police Gazette*» газеті Американың қырықыншы жылдарында көп данамен таралды. Бұл басылымда құл иеленушілік тақырыбы біртіндеп негізгі ұлттық мәселе болып қалыптасты. Іске қосылған аболиционист баспасөзі құлдыққа қарсы позициясын күшейткен «*The New York Tribune*» газетінің бетінде 1852 жылы шыққан санынан мынадай жолдарды оқуға болады: «Біз құлдыққа ең үлкен моральдік және әлеуметтік зұлымдық ретінде қараймыз, әділдіктің бас-көзі емес және теңдік бар жерде құлдық болмайды. Біз құлдықты үлкен әділетсіздік деп санаймыз, бірде-бір адамның басқа адамның еңбегін заңсыз қолдануға құқығы жоқ, адамды өзінің жылжымаайтын мүлігін сияқты сатуына немесе өзінің жағдайын жақсарту үшін пайдалану әділетсіздік» [3,41-б],-деп жазды. Осы тақырыпта «*The Chicago Tribune*» газетінің редакторы Джозефа Медилланың бас мақалалары қозғады, оны «Громовержц, құл иелік қатты әсер ететін мақалалар» деп атады. Дегенмен, барлық баспасөздің ұстанымы бір жерден шықпады. Джеймс Гордон Беннет және оның «*The New York Herald*» аболиционист қозғалысына кенет қарсы шыққан оңтүстіктікте шығатын газеттер жеке адамның құқығы мен құл иеленушілік жүйесін толығымен қорғады. «*The New York Herald*» газетінің танымалдылығы оңтүстікте өте жоғары болды. Оңтүстік халқының жетекшілері конгресс қабырғаларында сөз сөйлегенде ондағы мақалалардың мазмұнынан жиі дәйектеме келтіруді әдетке айналдырды.

1854 жылы Канзас-Небраска заң жобасының қабылдануы, Канзастағы соғыс, республикалық партияның бөлімінің құрылуы, Виржиниядағы Джон Браунавының қарулы жорығы, оның отрядының жойылуы және Браунның өлім жазасы, оның жақтаушыларының барлығы басылым беттеріндегі оқиғалардың өзегіне айналды. Қоғамдағы жікшілдік туралы ашық жазыла бастады. Соңғы нүкте 1860 жылдың 6 қарашасында қойылып, аболиционистердің белсенді қолдауымен Авраам Линкольн Республикалық партия атынан Президент болып сайланды. Оңтүстіктердің жауабы сецессия болды. 1860 жылы желтоқсанында Оңтүстік Каролина одақтың құрамынан бөлініп шықты. 1861 жылдың басында оған 10 штат еріп, 1861 жылы 18 ақпанда Джефферс Дэвистың уақытша Президентігімен конфедерация құрды.

Сецессияның идеялары мерзімді баспасөзді шығарушылардың және публицистикалық әдеби шығарма жазатын журналистерді құлшындырды. Сецессия туралы мәселе тұңғыш рет Оңтүстік Каролинада 1828 жылы көтерілді. 1830-1840 жылдары сецессия туралы тек қана оңтүстік және солтүстіктің батыл басылымдары ғана жазды және ешкім бұл мәселені

шындық деп қабылдамады. «The Charleston Mercury» («Чартолиндік Меркурий») газетінің редакторы Роберт Бануэлл Ретт, оны «Сецессияның әкесі» деп те атайды, сол мерзімді басылымдарда «жексұрын фигура» ретінде қабылданды. Солтүстік пен оңтүстіктің аралығындағы одақ У.Л.Гаррисонға "Өлімі және тозағы бар келісімшарт, бұл шарт дереу жойылу керек" деп есептелді. «Оңтүстік солтүстіктің нағыз отарына айналып кетті», - деп Ретт өзінің озық мақалаларында жазды. Алайда, 1851 жылы Роберт Ретт сенатқа оңтүстік Каролинаның қалаулынан шығып, бұл оңтүстік қоғамдық өзгерістің көрінісі болып табылатынын айтты. Оңтүстіктің баспасөзі («The Richmond Enquirer», «De Bow's Review», «The Charleston Mercury» және басқа да басылымдар) құл иеленушілікті айқындап, кезектесе мақала жазды. Оңтүстіктің даусы «Fire-eaters» («Бретер», «Огнедышачий») деп аталып, нық үндеу жасады. Өздерінің мүддесін астанада қорғау үшін оңтүстіктің адамдары тіпті жекеменшік («The Southern Press» («Оңтүстік прессасы») газетінің негізін Вашингтон қаласында қалады.

1850 жылы осы оқиғаларға байланысты атақ-даңққа ие болған Виржиниялық журналист оңтүстіктегі «Fire-eaters» басылымының жетекшісі Джордж Фицхью болды. «The Richmond Enquirer» және «De Bow's Review» газеттерінде жарық көрген мақалалардан басқа Фицхью екі пікірталасқа толы кітабын шығарды «Оңтүстік үшін социалогия немесе қоғамдағы еркіндіктің жойылуы» (1854ж) және «Барлығы Каннибал немесе иесіз құлдар» (1856ж). Бұл дарынды публицист жазған кітаптар еді, мұнда құл иеленушілік жүйесі жан-жақты және қызықты қорғалды ежелгі демократияның нағыз идеясы сияқты шұғыл солтүстіктің капиталистік жүйесін мінеп, аболиционист елін таң қалдырды.

АҚШ Президентінің бекетіне Линкольндың сайлануын оңтүстіктің баспасөзі қабылдамады. Оңтүстік газеттерінде жаңа үкіметпен ынтымақтастықтан бас тарту және «Линкольндың синогогиясында» орын алудың қажеті жоқ деген үндеулер жарияланды. Алайда, конфедерацияның пайда болуы соғыстың басталатынын белдірген жоқ. Хорас Грили есебі бойынша, тәуелсіздік декларациясына сәйкес оңтүстіктің сецессияға деген моральдық құқығы бар еді, Линкольнның өзі ымыраға келтірер жолды іздеді, бірақ түсініспеушілік аса ұзаққа созылып кетті. Самтера фортындағы 1861 жылы 12 сәуір күні оңтүстікке алғаш оқ жаудырып, Оңтүстік пен Солтүстік арасында азаматтық соғыс басталды. Самтеру фортында бірінші оқты ату құрметі журналист Эдмундо Раффинге беріледі, сөйтіп қаламның ұшынан басталған соғыс аяғында шын соғысқа ұласады. Солтүстік аймақтардың баспасөзі соғыстың барысы туралы толық ақпараттарды беріп отырады. 1861 жылдың қаңтарында Харос Грили «The New York Tribune» газетінде өзінің бірінші рет таңдаулы мақалалар топтамасын жариялап, бұл мақалалар сол кездегі Президентті сынауымен көпшілік оқырманның көңілінен шықты. Ақпан айында оңтүстік сепаратизміне қарсы бірігуге бүкіл халықты шақыру басталды. Харос Грилидің мақаласының тақырыбы ірі қаріппен терілді және үндеу сипатында болды. «Опасыздарға ешқандай ымыра, ешқандай кешірім

болмайды, бұл конституцияда көрсетілген», - деп жазылды. Самтера форты оңтүстікті жаулап алғанда Грили кезекті мақаласында мынадай жауап жазады: «Самтерден уақытша айырылды, бірақ еркіндікті сақтадық! Самтерден айырылу қиын, бірақ шындығында біз халық бірлігін нығайттық. Республика жасасын!», - деп жазды.

1861 жылы жазда солтүстік әскердің көңіл-күйі нақты әскери әрекетке икемділе бастайды, сол жылы 26 маусымда Хораса Грилидің газеті әйгілі мақаласымен жұрт алдында сөйледі: «Ұлттың әскери ұраны: «Алға Ричмондқа!» Конгресс 20 шілдеде жиналуға тиіс емес. Осы күнде қала ұлттық әскермен қоршауға алынуы керек еді». Бұл идея кейін де дәйекті түрде Грили газетінің жарияланымдарында қайтланады. Мақала жазуға шабыты келген Грили газетті Чарльз Данның қамқорлығына қалдырып, Федеральды әскер басшысы Булл Рандамен бірге атыс-шабысқа шықты, бұл шайқас солтүстік аймақтың жеңілісімен аяқталды.

Әскери әрекеттердің ушығып тұрған кезінде «The New York Times» газеті Президент жағына шығып кетеді. Оның редакторы Генри Реймонд осы уақытқа дейін Линкольн ұстанымына қарсы шыққандардың бірі еді. Соғыс өзінің заңдары арқылы үкімет пен баспасөздің арасындағы қарым-қатынасты айқындады. Сөз еркіндігі - федеральді үкімет шектеулерін қоюға дейін апарды, бірнеше газеттер жабылып қалды. Әсіресе, үкіметке белсенді қарсы шығатын газеттер бұқарашыл партия ұйымының қатарынан аластатылды. Бүлікшілерді жақтап сөйлегені үшін, жұрт алдында ашық пікір білдірген баспагерлерді және саяси қызметкерлерді тұтқынға алып отырды.

Солтүстік елдің катал цензурасына «Associated Press» ақпарат агенттігі ілікті. Сол цензура өзінің әрекетін 1862 жылы «Баспасөздің конфедеративтік ассоциация» қызметі арқылы жасап отырды. «Associated Press» жұмысын қадағалай қарады, осы ақпарат агенттігінің тілшісі бірінші болып оңтүстік әскерінің капитуляциясы жайлы жаңалықты хабарлады.

1864 жылы федералдық үкімет солтүстік аймақта шығатын газеттердің қызметі уақытша тоқтатылды, орын алған құл иеленушілікке қарамастан, оларды пошталық артықшылықтардан шығарды. Оған мынадай басылымдар енді: «The Chicago Times» («Чикаго Таймс») «The Journal of Commerce» («Сауда журналы») «The New York Daily News» («Нью-Йорктің апталық жаңалықтары») т.б. басылымдар.

Цензуралық шектеулер енгізіліп, майдандағы және ел ішіндегі жағдайларды жариялауға шектеу қойылды. Генри Реймонд өз мақаласында, Хорасом Грилимен бірге Булл Ран шайқасының куәсі болғанын, цензураның қысқартуынан кейін небәрі бірнеше сөйлемдер жазып үлгерді. Жауынгер әрекеті толық ашылғанымен, қиындықтар туды. Генералдар әскери әрекеттің сызығынан тілшілерді шығару туралы әмір берді, басқа шектеулер де журналистердің тұтқындалуына дейін апарды. Журналистика ардагері «The New York Herald» газетінің тілшісі Томас Нокс тұтқынға алынды.

Азаматтық соғыс кезеңінде қызықты феномен әскери мерзімдік басылым болды. Ол көбінесе өлең жолдарымен басылды. Солтүстік елдің қарулы

әскері Макон қаласы, Миссури штаты арқылы өтіп жергілікті газет редакциясында қалдырылған баспасөзді басып алды. Бірнеше журналистер мен баспагерлер солтүстік әскер қатарында соғысып, өздерімен бірге станок алып, «The Union» («Союз») атты әскери газетті шығарды. Азаматтық соғыста әскери тілшінің рөлі арнаулы мәртебеге ие болды. Әскери хат-хабарлар арқылы өз есімдерін шығарған журналистер қатары өсті. Уайтлоу Ридтің «The Cincinnati Gazette» («Газета Цинциннати») газетіндегі жарияланымдары өте әйгілі болды. Чарльз Карлтон Коффиннің «The Boston Journal» («Бостондық журнал»), Генри Реймонд жиі соғыс ортасынан көрінді. 63 жастағы репортер Джеймс Беннет газеттерге әскери жаңалықтарды «The New York Herald» тілшілері арқылы жеткізумен айналысты.

Азаматтық соғыс басталуы басылымдардың сұранысына әкеліп соқты. Жеңілістер мен жеңістер туралы жаңалықтар, шайқастар жайлы толық есептер көп жазылып, газеттер бұрын болмаған көлемде сатылды. Солтүстік елдің көлемді күнделікті газеттерінің таралымы бірнеше есеге өсті.

1865 жылы 31 қаңтарда қабылданған конституцияға он үшінші рет түзету енгізілді, ол құлдықты Құрама Штаттар аумағында мәңгі жою туралы еді. У.Л. Гаррисон өз ісінің мәресіне жетіп, 34 жыл бойы жарық көріп келе жатқан «The Liberator» газетінің жабылатыны жайлы хабарлады. Газеттің соңғы санында Гаррисон: «The Liberator» газетінің мақсаты - құлдық еңбек жүйесінің жойылуы еді, ол өз шыңына жетті, бұл газеттің әр жылы тарихи күреске арналды, енді эмансипациялар басқа жолмен шешілетін болады, менің жүз емес енді миллион одақтастарым бар» [4,15-6],-деп жазды. Соғыстың толық аяқталуына бірнеше ай қалғанда 1865 жылы 14 сәуірде Вашингтон қаласындағы «Форд» театрында Президент Линкольн қатты жарақат алды. Бұл жаңалық телеграф арқылы барлық алдыңғы қатарлы баспасөз беттерінен көрініс тапты. Тілшілер барлық мағлұматты толыққанды бір параграфқа енгізді. Линкольнге жасалған қастандыққа арналған «The New York Tribune» газетіндегі мақала тақырыбы былай аталады: «Президентті театрда бүгін кешқұрым атты және қатты жаралады». Осылай газет беттерінде жаңалықтарды таратудың жаңа стилі туып, бұл жанр «Төңкерілген пирамида» деген атты иемденді. «Төңкерілген пирамида» стилінде ең бастысы оқиғалар (Кім, не, қалай, қайда, және қашан) бірінші жолға шығарылды.

Оңтүстік елдің толыққанды капитуляциясынан кейін 1865 жылы 8 мамырда бүкіл ел Реконструкция кезеңіне кіреді (1865-1877ж.ж). Журналистика үшін бұл мерзім үлкен өзгерістер әкелді, себебі, бұған жаңалықтарды жеткізудің жаңа әдіс-тәсілдерін ойластыру, жаңа техникалық инновациялардың пайда болуы әсер етті. Сол кезеңнің техникалық жаңалығына 1867 жылғы газет қағазы үшін шикізат ретінде енді талшық немесе ағаш қалдықтары қолданылатын болды, ал бұрын бұл қағаз шүберектен жасалатын. Осы жайттар газеттердің арзандауына әкелді. Бір жыл бұрын Европа мен Американы байланыстырған телеграфтық кабель жүйесі жүргізілді.

1868 жылы Кристофер Шоулз қаріп теретін машинаны ойлап тапты. Бұл жаңалық журналист жұмысын мүлдем өзгертті. 1868-1873 жылдары Шоулз, Карлос Глидден және Джеймс Денсмор қаріп теретін машиналардың жаңа түрлерін ұсынды. 1873 жылы қаріп теретін машинаның жаңа моделі жарыққа шықты. Бұл машинка көлемді өндіріске жарамды еді. Бір жыл өте Марк Твен машинкамен хат жазғанда: «Бұл аспап, менің жазу машығымнан тез жазады екен. Креслода отырып бұл аспаппен жұмыс істеуге өте ыңғайлы. Көп сөздерді бір бетте сыйғыза алады. Ол еш бір нәрсені былғамай, ешбір сияның ізін қалдырмайды. Қағаз бетін үнемдейді екен»- деп қуанды. 1869 жылы Тынық және Атлантика мұхиттарын біріктіретін, темір жол құрылысы аяқталды. 1876 жылы Александр Белл телефон аппаратын ойлап тауып, осы телефонсыз газеттің және тілшінің жұмысын елестету мүмкін емес еді. Телефон байланысы тез арада күнделікті өмірге енгізді.

Журналдары.

«*Parade*»- Америкада ең көп таралған ұлттық журнал, сонымен қатар АҚШ-тағы ең көп оқылатын журнал. Ол оқырмандардың кең ауқымына бағытталған, бірақ негізінен 30 жастан асқан отбасылық адамдарға (орташа американдық отбасы), халықаралық саясаттан бастап рецепттерге дейінгі аптаның барлық түрлері мен өзекті тақырыптарын қозғайды. Тақырып басылымдар көбінесе ойын-сауық. 1941 жылдан бастап әр жексенбі сайын шығарылады, бастапқыда "Chicago Sun" газетіне қосымша болды. АҚШ рекордшысы, құрылғаннан 5 жыл өткен соң ол 3,5 миллион данаға жетті. Ағылшын тілінен аударғанда журналдың атауы "өмір шеруі" мағынасында "шеру" дегенді білдіреді. 1976 жылдан бастап "Advance Publications" компаниясына тиесілі. 50 жылдан астам уақыт бойы журналдың негізгі бәсекелесі 2014 жылы басылымын аяқтаған "USA Weekend" болды. Бүгінгі таңда журналдың Нешвилл, Нью-Йорк және Чикаго қалаларында баспалары бар. Журнал 700-ден астам американдық мерзімді басылымдарды бақылайтын "AMG/Parade" ірі дистрибьюторлық газет желісінің бөлігі болып табылады. Оқырман аудиториясы— 42 млн.

«*The Wall Street Journal*»- күнделікті американдық қаржылық және іскери газет. Нью-Йоркте 1889 жылдан бастап "Dow Jones & Company" компаниясы шығарған. "Уолл-Стрит Джорнел" америкалық басылымдар арасындағы ең ірі және ықпалды басылым, әлемдік жетекші бизнес-басылым. Бұл АҚШ-тың ең көп таралған күнделікті газеті, мысалы, 2019 жылы оның күнделікті таралымы 2,5 миллионнан астам дананы құрады. Газеттің атауы АҚШ-тың қаржы орталығы Нью-Йорктегі Уолл-стрит көшесі мен ауданына тікелей байланысты. Басылым көбінесе "Journal" (Журнал) деп аталады, бірақ форматы бойынша ол кең форматты газет.

Басылымның тақырыбы ақшаға және олармен байланысты барлық нәрсеге арналған. Газеттің мазмұны ең алдымен Солтүстік Америка континентінің ішкі іскери және қаржылық оқиғаларына, түрлі талдауларға, валюта бағамдарына және нарықтық бағаларға әсер етеді. "Журналдың" типтік нөмірі әр түрлі бөлімдері бар 50 беттен тұрады (аптаның күніне байланысты):

Section One (ұлттық оқиғалар, корпоративті Жаңалықтар, Саясат, экономика, Пікірлер), Marketplace (нарықтарға шолу, технологиялар, медиа, маркетинг), Money and Investing (халықаралық қаржы нарықтарын талдау), жеке журнал (Жеке Қаржы, Инвестициялар, несиелер, мансап), Off Duty (ойын-сауық, сән, тамақ, саяхат, ғылым), шолу (шолулар, шолулар, идеялар), Mansion (жылжымайтын мүлік нарығы).

«Time» (Тайм)- 1923 жылдан бастап Нью-Йоркте жарық көрген ең танымал американдық апталық журнал. Апталық таралымы 3 млн. Дана. Бүгінгі таңда бұл халықаралық таралымы бар әлемдегі ең кең таралған және таралымды жаңалықтар журналы, оның күнделікті оқырман аудиториясы 26 млн. астам адамды құрайды. "Time Europe" журналының еуропалық нұсқасы (бұрын "time Atlantic" деп аталған) Лондонда шығарылады және Еуропаға, Орта Шығысқа, Африкаға бағытталған; 2003 жылдан бастап журнал Латын Америкасында қол жетімді; "Time Asia" журналының азиялық нұсқасы Гонконгта орналасқан; журналдың тағы бір нұсқасы Сиднейде Австралия мен Жаңа Зеландияға арналған. Ағылшын тілінен аударылған журналдың атауы "уақыт" дегенді білдіреді. Журналдың 1990 жылдан 2014 жылға дейінгі нақты иесі "WarnerMedia" корпорациясы болды, содан кейін редакция дербестік пен тәуелсіздікті қалады.

Бастапқыда журнал "Facts" (фактілер) деп аталды және оны жасаушылардың идеясы бойынша оқырманды саясат, экономика, бизнес, білім беру, спорт, мәдениет және басқа салалардағы аптаның ең маңызды оқиғаларымен қысқаша таныстыратын көптеген шағын мақалалардан тұруы керек еді. Кейінірек басылым "уақыт" деп аталды, оның атауы оқырманға уақыттан артық құнды ештеңе жоқ екенін, сонымен қатар бұл журналды оқу үшін көп нәрсе қажет емес екенін түсінуге мүмкіндік берді.



1927 жылдан бастап журнал "Жыл адамдары" (Жыл адамы) атағын береді, оның суретін мұқабасында соңғы нөмірде жариялайды, ал 1999 жылдан бастап Жылдың ең ықпалды 100 адамын таңдайды. 1933 жылы журналдың бәсекелесі пайда болды - "Newsweek", бұл басылым іс жүзінде оның аналогы болды және балама ретінде құрылды, XX ғасырдың көп бөлігінде ол "уақытты" кеңінен өткізді. 2000-шы жылдардың басында цифрлық

технологиялардың белсенді дамуымен "Newsweek" журналы қаржылық проблемаларға тап болып, өзінің көшбасшылығын жоғалтты.

Бақылау сұрақтары:

1. АҚШ баспасөзінің тарихы.
2. АҚШ-тың монополистік топтары.
3. Әйелдерге арналған журналдар.

Тест

1. Р. Мэрдок қай жылы АҚШ азаматтығын қабылдайды?
А) 1890ж
В) 1910 ж
С) 1985 ж
D) 1991 ж
E) 2002 ж
2. АҚШ Президенті Б.Клинтон 2000 жылы қай Мәскеу радиосында қонақта болды?
А) “Эхо Москвы”
В) “Маяк”
С) “Радио Москвы”
D) “На семи холмах”
E) “Голос Америки”
3. АҚШ Президенттерінің қайсысы “Марио стар” газетінің редакторы болды?
А) В. Вильсон
В) Дж. Кеннеди
С) Дж. Буш
D) Р. Рейган
E) У. Гардинг
4. Президентіктен кеткенен кейін Дж. Вашингтон не істеді
А) бүкіл газеттерге жазылуын тоқтатты
В) “Аврора” газетіне иеленді
С) кәсіби журналистік жолына көшті
D) “Нэшнл газет” газетінің редакторы болды
E) Англия журналдарына мақалалар жазып отырды
5. Америка журналистері К. Бернстайн мен Б. Вудворттар қандай газеттің тілшілері болды?
А) “Нью-Йорк таймс”
В) “Нью-Йорк уорлд”
С) “Эль Паис”
D) “Вашингтон таймс”
E) “Вашингтон пост”
6. 2002 жылы қандай Англия басылымына 300 жыл толды?
А) “Дейли курант”
В) “Оксфорд газетт”

С) “Лондон газетт”

Д) “Сабах”

Е) “Обсервер”

7. АҚШ-ы танымал журналистік сыйлық (премия) қалай аталады?

А) херстік

В) оскарлік

С) пулитцерлік

Д) мэрдоктік

Е) франклиндік

8. “Таймс” газетінің шығарушысы кім?

А) Р.Мэрдок

В) У.Херст

С) Р.Томсон

Д) Дж. Уолтер

Е) Ю.Рейтер

9. Теледидар экранына алғашқы болып шыққан АҚШ Президентін атаңыз?

А) А.Вильсон

В) Д.Кеннеди

С) У.Мак-Кинли

Д) Р.Рейган

Е) Ф.Рузвельт

10. “Америка мемлекетінің орталық нерв жүйесі” деп қай газетті атаймыз?

А) “Вашигтон пост” газетін

В) “Вашигтон таймс” газетін

С) “Эль Паис” газетін

Д) “Нью-Йорк таймс” газетін

Е) “Современник” газетін

11. “Ассошейтед Пресс” ақпараттық агенттігі қай жылы құрылды?

А) 1901ж

В) 1948 ж

С) 1985 ж

Д) 1991 ж

Е) 2000 ж

12.1 Англияның ең көп тиражды басылымын атыңыз?

А) “Тудей”

В) “Таймс”

С) “Сан”

Д) “Трибют”

Е) “Санди Таймс”

13. Нью-Йорк таймс” газетінің жексенбілік қосымшасы қанша бет болып шығады?

А) 4

В) 8

- C) 120
- D) 550
- E) 666

Қазіргі Франция журналистикасы

Франция-Батыс Еуропадағы ең ірі мемлекет, жерінің ауданы жағынан ол Ұлыбританиядан екі есе үлкен. Францияның құрамына Корсика аралы, Жерорта теңізі мен Бискай шығанағындағы ұсақ аралдар енеді. Француз одағы деп аталатын бірлестікке бес шалғай департамент (Кариб теңізі алабындағы Гваделупа, Мартиника, Оңтүстік Америкадағы Гвиана, Үнді мұхитындағы Реюньон, Атлант мұхитындағы Сен – Пьер мен Микелон) және т.б. жатады. Халық саны 64,6 млн адам(1 шілде 2014). Француздар өз елін «гексагон» (алтыбұрыш) деп атайды. Еуропаның батысында орналасқан елдің негізгі аумағының құрылықтағы шекаралары солтүстікте Бельгия мен Люксембург, шығыста Германия мен Швейцария, ал оңтүстік – шығыста Италия және Монакомен, оңтүстік – батыста Испания және Андоррамен шектеседі.

Баспасөз.

Париждегі алғашқы баспаханалар 1470 жылы дүниеге келіп, өзінің бастапқы өнімдерін бере бастады. Ал газет шығару ісі ХҮІІ ғасырда пайда болып, алғашқы газет «Газет Француз» 1604 жылы жарық көрді. Соның ізінше «Французский меркурий» (1611 жылы) дүниеге келді.

1631 жылы Теофраст Ренодо негізін салған «Газетт» апталық газеті ақпараттарының жан-жақтылығымен, әдеби деңгейінің жоғарлығымен, ұзақ уақыт үзбей шығып тұрғандығымен ерекшеленді. Әлемдегі ең алғашқы журнал Францияда дүниеге келген екен. «Журнал де саван» деген атпен 1665 жылы жарық көріпті, соның ізінше, 1672 жылы дүниеге келген «Меркюр галан» журналындағы тақырыптардың жан-жақтылығы, формаларының әртүрлігі, кейбір жанрлардың кездесіп қалуы тұрғысынан қарасақ, қазіргі журналдарға аздап ұқсайтын сияқты. Франция тарихындағы алғашқы жекеменшік журнал Пьер де Шамблен де Маривоның иелігінде «Спектатэр Франсэ» (1722 ж.) деген атпен жарық көрді. Ал алғашқы күнделікті газет «Журналь де Пари» (1777 ж.) дүниеге келген тұста, Парижде 27 газет шығып тұрған екен.

Газеттері.

Францияда газет шығару ісі 17 ғасырда пайда болып, 1604 жылы алғашқы газет «Газет Француз» жарық көрді. Қазіргі таңда Францияда 100-ға жуық апталық басылымдар шығып тұрады. Танымал басылымдары «Пари матч», «Фамм Актюэль», «Элль», «Мари Франс», «Экспресс», «Пуэн», «Нувель обсерватер», «Телесет жур». Сондай-ақ «Фигаро», «Паризьен», «Монд», «Франс-СУАР», «Либерасьон» секілді ұлттық газеттер шығып тұрады.




Олардың ішіндегі ең беделдісі және танымалы 797 мың данамен таралатын «Уэст-Франс» газеті. Балаларға арналған әйгілі Франция журналы «Пиф» комикстер журналы болып табылады. Ол 1969-1993 жылдары және 2004-2008 жылдары аралығында шығып тұрды.

Журналдары.

Қазіргі уақытта Францияда 1000-ға таяу журнал шығады екен. Әлем бойынша журналды тұтыну тұрғысынан француздар бірінші орынды иемденеді.

Әлемдегі ең алғашқы журнал «Журнал де саван» деген атпен 1665 жылы Францияда дүниеге келген.

Францияда әйелдерге арналған журналдар ХҮІІІ ғасырдан бастап шыға бастады. ХҮІІІ-ХІХ ғасырда жарық көрген әйелдер журналдары қазіргі журналдарға мүлде ұқсамайтын, әдеби-ағартушылық альманахқа жақынырақ болды. Алғашқы әйелдер журналдарында дінге қатысты мақалалар басылып, бала тәрбиелеудің мәселелері адамгершілік, азаматтық мәселелерге үлкен мән берілді.



Әйелдер журналдары іштен бірнеше топқа бөлінеді:

- 1) әйелдердің жас мөлшеріне қарай: а) 15-20 жастағы бойжеткендерге, бикештерге арналған; ә) 25-45 жастағы әйелдерге арналған;
- 2) әлеуметтік жағдайына қарай: а) кедейлерге, халықтың жұтаң тұратын тобына арналған; ә) ауқатты адамдарға арналған.

Францияның монополистік топтары.

АШЕТТ тобы. 1826 жылы Луи Ашетт негізін салған. Батыстағы бұқаралық ақпарат құралдары картельдерінің ішінде 5 орынды иеленеді. Франция газет-журналдарының 20 пайызы Ашетт тобына қарайды. Бұл топта 20 мыңдай адам қызмет атқарады.

Р.ЭРСАН тобы. Франциядағы баспасөз монополияларының ішіндегі беделдісі. 1950 жылы Роберт Эрсан негізін салған 18 күнделікті газетке, 9 саяси апталыққа, 10 журналға бақылау жасайды. Күнделікті шығатын ұлттық газеттердің 38%, провинциялық газеттердің 20% иелік етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Францияның баспасөз тарихы.
2. Танымал газеттер.
3. Монополистік топтар.

Тест

1. Франциядағы Елена Гордон Лазаревтің әйелдерге арналған “Эль” журналы қай жылы шыға бастады?

- A) 1780ж.
- B) 1830ж.
- C) 1901ж.
- D) 1945ж.
- E) 1999ж.

2. Францияның ең танымал жекеменшік телеарнасы?

- A) "Франс 2"
- B) "М-6"
- C) "ТД-1"
- D) "ТД-6"
- E) "НТВ"

3. Францияның ең ірі мемлекеттік телеарнасын атаңыз?

- A) "Дойч ТД"
- B) "М-6"
- C) "Франс телевизьон"
- D) "ТД-6"
- E) "Рен ТД"

4. 1945 жылдың қарашасынан бастап шығатын Елена Гордан Лазаревтің әйелдерге арналған журналы қалай аталады?

- A) "Эль"
- B) "Плейбой"
- C) "Лайф"

- D) "Франция әйелі"
E) "Ғалымдар журналы"
5. Францияның әйелдерге арналған "Эль" журналы қай жылы шыға бастады?
A) 1795ж.
B) 1880ж.
C) 1912ж.
D) 1945ж.
E) 1991ж.
6. Франция коммунистік партиясының басылымын атаңыз?
A) "Монд"
B) "Фигаро"
C) "Юманите"
D) "Тан"
E) "Франс суар"
7. Францияның Гавас агенттігі "Морзе әліппесін" қай жылдан бастап пайдалана бастады?
A) 1650ж.
B) 1790ж.
C) 1856ж.
D) 1940ж.
E) 2001ж.

Қазіргі Ұлыбритания журналистикасы

Ұлыбритания-Еуропаның солтүстік-батысында, Британ аралдарында (ең ірісі — Ұлыбритания), Ирландия аралының солтүстік-шығыс бөлігі мен ұсақ аралдарда орналасқан мемлекет. Құрлықтан Ла-Манш (Ағылшын каналы) және Па-де-Кале (Дувр) бұғаздары арқылы бөлінген. Аумағы 244, 11 мың км². Халқы 62,6 млн. (2004), астанасы — Лондон (7 млн.). Халқының 80%-ына жуығы ағылшындар, 15%-ы шотландтықтар, уэльстіктер (валлиялықтар) мен ирландықтар, 5%-ға жуығын Британ Достастығы елдерінен келген иммигранттар құрайды. Ағылшындар англикан мемлекеттік шіркеуі нанымдарын ұстанса, шотландтықтардың басым бөлігі — пресвитериандар, ирландықтар, негізінен католиктер, қалғандары ислам, т.б. діндерді ұстанады. Ұлыбританияда халықтың 89,4%-ы қалаларда тұрады.

Баспасөз.

Баспасөз тарихын зерттеушілердің арасында алғашқы газет (әлем бойынша) Германияда жарық көрген деген пікір бар. Бірақ, Ұлыбританияның Бирмингем кітапханасынан 1606 жылғы «Уикли ньюс» газетінің («Апталық жаңалықтары») 31 қаңтардағы №19 саны табылған көрінеді.

Мамандар бұл газетті басып шығарушы Джефри Чарлтонның, сондай-ақ Лондондағы собордың солтүстік қақпасы тұсындағы кітап дүкенінің иесі Павлдың есімдері көрсетілген деп мәлімдейді.

Жалпы ағылшын баспасөзінің тарихын бес кезеңге бөліп қарастыруға болады: I кезең (1620-1785 жж.), II кезең (1785-1866 жж.), III кезең (1896-1920 жж.), IV кезең (1920-1950 жж.), V кезең (1950 жылдардың ортасынан басталады).

Ұлыбританияның ірі монополиялық топтары.

«Рой Томсон мекемесі» - күнделікті, апталық 60 газетке иелік етеді. Олар Лондонда ғана емес, ағылшын провинцияларында, Шотландияда, Уэльсте, Солтүстік Ирландияда шығады.

«Интернэшнл-наблишн корпорэйшн» монополиясы. Монополия иесі - лорд Нортлиф әулеті. Қазіргі иесі Сесиль Кинг лорд Нортлифтің жиені ретінде, отбасылық бизнесті жалғастыруда. Ол бірнеше баспалардың басын құрап, «ИПК» акционерлік корпорациясын құрған.

«Ассошиэтед ньюспейперс» концерні - лорд Ротермирдің иелігінде. Күнделікті газет «Дейли мейлиді» (тиражы - 1,8 млн. дана), жексенбілік «Уикэндті» (455,1 мың дана), Лондондық кешкілік газет «Ивнинг ньюсті» шығарады.

«Бивербрук концерніне» - күнделікті «Дейли экспресс» (1,98 млн. дана), Лондондық кешкілік газет «Ивнинг стандарт», жексенбілік «Санди экспресс» (2,78 мың дана) газеттері қарайды.

Газеттері.

«The Times»-Ұлыбританияның күнделікті газеті, әлемдегі ең танымал газеттердің бірі. 1785 жылдан бері басылып келеді. Қазіргі таңда «Таймс» газетін «Times Newspapers Limited» басып шығарады. Газет «News Corporation» медиакорпорациясына тиесілі. Медиакорпорацияның бастығы Руперт Мердок. Газеттің жексенбілік нұсқасы - «The Sunday Times».

Көптеген газеттер Таймс сөзін өздерінің аттарына қосып алды, мысалы, американдық «The New York Times», үнділік «The Times of India» және басқалар.

«Таймстің» негізін 1875 жылы Джон Уолтер қалады, редакторы да өзі болды. Ол кезде газет «The Daily Universal Register» (Күнделікті жаңалықтар тізбегі) деп аталған, ал 1788 жылдың 1 қаңтарынан бастап «The Times» деп аталып келеді.

«The Sunday Times»- жексенбілік үлкен қағаз парақты газет, Біріккен Корольдікте шығады. The Sunday Times-ты Times Newspapers Ltd басып шығарады, News-International компаниясының еншілесі, ол, өз кезегінде, News Corporation иегері. Times Newspapers сондай-ақ, The Times-ке иелік етеді, алайда, осы екі газет бір-бірінен тәуелсіз негізделген және бір иегерге тек 1966 жылдан тиесілі. Руперт Мёрдоктың News International екі газетті 1981 жылы алды. Жыл сайын Sunday Times "байлар тізімін" жариялайтын басылым сатылым саны бойынша рекорд орнатады.



The Times әлдеқайда аз таралыммен, ең көп таралыммен шығатын, The Daily Telegraph кейін Корольдіктегі маңызды күнделікті газет болса, ал The Sunday Times сапалы жексенбілік басылымдар нарығында басым позицияға ие; таралымы 1,3 млн дана тиражы, The Sunday Telegraph, The Observer және The Independent on Sunday қатар алғандағы шығарылым санына тең.

«The Guardian» – ұлыбританиялық әйгілі күнделікті газет. Оның алғашқы саны 1821 жылы Манчестер қаласында жарық көрген. Бастапқыда газет атауы «The Manchester Guardian» болған. 1959 жылы Манчестер атауы алынып тасталынды. Себебі ол уақытта газет редакциясы Манчестерден Лондонға көшеді. Басылым либералды партияны қолдайды. Сондықтан оның оқырмандары да осы бағытты ұстанушылар болып келеді. 2005 жылдың қыркүйегінде британдық басылым «берлинер» аталатын шағын форматпен шыға бастады.

Guardian Media Group компаниялар тобына тиесілі.

Журналдары.

«The Banker» - халықаралық қаржыға арналған ай сайынғы мамандандырылған журнал. Баспаға The Financial Times Ltd компаниясы иелік етеді. Лондонда шығарылады. Журнал алғаш рет 1926 жылдың қаңтарында жарық көрді, негізін қалаушы және алғашқы редакторы Файнэншл Таймс (1945-1958) басқарма төрағасы болған Брэндан Бракен болды.

«Guitarist» - Британдық музыкалық журнал. Ең көне еуропалық гитара журналы және Ұлыбританиядағы ең көп сатылатын гитара журналы. Қазіргі таңда (2020) журналдың редакторы Джейми Диксон, оны 2013 жылдың аяғынан бастап басқарады.

«The Economist» - өзекті жаналықтар, халықаралық бизнес, саясат және технологиялар туралы апталық журнал. Алғашқы 12 аптадағы жазылым-20 евро, содан кейін-99 еуродан. MIT Sloan Management Review-mit-те (Massachusetts Institute of Technology) жарияланатын бизнесті басқару жөніндегі зерттеулер мен мәселелер туралы журнал.

Бақылау сұрақтары:

1. Ұлыбритания баспасөзінің тарихы.
2. Халықаралық қаржыға арналған ай сайынғы мамандандырылған журнал?
3. Танымал газеттер.

Тест

1. Ұлыбританияның " Сити Меркьюри" газетінің бағыттын атаңыз?
А) саясат бағыты
В) жастар мәселесіне
С) жарнамалық бағытта
D) әлеуметтік мәселелерге
E) діни тақырыпқа
2. "Ю-Эс- Эй тудей" газеті қашан және қай елде шыға бастады?
А) 1970ж. Франция
В) 1982ж. АҚШ
С) 1990ж. Ұлыбритания
D) 1999ж. АҚШ
E) 2001ж. Германия
3. Ұлыбританияның ірі күнделікті газетін атаңыз?
А) Санди телеграф
В) Дейли телеграф
С) Франс ньюс
D) Сабах
E) Эль Паис
4. Ұлыбританияның алғашқы спорттық газетін атаңыз?
А) "Уикли диспетч"
В) "Дейли ньюс"
С) "Дейли экспресс"
D) "Экземинер"
E) "Таймс"
5. Англиядағы ең көп тиражды басылымды табыңыз?
А) "Тудей"
В) "Таймс"
С) "Сан"
D) "Санди таймс"
E) "Трибют"
6. 2002 жылы қандай Англия басылымына 300 жыл толды?
А) "Дейли курант"
В) "Оксфорт газетт"
С) "Лондон газетт"
D) "Инглиш меркурий"
E) "Обсервер"

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Актуальные проблемы журналистики Азии, Африки, Латинской Америки. М., 1989 г.
2. Қозыбаев С., Рамазанова А., Аллаберген Қ. «Әлем журналистикасының тарихы» А., 1997 ж.
3. Беглов С.И. Монополии слова. М., 1972 г.
4. Беглов С.И. Британская печать па исходе века. М., 1995 г.
5. Зарубежная СМИ. Астана, Евразийский университет им. Л.Н.Гумилева, 2000 г.
6. Желтяков А.Д. Печать в общественно-политической жизни Турции. М., 1972 г.
7. Живейнов Н. Современная пресса Канады. М., 1959 г.
8. Журналистика западно-европейских стран. Л., 1990 г.
9. Журналистика развивающихся стран. М., 1986 г.
10. Законы и практика СМИ в Европе, Америке и Австралии. М., 1996 г.
11. Оразбаев Ф.М. «ХҮІІІ-ХІХ ғ. орыс журналистикасының тарихы» А., 1986 ж.
12. Нода Л.П., Рожков А.В., Тохтахунов З. История мировой журналистики. А., 1997 г.
13. Иностранная печать. М., 1986 г.
14. Назайкин А.Н. Рекламная служба газеты. М., 1996 г.
15. Орехова О. Журналистика Канады. М., 1990 г.
16. Раскрепощенная пресса. ЮСИЯ, 1995 г.
17. Рэндалл Д. Универсальный журналист. А., 1996 г.
18. Зарубежная печать. М., 1986 г.
19. Вопросы истории печати. Свердловск, 1979 г.
20. Барманкулов М.К. Искусство современной информации. А., 1993 г.